

Λ 2017

4369к

Өкім ЖАЙЛАУОВ

ӨЛЕНІМЕН

ӨТКЕН

ӨМІРІМ



Өкім ЖАЙЛАУОВ

ӨЛЕНІМЕН ӨТКЕН ӨМІРІМ



баспасы

Алматы

2017

УДК 821. 512. 122-1

ББК 84 (5 Қаз)-5

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
“Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағатісінің іске асырылу тиімділігін арттыру” бағдарламасы
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару
және тарату” кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

**Ж 65 ЖАЙЛАУОВ Ө.
ӨЛЕҢМЕН ӨТКЕН ӨМІРІМ: Өлеңдер/ Ө.Жайлауов**
– Алматы: Хантәңірі, 2017 - 342 бет.

ISBN 978-601-03-0225-9

Белгілі ақын Өкім Жайлауовтың есімі жұртшылыққа жақсы таныс. Әр қаламгердің өзіндік шығармашылық өрнегі, шебершілік ерекшелігі болады десек, Ө. Жайлауов жырларын оқып отырып көп нәрсеге көз жеткізе аламыз. Оның ақындық алымына, қаламгерлік қарымына, өлеңдерінің қисындық түзіліміне еріксіз ден қоясыз.

УДК 821. 512. 122-1

ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-03-0225-9

© Ө. Жайлауов., 2017
© “Хантәңірі” баспасы, 2017

БІР ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ СӨЗ

Таңертең тұрып терезеден қарасам, қалың қар жауып қалыпты. Алматының кәдуілгі аппақ ұлпа қары ағаш бұтақтарына қонған күйі тамылжып тұр екен. Күннің көзі Алатаудың ақ өркештерінің арасынан сығалап көріне бастаған кезде астана нұр теңізіне, шомып, жаңа жауған көбік қар көзге шағылысып, күмістей жылтылдайды, жібекше үлбіреді. Таң жаңалығы дүниені әдемі сәнге бөлеп бейнебір кіршіксіз тазалық әкелгендей көше тозаңын жуып, көңіл кірін де шайғандай. Әсем дүние мың құлпырғанда мың түрлі сұлу суретін жаймай ма, ол көз алдымызда! Кім сүйсінбейді, кімнің жаны сергімейді ондай суретті көріп?!. Мұндайда ақын емес те ақынша серпіледі. Ал ақын ше?

Ақындардың ақыны – Пушкин мен Абай туған табиғаттың көктемі және гүл шашып, шешек атқан жасыл да жемісті шағын былай қойып, қоңырқай күзінен де, аязды, боранды қысынан да қандай ғажап поэзиялық суреттер жасағанын кім білмейді? Бұлардың табиғат лирикасын оқығанда, біздердің ақын еместердің, жүрегінде ұялаған әлденендей әсерлер оянады, тебірене қозғалады, толқиды. Ол біздің табиғат құбылысынан тікелей алған әсерлеріміз секілді. Данышпан ақынның өлеңін оқығанда әлгі әсерлер салмақты сезімге айналып, біртүрлі жарастық табады, үлкен ой туғызып, сыр ашады. Табиғатты, онда өтіп жатқан өмірді, өмір сүрген адамды енді ақын көзімен көріп, олардың сыр-сипатын сезімтал ақынның айнасы арқылы танитын боламыз. Шынайы поэзияға

сүйсінумен бірге, дүниенің сұлулығын тамаша танытып, рухани тіршілігіне асыл азық берген әзиз ақынға алғыс айта отырып, кейде өзінің “қарның ашады”: Осыны мен неге көрмегенмін, осылай неге сезінбегенмін, өстіп неге айтпадым екен?” — дейсің ішіңнен налып.

Міне, осындай поэзия бізге, қажет-ақ. Сондықтан жан азығы болатын, сергітіп, сезімімізді байытатын, әрі талғамымызды тәрбиелейтін және кеңестік өміріміз бен туған жер табиғатының, коммунистік еңбек иесі совет адамдарының рухани қасиеттерінің сұлулығын сүйгізетін шабытты поэзияның туындысын күн сайын ынтыға күтеміз. Мұндай поэзияның жылт етерінің бәрі поэзия оқушысын шексіз қуантады. Ал енді парықсыз басылатын жасық өлеңдердің жігеріңді құм қылатыны тағы бар ...

Мақаланың басында ала таулы Алматыда жаңа жауған қардан, жаңа шыққан күннен алған жай ғана таңғы әсерімді айтқанда, қайран осындай көріністер нағыз ақынына кездесе ғой деген ой келеді.

Дәл сол мезетте пошта “Социалистік Қазақстан” газетін әкелді. Онда Өкім Жайлауовтың “Шана үстінде” деген өлеңі басылыпты. “Шу, жануар, жұлдыздай ақ” деген алғашқы жолын оқи бастауым мұң екен, өзім шанаға мінгендей сырғи жөнелдім. Сәл сырғанағаннан “сүйген сәуледен” барып бір-ақ шықтым. Бұл өлеңнің соңғы жолы.

Кей өлең оқылмайды. Тартпайды. Зорланасың. Ал мына өлең ондай емес. Бір оқығанда мүдірмей жүгіртіп шықтым, өйткені өлең сырғанақ алаңы сықылды кедір-бұдырсыз. Бірақ мұзайдыны сықылды ол – сұпсуық емес. Салғаннан жүрегің жылып сала береді. Бұл неліктен? Қара дүрсін ойласақ, қыс туралы, боран туралы өлең зәредей боп, қарып тұруы керек емес пе? Жоқ олай емес, ақынның жалынды жүрегінен өткен өлең қарымайды да суытпайды, қайта жылытады, жібітеді. Есіңізде ме,

Бурия мглою небо кроет,
Вихри снежные крутя, –

деп басталатын Пушкиннің “Қысқы кеш” суретінен әуелі салқын бір леп шығатын тәрізденеді де, артынша:

Выпьем, добрая подружка,
Бедной юности моей.
Выпьем с горя; где же кружка.
Сердцу будет веселей.

дегенде ішің жылып жүре береді. Сондай-ақ, Абайдың “Қысында”: “Дем алысы үскірік, аяз бен қар, Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды” деген ызғарлы жолдан кейін.

“Соныға малды жайып,
күзетіндер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл,
бұз қамалды”.

деген жігерлі жолдар қандай қызу, қандай өмірлік күш-қуат құяды бойыңа...

Өкім Жайлауовтың өлеңі де өмірлік лебімен, жылылығымен тартатын сияқты. Мұнда қысқы табиғат құбылысына жұлынды өзек болып табылған қаһарлы қарлы аязда, сақ-сақ күлген кәрі боранда адам өміріне жүректің алыстағы оттай жылтыраған арманы бар.

Тұрса да ұйытқып боран борап,
Айлы түнде қой күзетіп.
Екі көзі төрт боп қарап,
Отыр жарым, мені күтіп.

Қаупі мен қатері көп қыста қоғам малын күту, күзету, ит-құстан, ұры-қарыдан аман сақтау, жұрттан аман алып шығу қандай жауапты, қандай қиын

қызмет! Және қандай қадірлі қызмет! Осындай үлкен постта жауапты міндетін сақшыдай атқарып тұрған жас келіншектің бейнесі көз алдыға келіп тұра қалғандай. Оның үстіне, қой күзеткен келіншек қысқы түнде алыстан жаңада ғана қосылған күйеуін күтсе, бұл жағдайдың романтикасы күшейе түспей ме?! Бұған қарлы аязда түн қатып жүріп шанамен жосытып келе жатқан албырт жүрек жігіттің бейнесі қосылып, бір түрлі тартымды, қызғылықты картина жасап тұр ғой. Өлеңді жеңіл оқытып, одан жақсы әсер әперіп тұрған да осы картина. Оқи сала, алғашқы әсердің екпінімен өлеңнің маған ұнағанын айтып аға ақындарымыз Әбділда мен Тайырға телефон соқтым. Тайыр әлі оқымаған екен. Әбділда өз әсерін табада айтты. Өлең жалпы оған да ұнапты: “ақын тақырыбы мен сюжетін, өлеңдік, ырғақ, мөлшерін, интонациялық орнын тапқан екен” — деді. Сонымен бірге бұл тақырып оның өзін де қытықтап, қызықтырып, жарысқа шақырып отырғанын мойындай келіп, ол өлеңнен екі түрлі мін көрсетті. Бірі – автордың Пушкинге еліктеңкіреп кетуі, екіншісі – қысқы түннің суретінде анықтық жоқ, қайта кейбір бұлдыр қайшылық бар екендігі.

Бұл екеуінде де растық бар. Жас ақынның қысқы құбылысты суреттеуде жақсы үлгіге иек артуы айып емес әрине, алайда ұстазға иек арта отырып үйренуші соқырша жетекке еріп кетпей, өз сүрлеуімен жүріп, өз өрнегін салуы керек. Бұл ретте Өкім Жайлауовтың “Аш бөрідей кейде ұлып” деген образының Пушкиннің “Қысқы кешіндегі”: “То как зверь она завоет” деген үлгіге өте ұқсап кеткенін ақтауға болмайды. Екінші мін – бір көріністе сансыз жұлдызымен жымың қаққан айлы түннің суреті көзге түссе, дәл сол жерде айналаны бүркеген тұманның, сақ-сақ күлген боранның суретін көреміз. Бұл дағы Пушкиннің “Қысқы таң” деген өлеңіндегі:

Вечор, ты помнишь, вьюга злилась,
На мутном небе мгла носилась;
Луна, как бледное пятно,
Сквозь тучи мрачные желтела, —

деген жолдарының нақты мағынасына жетпей, үстір еліктеуден туған кемшілік.

Алайда, осы міндеріне қарамастан, мен Өкімнің өлеңі туралы әуелгі әсерімде қалғым келеді. Әрине, бұл өлеңді мен бір қоспасыз таза меруерт деп отырған жоқпын. Сонда да болса қып-қысқа өлеңде сюжет желісі тартылып, екі бірдей адамның бейнесі жарқ етіп көрінуі, бірін-бірі күткен, іздеген екі жүректің бір-біріне аңсай ұмтылған дүрсілі қысқы түннің аясында сәл ғана көтеріңкі леппен суреттелуі сөз кестесін тілге жеңіл, жүрекке жылы етіп тұр. Сондықтан да ол жақсы оқылады, шанаға мінгендей желпіндіреді. Сондағы ақынмен бірге:

Қандай жақсы кең далада
Шана үстінде құрған серуен.
Қандай жақсы шықса алдыңнан
Құшақ жайып сүйген сәулең, —

дей жаздайсың.

Бас-аяғы жеті шумақ өлеңге мұнша мақала жазғаны несі, деп мені ешкім жазғырмас деп ойлаймын. Бірақ кім біледі, табылып та қалар ондайлар. (Айтпақшы, басқаны былай қойып, былтыр өзімнің сыншы жолдасым-ақ: “мақаланың көлемі сынаған поэманың көлемінен артық шығыпты” — деп ұялтпақшы болғаны бар.)

Әңгіме нақты бір өлең туралы болғанмен, тек сол өлеңнің бағасын беру үшін ғана қозғалып отырған жоқ. Мүмкін, жақсы болып оның жарытары да, жаман болып бүлдірері де шамалы шығар. Ал, бірақ, ара-

гидік те болса кейде жинақтың шығуын күтпей-ақ поэзиядағы, кейбір жеке өлеңдерге де (жақсысына да, жаманына да) көңіл бөліп, жеделқабыл пікір айтудың бүкіл әдебиетке, әсіресе жас жазушыларға дер кезінде демеуі мен көмегі тиеді деп білемін.

Оның үстіне, дәл Өкім өлеңінің қолға іліну себебі, жоғарыдағы айтқандай, Алматының қысқы пейзажына байланысты пайда болған рухани тілекке жауап секілді, оның бір түрлі ұнамды өлең көрінгендігінен де шығар.

Ал, рухани өмірі байыған кеңес адамының күнбе-күнгі сан алуан басқа да тілек-талаптарына жауап боларлық жақсы өлеңдер шығару ақындардың ардақты борышы болса, сол өлеңдерге көз тігіп, құлақ түріп отыру, жақсыны жақсыдай, жаманды жамандай әділ бағалау, сол арқылы үлкен эстетикалық талғам тәрбиелеу – әдебиетке жанашыр бүкіл жұртшылықтың, әсіресе әдебиет сынының айбынды міндеті болып табылады.

*“Қазақ әдебиеті” газеті,
13 қаңтар, 1961 жыл.*

*Өмірден талай жандар өтер,
Біреулер армандарын айтпай кетер,
Менің жазған аманатым
Бала, немере, шөберелердің жүрегіне жетер ...*

ТУҒАН ӨҢІРДЕ

Маған қымбат бұл атырап, бұл мекен,
Мұнда келсем шабыт құсын түлетем.
Мұнда келсем өнікті ойға нәр жиып,
Жүрегімде жыр өркенін гүлдетем.

Мұнда келсем бір масайрап қаламын,
Таза ауасын жұтып туған даланың.
Жаны жайсаң жасы үлкеннен тәлім ап,
Мөрт пейілдің кәусарына қанамын.

Бұл өңірдің маған ыстық бар маңы,
Ой мен қыры, өзені кең арналы.
Маған ыстық ақша бұлтты аспаны,
Қызғалдақтың көктемде гүл жарғаны.

Маған ыстық бұл жердің бар адамы,
Бағышталған игі іске әр қадамы.
Мен солардан қасиет тауып кей кезде,
Еңсем биік көтеріліп қалады.

Мен соларды мерейленем көргенде,
Өнеге алып ой маржанын тергенде.
Мерейленем кішісімен кеңесіп,
Үлкеніне арнап сәлем бергенде.

Содан ба, әлде, келген сайын бұл маңға,
Халайықпен қызық сұхбат құрғанда.
Аруақтанып арқам қозып кетеді,
Айбынданып көзге қораш тұлғам да.

Сонан ба, әлде, бұл жерге өр кез келгенде,
Күмбірлеп күй туындаған кеудемде.
Мұндай сәтте мың түрлі ойға шомамын,
Мұратыма жеткендей боп мен демде.

Өн бойымды бір сиқыр күш кернеген.
Жатсам-тұрсам әсте тыным бермеген.
Туған жерге келген сайын сеземін,
Көп қарыздар екенімді елге мен.

ЖАМБЫЛЫМ

Ұмытқам жоқ, бәрі есімде, жадымда,
Кең көшемде ойнақ салып өткен күн.
Жылу берген, жалын берген жаныма,
Жарқын жүзбен күлімдеген көктемім.

Ұмытқам жоқ, жарқыл қағып жайрандап,
Жастық құрбыммен бағында абат сайрандап,
Толқын атқан кеудемде әсем сезімді.
Жасыл қалам, жақсы қалам Жамбылым,
Сүйсінтетін гүлің бүрін жарғанда,
Сейілтетін көңіл мұңын жаңбырдың.

Неге ұмытам, мынау қызық тірлікте,
Жаз дәуреннің тамашасы дүрлеген.
Жастық жігер тасқын күшін іріккен,
Жүрегімнің алау отын үрлеген.

Неге ұмытам, басталған бір кеңседен,
Менің алғаш еңбектегі қадамым.
Алған тәрбием, үлгі-өнегем көп сенен,
Өлең жазып ұшталды өткір қаламым.

Тізе берсем, зулап өткен жылдарда,
Тағылымың маған берген аз демен.
Әйтсе дағы, жасық туған жылдарға,
Көп уақыт жұмсағанға мәз де емен.

Құшағында қызық күнді өткердім,
Құштардықпен сәби сүйіп, жар құшып.
Еңбегімнің сый-құрметін көп көрдім,
Қай істе де қатарыммен жарысып.

Сертімді ақтап, не боп зор сенімге,
Партияның мүшесі мен атандым.
Сапқа тұрды, сөйтіп ұлы шеруде,
Қарапайым бір солдаты Отанның.

Туған қалам, ұмытпай мен мәңгілік,
Жақсылықты маған талай жасаған.
Күнсаянда өткен күнді сағынып,
Кейде еріксіз көзіме ыстық жас алам.

АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ

*Жамбыл облысының Талас ауданында 55 адам
Социалистік Еңбек Ері атанған.
Солардың құрметіне аудан орталығы – Аққөл
селосында ардагерлер аллеясы ашылды.*

Таба білген істің дұрыс шешімін,
Айта білген сөздің тура кесімін.
Ұмытпайды ел қызмет етіп қалтқысыз,
Құрмет құшқан ерлерінің есімін.

Қияға асқан қайырды боп қадамын,
Қиыр шекке келеді әр кез қарағың.
Туған халқы қастерлейді ардақтап,
Еңбегімен бағы жанған адамын.

Көпке өнеге игі істері олардың,
Мәрт кісіге бойкүйездік болар сын.
Біледі әркім биіктерден биікке,
Шырқап шығып қырап ғана қопарып.

Қашан да жұрт жампоз жанды мақтаған.
Қай кезде де сабырлықты сақтаған.

Ерлер ғана абыройға ас боп,
Ел үмітін екі етпестен ақтаған.
Қиялы іске белін буған жасынан,
Адамдардың асқақ даңқын көтерген
Ардагерлер аллеясы ашылған.

Тайқымаған тар кезеңде ер серттен,
Гимн етіп шаттық күйін ел шерткен.
Бұл аллея — тамашасы тағлымның,
Аға ұрпақ жас ұрпаққа көрсеткен.

Ер даңқы еңбегімен көпке еткен.
Жер даңқты ризығымен кенелткен.
Бұл аллея – ескерткіші ұлы істің,
Туған елдің көсегесін көгерткен.

ҮШАРАЛ

**Үшарал. Лақ. Кемпір жайлаған жер.
Қаңтарып қаракөкті байлаған жер.
Көзіме оттай ыстық басылады,
Фермада құрбылармен ойнаған жер.**

(Ел ауызындағы өлең)

Кіндік қаным тамған жер, Үшаралым,
Көңілге ыстық, көзге ыстық бар алабың.
Құмдағыңның төсінде асыр салып,
Қамысыңды ну қалың араладым.

Аймағың кең сан қилы сағым құшқан.
Аспаныңда қыран құс самғап ұшқан.
Көкейімде тұрады кейпің күліп.
Сезім тасып толқыған сағыныштан.

Қызық толы қырыңда, еңісінде,
Ерлерің көп даңқты ел ішінде.
Үлкеннің де, кішінің үлесі бар,
Ұлы еңбектің мәуелі жемісінде.

Ұшқыр қиял қанатын қақтырмасам,
Жүрек отын лаулатып жақтырмасам.
Тірлігімнің құны не, сағынғанда,
Туған жерге ат ізін сап тұрмасам.

ҰШҚАН ҰЯМ

*Жамбыл облыстық «Еңбек туы»
газетінің коллективіне*

Көкейге түйген жастан сырын көптің,
Қияға қанат қаққан бір түлекпін.
Шабыттың шағаласын шарықтатып,
Кеудемде күй қоздатып, жыр түлеттім.

Күлімдей өтті өзіңде көп күндерім,
Жігіттік албырт шағым, көктемдерім.
Жарады аз да болса қажетіңе,
Менің де қосқан үлес, төккен терім.

Оң сапар тілеп алғаш қадамыма,
Таяныш тауып таудай талабыма.
Қарадың қабағыма қамқор көзбен,
Қарымды серпін беріп қаламыма.

Көп әсер қалды есімде өткен күннен,
Жұлдызы бақытымның көкте күлген.
Жұмыстың жұсап талай қиынына,
Шығардың шыңдап еңбек мектебінен.

Жүрекке жетпесе де сөзім бірден,
Өмірді өлең еттім өзім білген.
Елжіреп көз алдыма елестетем,

Жалындап жүрген жастық көзімді мен.
Шат күндер аулап көктем гүлін құшқан,
Алыстап артқа қарай жыл жылысқан.
Сағынып кей сәттерде еске аламын,
Саялы ұямды ұшбу түлеп ұшқан.

КҮНДЕ ӨЗІҢМЕН СЫРЛАСАМЫН

Өлең атты лұғаттыда,
Сыйынатын пірім – Абай.
Жылатты да, жұбатты да
Жамағатты жырың талай.
Оқып ғажап шығармаңды,
Аруағыңды ардақты еткен,
Өз бейнеңе мұңды, арманды,
Тағзым етем мархаббатпен.
Қалың қайғы құшыпсың ғой,
Көзіңде де дүр шағыңның.
Қара терге түсіпсің ғой,
Қамын ойлап ұрпағыңның,
Мансұқ қылып тұл заманда,
Шегіп ауыр михнатты,
Жұтыпсың ғой у мен зарды,
Қапаланып кейде қатты.
Елім депсің, жұртым депсің,
Көз жұмып сен кетеріңде.
Бұзылмасын шырқың депсің,
Көп ой сақтап қаперіңде.
Үн қатасың, тіл қатасың,
Өңімде де, түсімде де,
Арманды ізгі тыңдатасың,
Үлкенге де, кішіге де.
Қараңғыны қақ айырып,
Жанып өткен жалын едің.
Қиын-қыстау шақта айырылып

Қалған далаң, халқың, елің.
Туған далаң – зор кітаптай,
Бар сырыңды баян еткен.
Жолданылған жырың-хаттай.
Ұрпағыңа аян көптен.
Елің – ұлы ғұламадай,
Жазып жатқан жаңа дастан.
Қастерлеген шұғыладай,
Өзің сынды дананы асқан.
Халқың – зерек оқырмандай,
Өркені өскен өреніңмен.
Сұбхат құрып отырғандай,
Күнде
Өсиет-өлеңіңмен...

ЖАР СӨЗІ

Музыкасы: Н.Тілендиевтікі
Сөзі: Ө.Жайлауовтікі

Аспанның жабығынан ай қараған,
Сыбырласып самал желі аймалаған.
Жазғы кеш құшағында күлімсіреп,
Сырыңды айттың алғаш айнамаған.

Жас өмір жалт-жұлт еткен жалаулатып,
Арманның ақ қарына алды аунатып,
Тұтатып жүрегіңнің жалынымен,
Жанымның отын жақтым алаулатып.

Наз айтқан көкейіме сөзің қонып,
Құйылған кеудеме ыстық сезім толып.
Жас дәурен жайраңдайды жарқын жүзбен,
Өңімде, түсімде де өзің болып.

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗДЫ АДАМ

*Социалистік Еңбек Ері
Әбдір Сағынтаевқа*

Мен сізді білуші едім бала кезден,
Шопан боп бағып қойды дала кезген.
Жігіттің серісіндей көрінуші ең,
Жұп болып Құндыз сынды қаракөзбен.

Уақыттың ұқтыратын сыры әрқалай,
Құбылған бір күн олай, бір күн былай.
Мезгілдің ауыр жүгін мойныңа артып,
Зымырап өтті зулап жылдар талай.

Даңқтың оңай тиген төрі кімге,
Бес төктің маңдайыңның терін күнде.
Сомдалып шыққан оттан шарболаттай,
Шыңдалып өстің еңбек көрігінде.

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗДЫ АЗАМАТ

Көрдім сенің еңбегіңнің жанғанын,
Мейіріңнің бал шербатқа қанғанын.
Тұрлаулы істің табамын деп түйінін,
Тәуекелшіл талабыңнан танбадың.

Көрдім сенің мәртебеңнің өскенін,
Бақытыңның жұпар желі ескенін.
Көп алғыстан көсегеңнің көгеріп,
Көңіліңнен кірбің-бұлттың көшкенін.

Қысы-жазы қоғам малы баққаның,
Құрмет құшып, зор абырой тапқанын.
Жарты әлемге жария еткен атыңды,
Жарқыратып Алтын Жұлдыз таққаның.

Көрдім сенің айың оңнан туғанын,
Берекелі іске белді буғаның.
Көрдім сенің бақ түнеген аулыңнан,
Күнде қызған дүбірлі еңбек думанын.

ӘКЕ

Сонау жылы күздің тымық кешінде,
Сұхбат құрған ұмытпас сәт есімде.
Шешіліп сыр шертіп едің, ауылдың
Жанындағы құмдақ төбе төсінде.

Жарқыл қаққан жанарында жайнап нұр,
Күмбірлеген көкірегінде сайрап сыр.
Малдас құрып отырдың да қасымда
Ақылыңды айтып едің жайлап бір.

Көргем талай өзіңдей қарт дананы,
Еңбегімен құтты болған қадамы.
Көргем талай өз жандарды ойы ізгі,
Гүлге бөлеп көркейткен бұл даланы.

Жарқын заман әр үйге әкеп ырысты,
Адам көңілі шұғылалы нұр құшты.
Туған елдің ерлері ғой өзіңдей,
Жасап берген бүгінгі шат тұрмысты.

Жанға медет тұтқан жалғыз балаң ем,
Бір өулеттің бақытына балап ең.
Қызмет бабы аттандырған сапарға
Жүрерімде қимай үнсіз қарап ең.

Қимасаң да қолымды кеп алып ең,
Елжіреген жүзбен назар салып ең
Құлағымда қоңыр үнің қалды ұйып,
Қош-қош айтып үй қасында қалып ең.

Содан бері зулап талай жыл өтті,
Өмір сансыз өрендерін түлетті.
Жоқсың бүгін сағыныш-дерт меңдетіп,
Мұнды бір ой сыздатады жүректі.

Көңіл шіркін кейде құмыр бұлбұл құс,
Дүниедегі өзгерген бар құбылыс.
Қасиетті қабіріңе бұл жырым,
Барып салған топырағым бір уыс...

МӨЛДІР ҚАЙНАР

Бүлк-бүлк қайнап су атқып жер көзінен,
Бойында ерен бір күш барын сезінген.
Таңсық көріп тамашалап тұрамын,
Табиғаттың төні иіген кезін мен.

Арна тартып сарқылмайтын бастаудан,
Мөлдір бұлақ тіршілігі басталған.
Қос кемерін көркем етіп көмкерген,
Қаулап өскен жасыл құрақ, жас қаудан.

Қойнау сайдан шапшып көкке атылған,
Кәусар суын тазарған бал татыған.
Ыстық күнде қатты кеуіп таңдайың,
Шөліркеп кеп ішкенде бал татыған.

Қайнар көзін табамын деп қай маңынан,
Қанша кісі сапарға алыс сайланған.
Туған жердің таусылмайтын құт-нөрі
Тіршіліктің ризығына айналған.

Тұла бойын күш кернеген серпінмен,
Мерейі өсіп, мейірі тасып желшінген.

Адам ғұмыры табиғатпен тағдырлас,
Кеудесіне сезім толқын көлкіген.

Мұңайғанда шаттық күйін тілеткен,
Қуанғанда шабыт құсын түлеткен.
Адам көңілі мөлдір бұлақ іспетті,
Тылсым сыры қайнап шыққан жүректен.

МӘРТ АДАМДАР

Қаймықпаған тар жол, тайғақ өткелден,
Қилы күнді бастан талай өткерген.
Жомарт жанды, ер көңілді адамдар
Жақсыны да, жаманды да көп көрген.

Олар бағын қысылшаңда сынаған,
Елге сыйлы еңбегімен ұнаған.
Нардың жүгін көтергенде кей кезде
Қабырғасы бір қайыспай шыдаған.

Тағылымы мол үлкенге де, кішіге,
Көптің көңілі көншитұғын ісіне.
Қамқор болып кәріптерге, зәредей
Әсте залал жасамайтын кісіге.

Батыр дерсің жекпе-жекке шығатын,
Балуан дерсің қарсыласып жығатын.
Ұшқыр ойы, зерек ақыл-зердесі,
Көкейдегі сырыңды айтпай ұғатын.

Жебеушің боп, демеушің боп жүретін,
Тез табатын қиын істің ретін.
Ғалым дерсің көп оқыған ғұлама
Арғыны да, бергіні де білетін.

КҮМІС ТОЙ

Уақыт қандай ұшқыр заулап зулаған,
Нұрлы дүние көлінде құс шулаған.
Тіршіліктің күнде қызып базары,
Жас дәуреннің думан-тойы дулаған.

Жылдар қандай жүйрік жүйткіп тынбаған,
Адамды алыс жолда сынап шыңдаған.
Шадыман жұрт қуаныш күйін қоздатып,
Шаттық әнін мерейленіп тыңдаған.

Мезгіл сыры таусылмайтын жыр-дастан,
Мейрімменен күлімдеген нұрлы аспан.
Кеше үйленген жұбайлардың қызығы
Бүгін күміс тойына кеп ұласқан.

Тұла бойды кернеген күш-қуаттан,
Кісі өлденіп жүк көтерген мың батпан.
Қосағымен қоса ағарған қос тағдыр
Құтты болған қадамымен қуантқан.

Жан садаға жақсы көрген жолдастан,
Аршындаған адымымен алға асқан.
Шын достықтың қызық ғұмырын ұзартып,
Мұратқа асыл ізгі тілек жалғасқан.

Кім табынбас сүйікті адал жарына,
Қиын күнде жалау болған жанына.
Сансыз рет сағынышпен көз тіккен,
Махаббаттың арайлы әппақ таңына.

Серт сөзіне әр кез назар аударып,
Сақтай білген жүрек сырын жауһар ғып.
Күміс тойын өткізгендер дүрлетіп,
Алтын тойға жетсін аман-сау барып!

АНА

Жарық дүние жылда түлеп жасарған,
Жауһары мол жиһазымен жасаған.
Туған жердің ажар-көркін кіргізген,
Дарқан дала, жайқын өзен, жас орман.

Өмір гүлдеп жайқалдырған өркенін,
Қызғалдақтың өрлеп әсем, көркемін.
Асыл арман асқарына көз тіккен,
Адам болжап болашағын, ертеңін.

Арайлы таң шашағын нұр жалғаған,
Шырайлы күн дидарын кір шалмаған,
Жылдар жүгін артқан уақыт-керуен,
Шартарапты кезіп тынбай шарлаған.

Көңіл көлі көктемде асып кемерден,
Көркем сипат тапқан өңір көнерген.
Табиғаттың талай құбылысы өзгеріп,
Тіршіліктің көсегесі көгерген.

Игі істерден мол ризық жаралып,
Ізгі ойлардан зор өнеге таралып.
Мәртебесі биіктеген адамның,
Жан дүниесі парасаттан нәр алып.

Бұл ақиқат әмбеге аян бұрыннан,
Таныс көпке талай ақын жырынан.
Өмірдегі бар жақсылық өрбіген,
Ана сүті, Жер сөлі, Күн нұрынан.

Сарсаң қылған қилы жолдың бұлтаңы,
Қиын көздің борасынды бұрқағы.
Ана барда, дүниеде ең ардақты —
Адамзаттың өсіп-өнген ұрпағы.

Жаңа заман өрендері өскелең,
Бақ-дәурені бастарынан көшпеген.
Ана барда — тіршіліктің тірегі —
Жақсылықтың жаққан оты өшпеген.

Қолы жетіп арманына түү алыс,
Адам көңілі лезде тапқан қуаныш.
Ана барда — ұлы өмірдің киесі,
Баршаға ортақ — бақыт, қызық, қуаныш...

ӨСКЕН ӨЛКЕ

Дарқан далаң оянған дүр сілкініп,
Кеудесінде ғаламат күш бұлқынып.
Жайсаң өңірің жасыл желек жамылған,
Жаңа өмірдің шұғыласымен құлпырып.

Асқар тауың көзге алыстан шалынған,
Арайлы таң шапағына малынған.
Өскен елің өшпейтұғын от алған,
Октябрьде алаулаған жалыннан.

Шат көңілдің күйі тасып кемерден,
Шадыман жұрт ризыққа кенелген.
Өркен жайып тәлімі мол өнеге,
Жақсы салтпен жаңарды әдет көнерген.

Қияға алыс самғап қаққан қанатын,
Қыраның көп кейпіне таңғалатын.
Жасампаздық туын биік көтеріп,
Жақсылықтың күнде құрған санатын.

Жоқшылықтың жібін шешіп күрмеген,
Берекелі ел тойын тойлап дүрлеген.
Игіліктің құнарынан нәр алып,
Жапан дүздің жауһазыны гүлдеген.

Жетісуым, ен дәулеті тасыған,
Жақсы адамның бақ таймаған басынан.
Еңбегімен аты шыққан ерлерің
Даңққа бөлеп, мәртебеңді асырған.

АЛМАТЫМ — АСТАНАМ

Республика туын көтеріп,
Астанам болған қала бұл.
Кешкілік мың сан от өріп,
Құлпырған бақта лала гүл.

Көркіне сәулет үйлесіп,
Келбетін өрлеп сөндеген.
Көшесі кеңіп, үйі өсіп,
Нұр шамы түнде сөнбеген.

Бақ құсы басқа қонақтап,
Тасыған мерей күлкімен.
Қосылған қайта санатқа,
Жақсы салт қалған ілкіден.

Шалқыған шаттық гимндей,
Мезгілдің жаңа туды өні.
Көңілдің дарқан күйіндей,
Таусылмас қызық думаны.

Жарасқан өмір бар нәші,
Жасампаз халық жасаған.
Арманымның ақ ордасы —
Алматым — алтын босағам.

ЖАМБЫЛ МУЗЕЙІНДЕГІ ОЙ

Жүректерде жатталып жырың бүгін,
Төккен өшпес жарығын, жылылығын.
Шат заманның мадақтап шарапатын,
Дәріптедің дәуірдің ұлылығын.

Бірге қайта жасарып еліңменен,
Бірге түлеп жаңғырған жеріңменен.
Шарлады ойың шарқ ұрып шартарапты,
Сар даланың сырласып желіменен.

Туған елге даңқыңды танытты өлең,
Тынбай толғап шығарған шабытпенен.
Жүзге дейін ақиық жыршы атанған,
Пір тұтамын өзіңдей алыпты мен.

Туындыңнан танытып жыр мінезін,
Толқын атқан кеудеңде сырлы сезім.
Ешқашан да ескірмес ескерткіштей,
Туып-өскен жеріңде тұр күмбезің.

АЛАТАУ

Жарқ-жұрқ еткен күміс қарлы күмбезі,
Себелеген нұр сәулесін Күн көзі.
Сәтте өзгеріп, лезде сан құбылған,
Алатаудың алмағайып мінезі.

Ақша бұлтты әлдеқайдан жиып кеп,
Асқар шыңды аймалаған сүйіп көк.
Ойы аласа кейбіреудің құтын ап,
Тау тұлғасы кеткендей тым биіктеп.

Алау жағын атқанда таң арайлап,
Шұғылаға шомылады бар аймақ.
Қыранға ұқсап қос қанатын қомдаған,
Құзар шоқы төңірекке қарайлап.

Көктемдегі кимешегін шақ көріп,
Ақ қайындар бұрымдарын апты өріп.
Асау бұлақ жарып ағып шатқалды,
Бұрқ-сарқ тасып аспанға атқан ақ көбік.

Кең дүниенің келбетіне сүйінген,
Қарлы шыңдар өппақ киім киінген.
Жарқын жүзі кейде қатты сұстанып,
Қатуланып қабағы қарс түйілген.

Кейде адамдай тұрған терең ойланып,
Томсарады үнсіз тілі байланып.
Кейде шыңдар кетеді жұрт сиынған
Аруақты өз бабаға айналып.

ҚАПШАҒАЙ ТЕҢІЗІ ЖАҒАСЫНДА

Теңіз үсті ырғалып,
Әзер басқан демігін.
Асау толқын бұрқанып,
Аспанға атқан көбігін.

Шағалалар шарқ ұрып,
Судың бетін шарлаған.
Шабақтарға шаншылып,
Жемін тосып қармаған.

Жас қала орнап жағада,
Жасыл желек жамылған.
Таңырқап жұрт қараған,
Жапан дүзге жаңғырған.

Жайсаң жандар көркемдеп,
Туған жерді түлеткен.
Өмір бағы өркендеп,
Өзгеше бап тілеткен.

Жайсаң жандар өнері,
Гүл жайнатқан ен дүзді.
Толқындатқан кемерін,
Қолдан жасап теңізді.

Жайсаң жандар ерлеген,
Табиғатты табынтып.
Дала төсін зерлеген,
Нұрдан алқа тағынтып.

ТАЛДЫҚОРҒАН

Жетісу жаннатындай
Жас қала – Талдықорған.
Сөңіңе сөулетің сай
Жайнаған жаңа ордаң.

Көшеңді көп аралап,
Көркіңді көрдім көркем.
Игілік жұртқа тарап,
Ізгілік жайған өркен.

Серуендеп сейіл құрдым,
Гүлденген бағыңда әсем.
Шешіліп шертті сырын,
Шежірең сөйлеп шешен.

Талайдан тағылым болған,
Тарихың сенің бөлек.
Таусылмас аңыз толған,
Ерлігі елдің ерек.

Жалаулар желбіреген,
Алқызыл алаңдарың.
Аршындап алға өрлеген,
Ардагер адамдарың.

ШАҢДОЗ ШОПАН

*Алматы облысы Кеген ауданындағы
«Қарқара» совхозының шопаны,
Социалистік Еңбек Ері
Жолсейіт Молдасановқа*

Қарқараның ой-қыры толған түлік,
Түн ұйқыңды төрт бөлген толғандырып.
Туған елің бек риза саған бүгін,
Тұғырында даңқтың тұрған күліп.

Көп сый көрдің ісіңнің өнгенінен,
Сыр бермедің сертіңе сенгеніңнен.
Абыройға бөленіп, құрмет көрдің,
Ұлы Отанға сіңірген еңбегіңмен.

Ер едің ел бағына туған ерен,
Еңбек тойын дүрлеткен думанменен.
Тәлімі мол үлгілі өнегеңнен,
Тағлым алып жолыңды қуған өрен.

Мақтан еткен ісінді халқың көптен,
Шартарапқа жайылып даңқың кеткен.
Жаңа өмірдің қаулатқан жас өркенін,
Шұғыласын мол төккен жарқын көктем.

Берекеңді кіргізген баққан малың,
Бақыт сыйын білгізген татқан балың.
Мұрагерің ұстады ақ таяғыңды,
Жастық жігер бойынан атқан жалын.

Өмір сәні көркейген сәулетімен,
Ел мерейі тасыған дәулетімен.
Шырқап даңқын өрлеткен өзіңе ұқсап,
Шандоз ерлер шопандар өулетінен.

ШОҚАН ЕСКЕРТКІШІ ЖАНЫНДА

Таққанмен пагон оқалы,
Болғанмен бектік тегінде.
Қазақтың сенсің Шоқаны,
Жұлдыз боп жанған көгінде.

Теңгерген көпке жалқыны,
Не қымбат туған Отаннан.
Қан құстың ойлап халқыңды,
Бұратана ел атанған.

Татымы тапшы қорегін,
Талғажау қылып күн кешкен.
Бостандық, білім керегін
Білсе де көзге ілместен.

Михнатты не бір өткеріп,
Сол халқың бүгін ту тіккен.
Еңсесін биік көтеріп,
Қоштасқан күйкі тірлікпен.

Сол халқың бүгін қарайды,
Жаудырып саған алғысты.
Ізгі ойың таңдай арайлы,
Шарлады даңқың алысты.

АЛТЫНЕМЕЛ АУЫЛЫ

Омархан Көнекбаевке

Ақ жаңбыры жауа тұғын нөсерлеп,
Абат баққа ұласатын көше өрлеп.
Алтынемел ауылымен танысып,
Алып қайтқан, түйіп қайтқан әсер көп.

Бір жағы — еңіс, бір жағы — тау мұнартқан,
Күміс аспан айна төсін жаңартқан.
Мөлдір сулы, жасыл нулы жайлауын,
Келген адам бір көруге құмартқан.

Көңілге ыстық таныс жердей бұрыннан,
Көкжиектен сағым-перде сырылған.
Жанға жайлы бір жылылық сезесің,
Бұл араның әр тұсы-ойы, қырынан.

Жақсылықтың қанат жайған өркені,
Жалқынданған гүлдің әсем, көркемі.
Бұл ауылдың сүйсінесің көркіне,
Бұдан нұрлы, бұдан жарқын ертеңі.

Сыр тоқыған таңғажайып тылсымнан,
Сүрінбеген мың тосқауыл, мың сыннан.
Бұл ауылдың мәртебесін көтеріп,
Адамдары ерлік іске құлшынған.

АҚЫН МУЗЕЙІНДЕ

Ілінген қабырғаға,
Тозыңқы көне сурет.
Түнеріп ақын аға
Түсіпті ең соңғы рет.

Сыпырған томағасын,
Қыранға кейпі ұқсаған.
Шалт сілкіп толқын шашын,
Шабытты күй аңсаған.

Тылсымнан сүйрік тартқан,
Тұнғыық сыры терең.
Құйғытып құйындатқан,
Дүлдүлі жырдың ерен.

Толғамды сөзіменен,
Толғантқан тебіrentкен.
Серпілтіп сезімді өлең,
Еліткен, еміrentкен.

Қысқа боп ғұмыры өткен,
Ұлы ақын Ілиястың.
Дүрлеткен, дүбірлеткен,
Жыры – ағын, күйі – тасқын.

ЕШКІМНЕН, БАЛАМ

Ешкімнен, балам, демеймін сені кем едің,
Өзіңді бір сәт, кісіге мықты теңедім.
Сайланып өмір арбасын мініп жөнөдің,
Арысы сынып қалады жолда демедім.

Санатқа кірдің, санамаң төмен өзгеден,
Мерейің үстем, мақсатқа жетсең көздеген.
Дүние сырын көкейге тоқыр кезде сен,
Ақымаққа ұқсап жүрмегей түк сезбеген.

ҚИЯҒА АЛЫС

Қияға алыс, жол-сапар шегіп келемін,
Қалдырып артқа көп жердің еңіс, белеңін.
Қызықтап шексіз ойлардың өсем әлемін,
Қыруар сырға кенелген аз-кем өлеңім.

Жүйрікке жарау, жексем де өмір арбасын,
Діттеген жерге белгісіз барар-бармасым.
Әйткенмен өтеп мезгілдің парыз-жарнасын,
Үзбесем деймін алдағы тірлік жалғасын.

КЕЛДІМ МЕН ДЕ ЕЛУГЕ

Келдім мен де елуге – биік белге,
Екпінімен жылдардың жүйткіп демде.
Кештім бастан қилы күн қиындығын,
Қызмет қылып өлімше сүйікті елге.

Аз өткем жоқ өмірдің өткелдерін,
Гүл сыйлаған күлімдеп көктемдерім.
Босқа зая болмаған шығар деймін,
Еткен еңбек, маңдайдан төккен терім.

Тындырғаным тірлікте көп демеймін,
Кетті өкініп дыр-думан өткен кей күн.
Шалқып текке жүрсем де болмашыға,
Шебімді алған ал қазір шектемеймін.

Жүрген жолым дей алман төте менің,
Мұрат тұтқан межеге жетем дедім.
Бір әжетке жараса аз-кем жырым,
Борышымды мен де ептеп өтегенмін.

ЖАЙНАП ДАЛА

Жайнап дала қыс көрінен қыңбаған,
Жадыраған мезгіл күйін тыңдаған.
Күмбір қағып кеудесінде көк толқын,
Күміс бұлақ тулап ағып тынбаған.

Көктемнің нұр-шұғыласына бөленіп,
Кең дүние қалды ризыққа кенеліп.
Туған жердің тұла бойы бусанған,
Жас өркені қаулап өскен мол өніп.

Құлпырды қыр желкілдеген гүл шығып,
Масаттанған адам көңілі құлшынып.
Жаз дәуреннің жәрмеңкесін қыздырды,
Баршаға ыстық базарлы өмір, тіршілік.

АЗ ЕМЕС АҢСАҒАНЫМ

Аз емес аңсағаным, көздегенім,
Аз емес ұқпағаным, сезбегенім.
Аз емес қиындыққа төзбегенім,
Икемге келе бермес сөз дегенің.
Өлеңде бола бермес өз дегенің.

Көп демен бітіргенім, тындырғаным,
Көп демен дүрлеп думан күң құрғаным.
Аңдамай алдымда ауыр сын тұрғанын,
Атымның басын ерте мен бұрмадым,
Сондан ба, аз болып жүр тындырғаным.

ШАЛҚЫП БІР КӨҢІЛІҢ ТАСАТЫН

Шалқып бір көңілің тасатын,
Шабытың келген кез қандай!
Жаныңның құлпын ашатын,
Жүрекке ыстық сөз қандай!

Туындап содан әңгіме,
Келеді кеңес өрбіген.
Құрысқан бойың әлгіде
Құлшынып лезде сергіген.

Жақсы сөз ұйып тындаған,
Кісіні баурап алатын.
Мақтаған, яки сындаған,
Пікірге қозғау салатын.

Керегің содан табылып,
Есіңе оңай түспеген.
Іздеген талай сабылып,
Ойыңды кемшін үстеген.

Мазмұны, мәні өзгерген,
Ұғынған жанға, задында.
Жарасым тапқан сөз ерек,
Жатталып қалған жадында.

ОЙЛАР

Жұбым бір, өмірім бір өлеңменен,
Жұртыма қарызым көп төленбеген.
Ынтық қып әдемі ойлар ғашық еткен,
Кербездей көз алдымда көлеңдеген.

Тірліктің қай күйбеңі сезілмеген,
Тебіренем кейде қилы сезімменен.
Зәуеде басқа түскен тауқыметті,
Көтеріп келем ширап төзімменен.

Толғанып бұл бір айтар сөзім деп ем,
Толқындай сапырылған сезім деген.
Кемелдік көрсетпеген кейпім нешік,
Ержетіп ес тоқтатқан кезімде мен.

Ойым көп жұптаған да түгендеген,
Ойым жоқ оны ешкімнен бүгем деген.
Қайда да жеткен адам діттегенге,
Арманның сөйгүлігін жүгендеген.

Дүниенің барлық сырын білем демен,
Жосықсыз пәлен деген, түген деген.
Қайратсыз, қарекетсіз ғұмыр кешіп,
Қиын-ау талабыңнан түк өнбеген...

КӨКТӨБЕДЕ

Дүние қандай шырайлы көктемеде,
Мөлдір аспан – шар айна, көк тегене.
«Ауыл» қонып, ақ шаңқан отау тіккен,
Алматының жанында Көктөбеде.

Ғайып болып қатыгез қысқы сыйық,
Күн сәулесі жер төсін құшты сүйіп.
Жаңа қызған жас дәурен базарындай,
Думан толы шоқының үсті биік.

Тұрсаң қарап көз тігіп сол арадан,
Алатаудың шыңына сәлде ораған.
Қайран қалып көркіне Алматының
Сымбатынан сұлулық, сән тараған.

Жасыл мекен ғажайып жайға ұласып,
Жан сүйсінген Медеуден айдын ашып.
Жақсы ажармен жас қала жарқ-жұрқ еткен,
Даңқы алысқа жайылып айбыны асып.

Керемет жоқ болса да асқан мұнда,
Көз құмарың қанғандай қас қағымда.
Әсем ойлар тербетіп қиялыңды,
Көңіл күйің шалқыған хош, бабында.

Қымбат көрмес сүйікті кім қаласын,
Сияпатын дәріптеп құп аласың.
Жеке отау боп, астанаң ту тіккенге,
Шүкірлік ғып ішіңнен қуанасың.

Туған жердің құзырлы кең құшағы,
Күнде аймалап самалы мың құшады.
Көңіліңнің күмбезін нұрландырған,
Көктөбенің жарқырап түнгі шамы.

АРАЙЛЫ ШАҚ

Өмірдің үні өктем,
Дидары жарқын маған.
Көңілімнің гүлі көктем,
Жанымда от жарқылдаған.

Марқайып өсемін мен,
Биіктеп кешегімнен.
Шығыстан арайлап таң,
Шапағын шашқанда Күн.

Шұғылалы шырай тапқан,
Арылып аспаннан мұң.
Сонда мен бір жасаймын,
Күш беріп нұр, жас айбын.

Адамдай ғашық көптен,
Жарық ай жас келбетпен,
Толықсып туған шақта.
Толғанып тебіренем,
Түйдектеп төгіп өлең...

СӨЗ

Жанарыңнан жас ытқытып,
Қуантып та мұңайтатын.
Шындығына бас шұлғытып,
Жөнсізіңе сын айтатын.

Қай қиынға салсаң қайрап,
Алмас қылыш құралындай.
Жататұғын жауың жайрап,
Өткірлігі мір оғындай.

Жазатұғын мол шипасы,
Нендей ауыр жараңды да.
Жарқыраған шұғыласы,
Қапас түнде, қараңғыда.

Қам көңілді жебеп, демеп,
Шалағайды ширататын.
Сиқыр күші ерен ерек,
Тас қамалды қирататын.

Талмас ұшқыр қанатымен
Болады алыс зымырауға.
Ез адамды санаты кем
Құлатады шыңырауға.

Ән боп қалқып, жыр боп шалқып,
Әлдилейді, тербетеді.
Кей пендені шабан-шартық,
Қан сорпа ғып терлетеді.

Сөз – тірліктің құдіреті,
Зор жиһазы, ең асылы.
Көкейде әсем суреті,
Көңіліңнің жарасымы.

Сөз – жүректен жолданатын
Жақсылықтың жоралғысы.
Сөз – әркімді толғантатын
Ел мұраты, ер алғысы.

ТУЫСТАРЫМ

Ауылда көп туғаным, туыстарым,
Қиын күнде сүйеніш, ту ұстарым.
Сағынғанда сан барып мауық басам,
Көріп қайтып хал-жайын, тұрмыстарын.

Бірі — құрбы, бірі — аға, бірі — іні,
Жоқ олардың орынсыз ірілігі.
Көзіме ыстық күлгені, сөйлегені,
Ілтипаты, тұрпаты – бар тірлігі.

Бір жақындық түрімнен танығандай,
Құрақ ұшқан бөйек боп жаны қалмай.
Бір түтіннен ұмытылып жалқылығым,
Қуанғаннан жүрегім жарылғандай.

Жоқ олардың ойында қылау, кіршік,
Жақсылығын жасаған бұлдау дүрсіп.
Мәрттік пейіл танытқан баршылықта,
Жетіспесе біріне-бірі ауысып.

Сондайынан өзгеше санат танып,
Қуат тауып, қаламын қанаттанып.
Сағынышым сап болып көрген емес,
Сансыз келіп, жүрсем де сан аттанып.

Қайтқан қаздай байпаңдап өрісінен,
Құлын-тайдай босаған желісінен.
Ораламын масайрап Алматыға,
Туып-өскен ауылдан, ел ішінен...

“ДӨҢГЕЛЕКСАЗ”

Жолым түсіп Жамбылға мен барғанда,
Жеткендей боп алыстағы арманға.
Сағынышпен жылы ұшырап қараймын,
Сүйінішпен көз жіберіп бар маңға.

Жазда қала жасыл желек жамылған,
Түнде Ильчтің нұр шамдары жағылған.
Бөгде кісі көз үйретіп алмаса,
Кеше көрген көшесінен жаңылған.

Арман таңы арайланбай атар ма,
Сағынышың самғап ұшпай жатар ма.
Қимас қызық, дәурен кешіп алаңсыз,
Өткен менің көп күнім бұл шаһарда.

Жайраң қағып жастық шағым дүрлеген,
Шешек атып махаббатым гүлдеген.
Апыл-тапыл аяқ басқан жыр жазып,
Жүрегімнің жалын отын үрлегем.

Қаланың күншығыс қиыр шетінде,
«Тектұрмастың» өкпе тұсы өтінде.
“Дөңгелексыз” дейтін жерде тұрған ем,
Біраз ғұмырым онда өткенге өкінбен.

Арқыраған асау Талас өзенмен,
Иіндесіп жатқан қойнау ежелден,
Көп адамға құтты мекен болғанын,
Елжіреген ет жүрекпен сезем мен.

Мен тұрған үй бұзылған жоқ, сонда әлі,
Сөулесі өшпес жарқыраған шамдалы.
Киелі деп ұя салған сол жерге,
Бақыт құсы басыма кеп қонғалы.

Маңдай терін төгіп, қарын талдырған,
Марқұм өкем, шешем үйді салдырған.
Сонда түскен сүйген жарым келін боп,
Сонда туған бес сәбиім балдырған.

Ағайынға бауырмал ем, үйір ем,
Саяқтаймын қазір бөлек үйірінен.
Әлдеқалай бара қалсам сол маңға,
Жанарыма жас мөлтілдеп үйірілген...

СЕНДЕРДІҢ МЕЙІРІМДЕРІҢ

Көп болды, әке, аттанып сен кеткелі,
Тағдырдың тауқыметі сенделткелі.
Мені де байқап бақты тіршіліктің
Қисапсыз тайғақ жолы, сын-өткелі.

Көп болды бейнеңді, ана, көрмегелі,
Қырдан гүл саған арнап термегелі.
Үзбеуші ең үмітіңді игіліктен,
Талпынып келем биік өрлегелі.

Мен үшін сендер ең дер дарқан адам.
Өмірге құштарлығы тарқамаған.
Мойнымда – әке парызы, ана сүті,
Ғұмырлық борыш қылып арқалаған.

Мезгілдің сағаты әсте тоқтамаған,
Жоғалтқан асылын кім жоқтамаған,
Сағыныш – қилы сезім шөліркеген,
Еш пенде сала алмаған тоқтам оған.

Сарғаймас сағыныштан жан шамалы,
Мен жүрем өздеріңді аңсап әлі.

Сендердің мейірімдерің –

маңдайымнан

Сипаған күн шуағы, таң самалы...

ЖАҚСЫ ДА БӘРІНЕН ДЕ

Өмірдің көп екен ғой,
Берері әр адамға ала білген.
Қашанғы құт мекен ғой,
Жадырап жарқын жазда дала күлген.

Шырғалаң жолы шиыр,
Асулар жатыр әлі алда талай.
Ұмсынтып алыс қиыр,
Апарған арманыңа әлдеқалай.

Жүзіңнен нұр жалқындап,
Жас дәурен бал қызығын сыйлап саған.
Кеудеңде сыр толқындап,
Көңілің кейде ғажап күй аңсаған.

Көрінген көзіңе ыстық,
Туған жер төсіндегі жасыл қырат.
Мөп-мөлдір сезім құшып,
Қастерлеп әспеттеген асыл мұрат.

Төгілген терің демде,
Жолыңа себездеген нұрын көктем.
Жақсы да бәрінен де,
Гүл өніп қалса ізіңнен жүріп өткен...

АҚ ЖОЛ

Шаттық күлкі-ай, айқай, бала кездегі,
Пәк сырластық, айнымас серт сөздегі.
Болмашыға алабұртып лезде,
Моншақ-моншақ парлаған жас көздегі.

Аңқаулық-ай, аңғалдық көп жасаған,
Мәз болатын жүргеніңе бас аман.
Дүниедегі ұжмақ мекен секілді
Туып-өскен алтын бесік – босаған.

Табиғаттың сан сырына танданып,
Қиын жолға құлшынғанда қамданып.
Мұратыңа адастырмай бастаған,
Ой-зерденде ғажайып бір шам жанып.

Жетелеген алға сені жүз арман,
Алтын жібі үмітіңнің ұзарған.
Кейде әбестік жасап қойған кездерің,
Аз емес-ау, ұялған да, қызарған.

Әйтсе де, дос, алған беттен танбадың,
Махаббаттың көусарына қанбадың.
Нұрлы өмірдің шұғылалы ақ жолын,
Жаның қалап құштарлықпен таңдадың.

Сол жол сені самғатқан сан қияға,
Таудай талап тар кеудеңе сыя ма?!
Сол жол әмсе адастырмай сапардан,
Оралтқызған туған мекен, ұяңа...

ҚАСИЕТ ҚАНҒА СІҢГЕН

Жақсылық іздемеймін жалған ойдан,
Азғана мақсатым бар алға қойған.
Игілік табан ақы, маңдай терде,
Пәрмен де тілемеймін әлдеқайдан.

Қашан да тірлік төтті қызығымен,
Адамның қуаныштан жүзі күлген.
Жүрегі шайлықпаған тұңғиықтан,
Жігіттің толқында ойнап, жүзу білген.

Тұра ма уақыт озып, жыл ескірмей,
Кісіге ала білген үлес бірдей.
Әйтсе де, жеңіске оңай жеткізбеген,
Күштімен тағдыр сені күрестірмей.

Семсердің жүзі жасық сомдалмаған,
Ерлік пе қияға өрлеп, шынды алмаған.
Тепкенде темірді үзген тегеуріні,
Ширығып қиындыққа шыңдалған жан.

Десе де қаншама бір құрметтімін,
Несі сән көрсеткеннің құр бектігін.
Қасиет қанға сіңген қалып тапқан,
Қайда да танытады ер мәрттігін...

САҒЫНЫШ

Шаршап бір жүрген шағында,
Даланың қоңыр самалы- ай көңіл сергіткен.
Шат сезім шалқып жаныңда,
Ойыңды ұшқыр ту алыс биік өрбіткен.

Сағынған аңсап сөтте бір,
Сағымы-ай сұлу көз нұрын алған қандырып.
Арқаңнан қаққан төтті өмір,
Алапат арман-үміттің отын жандырып.

Көктемнің кербез кезінде,
Көк майса жасыл шалғыны-ай аунап-қунаған.
Өрт қойып өршіл сезімге,
Жүрегің арыс кеудеңе сыймай тулаған.

Тамсанып таңсық көркіңе,
Табынтқан жарқын дидары-ай туған даланың.
Тауып бір дауа дертіме,
Мерейім өсіп, мың жасап, тасып қаламын.

КЕЗДЕРДЕ БІР...

Көз тігем сағынышпен өткен күнге,
Күлімдеп гүл көтерген көктеміме.
Мәз-мейрам жүрген бейқам бұла кез ол,
Тағдырдың тәрік болмай өктеміне.

Жақсы едім дей алмаймын бар кез тіптен,
Кей сәтте шалыс бастым шәркездікпен.
Ешкімнің ала жібін аттағам жоқ,
Күпірлік қой көкейге әр сөз бүккен.

Біреуге ұнамасам кей түріммен,
Досымнан медеу таптым мейіріммен.
Ер болсам –одан алған жақсы өнегем,
Ез болсам – көремін өз пейілімнен.

Шейіт етіп шыбын жанын, арда басын,
Ер жігіт ғұмырын да арнағасын,
Өзгеге өлшем еткен жұрт олардың
Нарлығын, дарқандығын – бар бағасын.

Қашан да шығармаймын мұны есімнен,
Халықтың қуат алам мүддесінен.
...Менің де ерлегенім кездерде бір
Табылсам туған елдің үдесінен.

КЕЛЕШЕКПЕН ТІЛДЕСЕМ

Асыл құрбым, тыңда сен,
Аманымды шын десең.
Қуанғаннан кей шақта,
Ғажайып бір күй кешем.

Кетті өмірге мың есем,
Жан сырымды шын десең.
Талпынудан алға өрлеп,
Әсте бір сәт тынбас ем.

Құстай түлеп күнде өсем,
Тілегімді шын десең.
Жабыққаным босқа құр,
Көңіл толы мұң десем.

Мезгілмен бір үндесем,
Мұратымды шын десең.
Бақас достан жат артық,
Жақсы ісімді күндесе.

Келешекпен тілдесем,
Талабымды шын десең.
Көгергенім, өскенім,
Өркен жайып гүлдесем.

Сал қиынға, сынға сен,
Ойымды бұл шын десең.
Қайтса деймін қайтсе де,
Кеткен сонау күнге есем.

Асыл құрбым, тыңда сен,
Арманымды шын десең.
Қиынға өрлеп қиялым,
Қызық-қызық күн кешем...

ЖЕТКІНШЕККЕ

Алдыңда талай жол сенің,
Сынға түс батыл сеніммен.
Өнерлі қимыл – өлшемің,
Өңгенің саған себі кем.

Алдыңда арман алуан,
Кешетін бастан көп қызық.
Жас шақты балғын, палуан,
Өкінбе зая өткізіп.

Елікпе бекер думанға,
Қасиет сақта қайда да.
Жол ашық мақсат қуғанға,
Ұшамын десең Айға да.

Күмп ете қалма көз жұмып,
Тұңғиық түпсіз иірімге.
Шөліккеп жүрме өздігіп,
Кенде боп шафхат, мейірімге.

Түскенде басқа қиын күн,
Түңілме жасып, құр налып.
Қалауын көңіл күйінің,
Әспеттеп асқақ жүр алып.

Туған ел – алтын босағаң,
Өркімнің жүрек мақтаны.
Ізгілік жұртқа жасаған,
Жігіттің мерей тапқаны...

КӨРКЕЙ, ЕЛІМ

Көркейіп өркенде елім,
Кіл жақсы өнегеңмен.
Көңілімде көркемдедім,
Бейнеңді мен өлеңмен.

Құлшынған ұл-қызыңның
Жүгі көп көтеретін.
Жайнаған жұлдызыңның
Жалыннан от өретін.

Жеріңде лаулап алау,
Төгілген нұр көгіңнен.
Көз тартқан жалқын жалау,
Шыққалы жүрегімнен.

Ескілік жатыр қалып,
Күйттеген күйкілікті.
Жасаған батыр халық,
Ғаламат игілікті.

Болмаған мәні кеше,
Жайды кең далаң өркен.
Сәулеті, сәні де өсем,
Ғажайып қалаң көркем.

Қиялды өрге өрлетті,
Қадамың қарыштаған.
Жалғаған жер мен көкті,
Жол салып ғарышқа адам.

Сақшыдай көз ілмеген
Самғап ой шарықтаған.
Туған ел, өзіңнен мен
Өлшеусіз шабыт табам.

Қаһарман қанша өренің
Алаулап маздап өткен.
Ризамын, болса менің
Қызметім аз-кем еткен.

ӨЗІҢСІҢ — ӨНЕГЕМ

Жан досым, жар қосағым, панам менің,
Шөлдесем көусарыңа қанам сенің.
Үдеңнен шыға алмасам жоқ амалым,
Қолымнан келсе ғана болам серің.

Ғұмырлық жұптасымсың тағдыр жазған,
Басыма қонақтаған бақ біраздан.
Шамалы сардарлығым көз тартарлық,
Табылған қанша тағат сабыры аздан.

Келеміз сапарда ұзақ ұстасып,
Биікке шықпасам да алысқа асып.
Өзің бір демеп алға жібергейсің.
Кей кезде кеткен шақта шалыс басып.

Мен риза сені қалап сүйгеніме,
Ортақсың ұққаныма, түйгеніме.
Сергітіп жібересің қабақ шытсам,
Баз бірде тіршіліктің күйбеңіне.

Жомартсың әм жүйріксің назға менен,
Алаулап жалыным боп маздаған ең.
Өмірге игілік қып жарата алсам,
Өнегем сенен алған аз да демен.

Ұялап әр көңілге қонсын да жыр,
Көкейге шуақ төгіп толсын да нұр.
Баз кешіп дүниеден көшкенімше,
Жанымыз, жүрегіміз болсын да бір.

ЗУЛАҒАН УАҚЫТ ӨКТЕМ

Күндерім жырғап менің,
Керуендей жылыстаған.
Қиянға шырқап көңілім,
Көктемім гүл ұстаған.

Өткеріп келем талмай,
Өмірдің өр-белеңін,
Шығандап кейде шалғай,
Шыңға да өрмеледім.

Жүздесіп ертеңіммен,
Алғашқы асыл арман.
Жайқалтқан өркенін кең,
Жас өмір – жасыл орман.

Қапылдық еткем талай,
Тұрмыстың парқын білмей.
Жаныма төккен арай,
Жақсылық жарқын күндей.

Бойсұнтып пәрменіне,
Зулаған уақыт өктем.
Гүл еккен әр көңілге,
Күлімдеп бақыт-көктем.

Шарқ ұрған шалымы кең,
Кемелге толған шағым.

Аз ба адам өкініштің уын жұтқан,
Бір іс те бітірмеген берекелі.
Мезгілсіз төтті үміттің туын жыққан,
Белгісіз ез екені, ер екені.

Қай пенде тебіренбеген, толғанбаған,
Кейіпсіз

күнді,

тағдыр,

жазба маған.

Әлі де жыр-хатым көп жолданбаған,
Кей оты жүрегімнің маздамаған.

ДАЛА ТАҢЫ

Алагеуімнен өтеш шақырып,
Азаншыдай салады жар.
Жазғы арайлы танды атырып,
Жамылған кең дала мұнар.

Айқара ашқан түн көрпесін,
Жанға жұпар тарайды леп.
Қош ап сұлу күн еркесін,
Күлімсіреп қарайды көк.

Маужыраған дала мүлгіп,
Жүйткіп есіп жел билеген.
Қызыл-жасыл лала гүлі
Көз жауын ап желбіреген.

Сағым құшқан туған өңір,
Таңсәріде тауып дамыл.

Күйін шертіп думанды өмір,
Оянды ауыл қағып дабыл.

Аспан жерге табынғандай,
Қызықтаған дала таңын.
Егінді алқап сағынғандай,
Диханның күс алақанын.

Сәуле төккен күлімдеп Күн,
Нұрлы дүние дидарындай.
Оркестрі ұлы еңбектің,
Марш тартқан, күй орындай.

Кербез қыздай жүзі үлбіреп,
Керім тартқан таң ажары.
Қыр төсінде қызды дүрлеп,
Тіршіліктің қан базары.

Әр кеудені күмбірлеткен
Әсем өуен тарап өктем.
Жер-жаһанды дүбірлеткен
Адам ғажап қарекетпен...

ӨМІР ШЕКСІЗ, ҒҰМЫРЫ ҚЫСҚА АДАМНЫҢ

Өмір шексіз, ғұмыры қысқа адамның,
Көкейіме ұялаған содан мұң.
Кәде қылған көңілімде көп ойым:
Шықсам деген үдесінен анамның,
Көрсем деген қызығын бес баламның.

Қиыры кең, тарихы ұзақ даламның,
Шежіресін оқып әсер алам мың.
Келбетінен жайнап түлеп гүлденген,
Көргендеймін ізгі үмітін бабамның,
Елдің қамын күнде ойлаған данамның.

Ертең әсем, жолы жарық халқымның,
Шұғыласын төккен жомарт алтын Күн.
Шаттық әнін шалқыта айтып шырқаған,
Шадыманды хорға ұласып жалқы үнім,
Жүрегімнің алаулатып жалқынын.

Бақыт үшін, қызық дәурен сезгенге,
Өлшегенге сап ақылға, безбенге.
Табылмасты туған жерден табамын,
Кең дүниені шарлап талмай кезгенде,
Жоққа жүйрік жетпейді деп төзгенде.

Бір тұтанбай қоймайды от жанатын,
Шам-шырағын ой-зердеге жағатын.
Маңдай терін моншақтатқан еңбегің,
Қалауыңды қай кезде де табатын,
Құрмет гүлін өңіріңе тағатын.

Өмір шексіз, ғұмыры қысқа адамның,
Әлденеге мазасызбын, алаңмын.
Көңілімді түйткіл еткен ойлар көп,
Кейде жадап қабаржып мен қаламын,
Кейде сергіп, дүр сілкініп аламын.

АРМАН ӨСТЕ ТАУСЫЛМАҒАН

Арман өсте таусылмаған,
Дейсің бақыт жаусын маған.
Дейсің көкке ұшайын бір,
Гүл иіскейін, құшайын нұр.
Талабыма өтеуі көп,
Талпынам мен жетемін деп.

Мұратқа асыл жетемін деп,
Жұртқа ізгілік етемін деп,
Кезіп өмір алтын бағын,
Тыным таппай талпынамын.
Шықсын деп бір жарқын өнім,
Шартарапқа шарқ ұрамын.

Сан қияға шарқ ұрамын,
Шарлап өлем атырабын.
Тірегіндей тірлігің,
Шапағатты нұрлы күннің
Құдіретіне сенем ерен,
Шұғыласын себелеген.

Өшпес сәуле себелеген,
Қуат тауып, сенен, өлең,
Арманымды құшамын да,
Алуан әсер құшағында,
Ой асқарын асып жеңіл,
Мейірленем тасып көңіл...

ӨЛЕҢ БОЛЫП...

Көрген сайын өрдайым өзіңді мен,
Жаным жылып, ой шалқып, сезім күлген.
Асуларын асамын асқар белдің,
Арманымға тағатсыз көз тігумен.

Тірлік сыры аз емес біз ұқпаған,
Қай сөні бар өмірдің қызықпаған.
Құлаш ұрып төсіне кең айдынның,
Алысымды дариядан жүзіп табам.

Күнім күліп шығады сонда алдымнан,
Қандай пайда құр жосып сандалудан.
Жете алмасам көз тіккен мұратыма,
Бөлкім, онда қалармын жан болудан.

Саған ғана ағытқан бұл бір сырым,
Ұғымсыз боп қалмасын бұлдыр жырым.
Жанарыңның нұрымен жан семіртіп,
Лебізіңмен тазартам көңіл кірін.

Діттегенім табылған сан асылдан,
Күн көзіндей жарқырап жаңа ашылған.
Өлең болып, өзің боп елестеген,
Жаралғандай дүние жарасымнан.

ТОЛАЙЫМ ТАҒЫЛЫМ АЛҒАМ

Толайым тағылым алғам,
Үйреніп өзіңнен мен.
Жүрекке мағлұм болған
Кей сырың сезілмеген.

Құр сөздің себі нешік,
Көкейге ой түйіп келем.
Мерейім менің де өсіп,
Мәртебем биіктеген.

Жанымда гүл өсірген,
Жақсыға әуестігім.
Мақрұм кей үлесімнен,
Кешегім елес бүгін.

Көктемде күн жауындап,
Кәлдеткен кейде ересен.
Құлпырған көз жауын ап,
Қызғалдақ бейнесі өсем.

Құмартып жан тоймаған,
Қызыққа өмірінде.
Бұлжымас заңдай маған —
Назың да, өмірің де.

Құлшынған күйім де өзге,
Ғажаптай қалатын таң.
Демеген қиын кезде
Өзіңді пана тұтам...

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

1

Мезгіл –қүдірет әміріне бағынып,
Көктем шықты гүл алқасын тағынып.
Адам жаны масайраған жадырап,
Наурыз аймен бек қауышқан сағынып.

Шалқып-тасқан шат мерейің шарадан,
Аспан жерге күлімсіреп қараған.
Ақ қайыңдар сұлулардай сыланып,
Сөмбі талдар сүмбіл шашын тараған.

Тындап үнін төңірек құс-жыршының,
Тамашалап талай ұққан сыр-шынын.
Қыр төсінде қызғалдақтар құлпырған,
Жауқазындар жарып нәзік бүршігін.

Қиял-ойың қияға алыс шырқаған,
Сезім-толқын кеудеңде ерек бұрқаған.
Алуан қызық алдыңнан қол бұлғаған,
Арманыңа жақындатып бір табан.

2

Қыстың тоңы жібіген,
Көктем туып, Күн күлген.
Әмірші уақыт үнінен
Табиғат дүр сілкінген.

Құрсанған бұлт ыдырап,
Мөлдіреген шыны аспан.

Көз ұшында бұлдырап,
Сағым көкке ұласқан.

Ару дала бусанып,
Ажарланып апты өңін.
Жер жарықтық босанып,
Жамыратты жас төлін.
Айдын көлге базарлы.
Қиқу салып құс қонған.
Кей пенденің тазарды,
Көкірегі ыстанған.

Нәсерлеткен күн кейде,
Аспан асты күңгірлеп.
Сезім толқып кеудеде,
Күй шалқыған құмбірлеп.

Жай түсіре жаздаған,
Көктем ұшқын жасынан.
Жүрек оты маздаған,
Жалын атып жас ұлан.

Жайсаң туған даланың,
Жоғын тауып тылсымнан.
Ақ сүтін ел-ананың,
Ақтаймын деп құлшынған.

3

Апта, айларды артқа қарай жылжытып,
Арман күнін бақандай бір жыл күтіп.
Сегізінші март күліп келген көктемнің
Шуағымен жан дүниенді жылытып.

Жер-жаһанға жырлап мезгіл суынын,
Себелеген наурыз жұпар жауынын.
Құттықтаулар, алғыс сөздер ағылып,
Қастерлеген ана – әйелдер қауымын.

Өршіл жанның мәрттігіне сүйініп,
Өрең өскен өмір сырын жиі ұғып.
Қашанғы әдет қымбаттыңа ізетпен,
Гүл ұсынған іңкөр жүрек сыйы ғып.

Уақыт рақым тілемеген ешкімнен,
Жаңа сипат тапқан бейнең ескірген.
Аяулыңа арнап айтқан наз-әнің,
Асқақ арман-лебізіңдей естілген.

4

Жайраң қағып жарқын көктем,
Жасыл бағы жүз түрленген.
Ақшам кезде жарқ-жұрқ еткен,
Алматы – ару нұрлы реңмен.

Қала үстінде мың сан жұлдыз
Түннің түрген тас түнегін.
Көлкігендей шұғыла – теңіз
Кемерлентіп тасқын легін.

Жан дүниеңе сәуле сепкен,
Жарқырап ай шырқау көктен.
Сеніміңді серік еткен,
Ұшқыр ойың шырқап өктем.

Көше сирек жұлдызды шам
Шұғыласы жағылмаған.
Мызғып қала күндізгі ұшан
Шу-дабырдан дамылдаған.

Сан құбылған сән-сипаты,
От қанатын жарқылдатқан.
Таңғажайып түнгі Алматы,
Жас кеудесі жалын атқан.

Шат боп қарап ойым шалқып,
Кенелем де күш-ағынға.
Байыз табам бойым балқып,
Алматы – ару құшағында.

5

Табиғаттың мінезі күрт жұмсарып,
Таңырқатқан кейпі өзгеріп мұншалық?!
Мейірімді Күн көзінен нұр шашырап,
Маужыраған дала төсі бусанып.

Адам көңілін елжіретіп күншуақ,
Байтақ өңір байыздаған, тыншып бақ.
Жас ағаштар жасыл желек жамылып,
Бүрін жарған, жайып көркем гүл құшақ.

Көктем кезде қамсыз жатпай бел шешіп,
Қарекет қып күзде терген ел несіп.
Қызғалдақтың хош иісі аңқыған,
Жұпар желдің жанға жайлы лебі есіп.

Бап түлеткен басқа қонған бақ құсын,
Мерейленіп көңіл дітін тапты шын.
Туған жерге наурыз тұтып зер кілем,
Әшекейлеп салды өрнегін, нақышын.

ҰЛЫМА ӨСИЕТ

Кетерсің туған үйден бір күн шалғай,
Келелі сөзді ойыңда іркіп қалмай.
Мүбәда жүр жалындап жүрегінді
Мұң шалмай, көңіліңді кірбің шалмай.

Табылған тағылымды сөзде сыйың,
Татымас талғамыңа өзге бұйым.
Сын-талқы айқындайтын сипатыңды,
Сертіңнен кетпе тайқып кезде қиын.

Сапарың алдыңда алыс жол шегетін,
Адамдық қасиетің өлшенетін.
Аз емес мойныға артқан борыш-міндет,
Бел буып бекем іске белсенетін.

Ашылып аспан бұлттан Күнің күлген,
Зерек жан іңкәр жүрек ділін білген.
Жұмысың атқаратын түгесілмес,
Ертең мол жүк арқалап бүгінгіңнен.

Кезің көп күйінетін, қуанатын,
Кішіріп кісі ақылын құп алатын.
Жан дәрмен тапқанда әр кез жадыға тұт,
Болғанның кім қорғаның, кім қанатың.

АСЫЛ МҰРА

Кімнен дәурен уақыт жетіп озбаған,
Кімнен дәрмен кетіп қажыр тозбаған.
Ән ғой, жыр ғой ең ғұмырлық қастерлі,
Жүрек сырын, жан сезімін қозғаған.

Арна тартқан бағы кезден-қадымнан,
Асыл өнер өшпеген ел жадынан.
Бірде мұңлы көңіл күйін толғаған,
Бірде шерткен шаттық сазын шадыман.

Мезгіл оты текке лаулап жанбаған,
Мейір шөлі кәусарға оңай қанбаған.
Тарих-зерде шежіресін сабақ қып,
Тәлім түйген тастағы өрнек —таңбадан.

Хатқа түскен хикая-жыр қашанғы,
Шындықты ашқан сөзден аршып жасанды.
Жария еткен жұртқа ақиқат айқындап,
Жасырынған жықпыл, бұққан тасаңды.

Шаңда адамды ой толғандырған күні-түн,
Шайқап өткен мөлдір сезім тұнығын.
Сансыз уақыт қастер тұтып халайық,
Сақтап келген саф асылдың сынығын.

Запы шеккен дүние дүлей тасырдан,
Сыртқа жаймай сұмдық ісін жасырған.

...Алмағайып кезді өткеріп хас өнер,
Аман жеткен бүгінге ықылым ғасырдан.

ТОРҒАЙЛАР

Қыста құсты ойламаймыз тоңды деп,
Жаурамайтын суыққа еті қонды деп.
Әбден арып, жақ жүндері үрпиген,
Бір топ торғай үй жанына қонды кеп.

Қай маңда да ирек-ирек қарда із көп,
Ілкіде оны таң көрмейтін төрізді ек.
Жан-жағына жалт-жалт қарап байғұстар,
Өрі-бері секеңдеді нәр іздеп.

Шиқ-шиқ етіп шарқ ұрып сабылып,
Жолы болған қоректері табылып.
Әлдекімдер лақтырған балконнан
Кепкен нанға үймелесті жабылып.

Кейі сырттап, кейі үстінен дөп түсіп,
Тауысқанша тарқамауға бекісіп.
Бірі шұқып, бірі түртіп додалап,
Жұлмаласты жемді өзара шекісіп.

Қарға құсап қаузамайтын қоқысты,
Мүсіркеуші ем нәр іздеген көп құсты.
Мөмлеге келе алмай еш әлгілер,
Бір-бірінің жүнін жұлып шоқысты.

Дамыл қөрмей бір қонып, бір пыр ұшып,
Дірдек қаққан байгүс құстар бүрісіп.
Адамдардың атқарғандай релін,
Құлқыны үшін қырқысатын ұрысып.

КІСІЛІК КЕЛБЕТІ

Өркімнің өрқалай бітімі,
Өртүрлі дағдысы ұстанған.
Күйелеп қызғаныш түтіні,
Күншілдің кеудесі ыстанған.

Өркімнің өрқалай танымы,
Әрнені зерделеп түсінген.
Сығалы сенімі, нанымы,
Сындарлы көрінген ісімен.

Ап-айқын ақ, қара арасы,
Жұртқа шын жағдайды ұғынған.
Түзілген зерлі сөз сарасы,
Ең қымбат, қастерлі ұғымнан.

Беретін тәлімі көп әсте,
Білімге жүйріктің өзгеге.
Кенелткен келелі кеңеске,
Кендені пайымға әр кезде де.

Телегей сырға адам қаныққан,
Терең ой жалғаған жылғасын.
Кемеңгер қашанда танытқан,
Керемет келбетін, тұлғасын.

Қадірлей білген де кісілік,
Басқаның еңбегін бағалап.
Әсте одан ешкім де кірісіп,
Кетпеген мықтыны сағалап.

БІР ЖОЛДАСҚА

Жұбымызды жазбаған дос-жар құрбы ек,
Бірге өткізген күндерді дырду-дүрмек.
Күлкі тұнып тұратын көзімізде,
Лүпіл қағып құлшынып құштар жүрек.

Санамызға сіңіріп обалды да,
Сауапты да санамай жоғалдыға.
Еш жалғандық болмайтын сөзімізде,
Көлгірсуды білмеуші едік көп алдында.

Көңіліміз таза-тын дақ түспеген,
Өңгелерді кірпияз тақыс демен.
Күмілжімей сөйлесіп сырласушы ек,
Көкейдегі назды айтып нақышпенен.

Есіл сол шақ ғайып боп көзден демде,
Көлегейлеп көп жайтты сезбегенге.
Әлдекімдер көрсеткен келеңсіздік,
Әулекілеу мақсатты көздегенге.

Кісіге еш килікпен кінәраттап,
Құстаналап жосықсыз сырттан даттап.
Әсте күнің түспесін жалған досқа,
Анттан айнып, кететін серттен аттап.

МЕНИҢ ӘЖЕМ

Қам көңілдің мұңын жіті айырған,
Әжем менің кісі еді өте мейірбан.
«Кем болмайсың ешкімнен де, – дейтұғын, –
Біреулерге жасаған қол қайырдан».

Қиын кезді бастан талай кешірген,
Әзіз кейпі кетпейді өсте есімнен.
«Қарағам, сенің бәрі алдында, – дейтұғын, –
Көрер қызық, татар дөмің – несібең».

Қолынан түк жаманшылық келмейтін,
Ағайынның арасын еш бөлмейтін.
«Тындырымды бол қайда да, – дейтұғын, –
Әуреленбе оңғақ іске өнбейтін».

Ауылдың бар адамы оны сыйлайтын,
Ешкімді де жамандыққа қимайтын.
«Жақсы лепес жан семірттер, – дейтұғын, –
Көп сырым бар іште менің сыймайтын».

Үлкен ұғып, кіші тыңдап ақылын,
Үлгі тұтып, жөн санайтын мақұлын.
«Туғаным» деп, «бауырым» деп атайтын,
Жанға балап жақсы көрген жақынын.

Аз емес қой тірлікте адам байқар кеп,
Алуан сезім жан толқынын шайқар көп.
Не десең де әжем құлай сенетін,
Ойламайтын өңге өтірік айтар деп.

Мойымайтын қажып мұңға батқанда,
Тауқыметтің ашы зәрін татқанға.
Дұға оқитын іштей ерні күбірлеп,
Әлдеқалай сырқаттанып жатқанда.

ҰЛПА ҚАР

Әлгіде қар жауғаны,
Аспан жүзін қабартып.
Айналаны, ауланы,
Ажарлаған ағартып.

Әппақ ұлпа үйілген,
Ағаштарды тұр көміп.
Талдар төмен иілген,
Жас келіндей бүркеніп.

Сұлу қайың сыланып,
Лағыл моншақ тағынған.
Жасыл шырша қыналып,
Қысқы әлпетін сағынған.

Қар жамылған қарағай,
Ұшар басы жалтылдап.
Суық күнге қарамай,
Адамдар жүр жарқылдап.

Көшелер де жасанып,
Әдемілеп киінген.
Алматы – ару жасарып,
Көркіне көз сүйінген.

Шаттық шырқап үйіңнен,
Шабыт шалқып шарқ ұрған.
Алатау бұлт үйірген,
Қолын бұлғап шақырған.

Қызық қой қыс кезі де,
Құмарың бір қанатын.
Жақсы әсерге, сезімге,
Жаның байып қалатын...

КҮЗ ӘУЕНДЕРІ

Құрсанып қатты түнерген,
Аспанның түсі бұзылып.
Түстікке беттеп үдерген,
Тырналар легі тізіліп.

Қарайды солғын назармен,
Күн көзі бұлттан ұрланып.
Тұрғандай тыншып әзерден,
Түксиген дала сұрланып.

Жас тоғай сыңсып шулаған,
Пәс тартып жазғы ажары.
Құстардың көлде шулаған,
Тарқаған думан базары.

Табиғат жиһаз – көрмесін,
Мекенге басқа көшірген.
Жамылып мұнар пердесін,
Құла тұз алыс көсілген.

Ақ селеу басын бұлғаған,
Бізғырық желден дірілдеп.
Трактор жортып тынбаған,
Күздікті жыртқан гүрілдеп.

Маңдайдан төгіп терін мың,
Басылған көңіл алаңы.
Қамдаған жиын-терінін,
Шаруагер ауыл адамы.

Береке күзі тойланып,
Әр үйде қызық дулады,
Уақыттай шексіз айналып,
Толассыз тірлік думаны.

Бақыттың жайып құшағын,
Жас дәурен күлген бөйік боп.
Жақындап қапты-ау күз шағым,
Жылда бір жазым ғайып боп.

ӘЙЕЛДЕР

Қызметі көп қиюласқан қиыннан,
Құрмет құшқан алқалы топ, жиыннан.
Өрқашанда жебеп сені демеген,
Әйел-ана әулиең ғой сиынған.

Кейде олармен кезінде бір кеңескен,
Кемелденіп терезең де теңескен, —
Тағылым түйіп үлкенінен ізетті,
Тәлім алып тең құрбыңнан тел өскен.

Адамдарға тек ізгілік сыйлаған.
Көкірегіне сағыныш-саз сыймаған.
Аналар-ай, алақаны аялы,
Мейірім төгіп маңдайыңнан сипаған.

Бастау алып адамшылық арнадан,
Мәпелеген гүлін бүрін жармаған.
Арулар-ай, сертке берік, антқа адал,
Жан жылуын сүйген жарға арнаған.

Аласартқан шыққан биік тауын кім,
Жұпар иісі таңсық жазғы жауынның.
Қадым кезден қастерлеген халайық,
Қасиет тұтып әзиз әйел қауымын.

АСЫЛ АРМАН

Арман әсте таусылмаған,
Дейсің: «Шұғыла жаусын маған. —
Дейсің: – Көкке ұшайын бір,
Гүл иіскейін, құшайын нұр».
Ойға алғанның өтеуі көп,
Мақсатқа ізгі жетемін деп.

Мұратқа асыл жетемін деп,
Жұртқа қызмет етемін деп,
Кезіп өмір алтын бағын,
Тыным таппай талпынамын,
Шықсын деп бір жарқын өнім,
Шартарапқа шарқ ұрамын.

Сан қияға шарқ ұрамын,
Шарлап әлем атырабын.
Тірегіндей тірлігіңнің,
Шапағатты нұрлы күннің
Құдіретіне сенем ерен,
Шұғыласын себелеген.

Өшпес сәуле себелеген,
Қуат тауып сенен өлең.
Арманымды құшамын да,
Алуан әсер құшағында,
Ой асқарын асып не бір,
Мейірленем тасып көңіл...

ОН АЛТЫДАСЫҢ

Ұлым Сәкенге

БІРІНШІ СЫР

Он алтыға толдың, ұлым,
Бал дәуренің – балғын күнің.
Ертең сапқа тұра тұғын,
Сен де азамат болдың, күнім.

Ерте есейіп, тез ержеттің,
Еркінді алғыр, өжет еттің.
Оң-солыңды танитұғын,
Кәмелеттік кезге жеттің.

Талаптанғыш, қиялдағыш,
Тас түлек боп ұяңнан ұш.
Қыран шағың алдында әлі,
Қарайтұғын қияға алыс.

Жансын бақыт – бағым десең,
Қызық ғұмыр шағын кешем, –
Өрісі кең өнерге ұмтыл,
Бар қуаттың бабында сен.

Құлшынар бұл кезің шыңдап,
Фибратты сөзді тыңдап.
Жан дүниенді сұлулайтын,
Шапағатты сезім шыңдап...

ЕКІНШІ СЫР

Жасыңнан, жаным балам,
Жақсы ғой жалындаған.
Шағың бұл тауың қайтып,
Тауаның шағылмаған.

Дейді жұрт: «Ақыл – жастан»,
Ал, «асыл – лағыл тастан».
Жарығы жүрегіңнің,
Қалмасын жағылмастан.

Тайғанап табаныңнан,
Жаңылып талабыңнан.
Тұрмасын «шиі шығып»,
Ісіңнің шала қылған.

Сенің де шаршап атың,
Өрісің бар шолатын.
Қайратқа қайра, жанып,
Жігердің шар болатын.

Нұрлантип арман бағын,
Жақ та ойдың жарқын шамын,
Серік ет сапарға ұзақ,
Арыңның арғымағын!..

СОҒЫС АРДАҒЕРІ

Қонысов Досайға ескерткіш

Өр төсінді тосып ажал оқ-отқа,
Арыстанша қарсы атылдың апатқа.
Қырғында ауыр бір аяқты жерледің,
Москваның іргесінде окопта.

Салют еткен қуанышын бар халық,
Салтанатпен Жеңіс күні жар салып.
Балдағыңа сүйеніп сен келгенде.
Бүкіл ауыл шықты алдыңнан қарсы алып.

Тағдыр зілдей жүгін артқан пендеге,
Тауқыметін тартқызған көп өңге де.
Қастерлеуші ең бойтұмардай тағып ап,
Медалінді жарқыратып кеудеге.

Тиді-ау демей пешенеңе аз несіп,
Марқаятын пәс көңілің лезде өсіп.
Тағзым еткен ұрпағың өр рухыңа,
Өлімге бас тіккен жаннан баз кешіп.

АСҚАР ТАУЛАР

Шыңның түгіл,
Шықсам да бір жотаңа
Еңсем биік көтеріліп қалады.
Нар кеудеңде сиқыр құдірет жата ма,
Адамды іңкөр етіп баурап алады.

Төңірекке көз жіберіп сөт тұрсам,
Көңіл – қыран қиянға алыс самғаған.
Шабыт – сырдың шалқар көлін сапырсам,
Шағала – ойым шарқ ұрудан танбаған.

Көкжиекті көлбеп қиыр алабы,
Дала төсі сан құбылған сағымнан.
Маңдайымнан сипап ескен самалы,
Мейіріміндей жан анамның сағынған.

Туған жердің,
 Ұлылығын,
 Кеңдігін,
Таңсық көрем,
 Тамашалап биіктен.
Қилы мезгіл, тауқыметін, зор жүгін,
Қадым заман тік көтерген иықпен.
Зеңгір көктің шексіздігін, заңғарын,
Ұшқыр қиял дүрбісімен шоламын.

Табиғаттың
 Тылсым сырын,
 Заңдарын

Ой көзіммен оқығандай боламын.
Мәрттігіне жаны жайсаң адамның
Ұқсас дала дарқандығы, нарлығы.

Бастайтұғын оң жолға игі қадамның
Қарқынымен

Үндес жүрек жарлығы.
Ұқсас шыңның асқақтығы, өрлігі
Тұлғасына асқан ойлы дананың.

Жалғайтұғын жасампаздық ерлігі,
Жарқын күнге ізгіліктің жаңа өнін.
Жас дәуреннің қызық ғұмырын
қысқартпай,

Жылда жайнап
салтанатын құрған жаз.

Асқар таулар
аласармай,
пәс тартпай,

Туған жердің төңіріндей тұр маңғаз!

МЕДЕУДЕ

Ғайыптан зергер кісі кеп,
Қолға алып сиқыр аспабын,
Кеткендей кейпін мүсіндеп
Асқар тау, заңғар аспанның.

Табиғат түлеп, жасарып,
Таңырқап қарап тұрғандай,
Ақ қайың, шырша жасанып,
Сыр айтып, сұхбат құрғандай.

Телміріп үнсіз зеңгір көк,
Түксиген сұспен шың, жота.
Мүлгіген тылсым-төңірек,
Мұнара шомып күн бата.

Алатау асқақ көрінген,
Алыстан көзге шалынып.
Кең дүние кербез керілген,
Шапаққа кешкі малынып.

Жаңғырып екі қапталы,
Желегін жасыл жамылған.
Жайнатып Медеу шатқалын,
Жарқ етіп нұр шам жағылған.

Құзар шың төнген төбеден,
Ғаламат құрылыс орнаған.

Апаттың жолын бөгеген,
Арындап асқан арнадан.

Құлшынған кілең тас түлек,
Жастардың жарқын ажары.
Мұз айдын үсті тасқын лек,
Дүрлеген думан базары.

Қуантқан
 Қала,
 Даланы,
Қызыққа толы ғұмыры.
Мұзайдын –
 Рекорд алаңы,
Ерлік пен даңқ тұғыры.

ӘКЕ СӨЗІ

Оқы, балам,
Талма
Тағылым алудан,
Сапар да ұзақ,
Алдыңда жол алуан.
«Күш – білімде»
Дегені шын халықтың.
Білімді адам ғана нағыз палуан.

Тәуекелін
Тайғақ жолда сынаған,
Табанды жан
Тар кешуге шыдаған.
Арман құсын
алақанға қондырып,
алатұғын
өмірден бар сыбағаң.

Алқынарсың
шықпақ болып өрге де,
Малшынарсың
түсіп қара терге де.
Қайтсе де
игі талабыңнан тайқымай,
ізгіліктің
нұр шамын жақ зердеңе.

Ұлылардың өнегесін мұра ғып,

Таныт жастан
Тұлғанды
Елге
шын алып.
Сын сағатта
ту етіп ар-намысты,
Сайысқа түс білегіңді сыбанып...

САРЫАРҚА САЗЫ

Сен жайлы қаншама сыр-лебіз,
Тыңдаған адамды баураған.
Төсінде толқыған нұр – теңіз,
Көк айдын мұхиттан аумаған.

Тамаша сипатын халқымның
Тұрпатын баяндап тұрғандай.
Сөулесін себелеп жарқын күн,
Сөніңмен салтанат құрғандай.

Шығанға даңқыңды шырқатып,
Жаңа өмір жайқалтқан өркенін.
Құштарлық сезімін бұрқатып,
Құлшынтқан ғажайып ертеңің.

Сарыарқам, көгің нұр төгеді,
Жазира жерің құт, далаң бай.
Самалың бетімнен өбеді,
Сарғайып сағынған анамдай.

ҚАЛҚАМ-АУ, КІЛТ НАЛЫП

Қалқам-ау, кілт налып
Қаласың неге сен.
Бұрын ғой мұншалық
Тым босаң емес ең.

Жүйкең шын жұқарып
Жасиын дедің бе.
Әлде ерте мұқалып
Қажыған кебің бе.

Жан едің құлшынған
Асқақ бір арманға.
Көз тартып құлпырған
Гүлің бұр жарғанда.

Жан едің құрсанған,
Көрген не қиынды.
Келген іс мұршадан,
Кісіге тиімді.

Құр нали бермеші,
Не болса сен соған.
Асықпай өрлеші,
Асқарға аңсаған.

Ренішке болмашы,
Қамықпа күйініп.
Ертеңге ой жалғашы,
Үмітпен сүйініп...

ТАҢЫМ БАР

Демеймін дара тұлғам,
Демеймін сара туғам.
Таңым бар тағдырыма,
Ақын боп жаратылған.

Суреткер санатында,
Абырой көп алатын да.
Таңым бар сезім-сырым,
Өлең боп қалатынға.

Үңілтіп ой бағына,
Сөз-ою ойғаным.
Таңым бар жыр-перизат
Іңкәр ғып қойғанына...

ӨМІР КӨКТЕМІ

Көктем нұр кәрлі қыстың зілін қауып,
Тазартқан қыр мен ойдың кірін жуып.
Тіршілік тамыр тартып, жайды өркенін,
Уақыттың жайма-шуақ күні туып.

Көкжиек өріс ашқан өңірі кеңіп,
Табиғат жатты түлеп еміреніп.
Құмартып көркіне әсем дүниенің,
Толқыған адам көңілі тебіреніп.

Бусанған сүртіп дала маңдай терін,
Көк аспан көрінісі қандай керім.
Аңқыған жұпар исі Жер-ананың,
Ағытып іште тұнған талай шерін.

Жан ләззат тауып ғажап жәннаттағы,
Құс шырқап самғап ұшқан сабаттағы.
Мезгілдің шапағатты мейірімімен,
Көркейген игіліктің абат бағы.

Шат жүзі кең әлемнің күлген күндей,
Жас өскін жайнаң қаққан көркем гүлдей.
Елтимін жасыл көктем әуеніне,
Жан сүйген жаздың лебізіндей.

КІШІЛІК

Театрда шешкенінде ішігін,
Түсті үзіліп түймесі бір кісінің.
Көргенше өзі, иілдім де өпердім,
Үлкенге істеп ізетін мен кішінің.

Нұрға толып мейірімді көз жанары,
Әлгі кісі күлімсіреп қарады.
– Рақмет, қалқам! – деді.

АЛҒЫСТЫҢ

Жылы лебі өн бойыма тарады.

ЖОЛ

Қасқа жол асып тіке жота-белден,
Барады кіріп аспан құшағына.
Кең дала кеудесінде жорта керген,
Сары жібек арқаңға ұсады да.

Жазғы таң шымылдығын сәнмен түріп,
Жомарт күн шашты өңірге шұғыласын.
Аспанның алабұртқан өңі кіріп,
Алыста ақ нұр құшқан шыңның басын.

...Тұлпары талапты ердің талмайтұғын,
Көсіліп өмір жолы жатыр алда.
Адамның ізгі үмітін жалғайтұғын,
Арайлы арман күнге-жарқын таңға.

ЖАЙЛАУ ТАҢЫ

Жаз таңы атты сібірлеп,
Түріп түннің пердесін.
Сыр айтты жел күбірлеп,
Сипай есіп жер төсін.

Шығыс жақтан арайлап,
Күн шашты нұр шапағын.
Тұрды ұйқыдан бар аймақ,
Оянды ауылы шопанның.

Көкжиекте көлкіген,
Сұлу сағым мұнартып.
Әсемдікке елтіген,
Іңкәр көңіл құмартып.

Ашылды аспан шайдай боп,
Ақ нұр сеуіп таңертең.
Толықсыған айдай боп,
Тұрды ұйқыдан жанеркем.

АРМАН

Лепіріп көңіл тағы да,
Тасыды көлдей көлкіген.
Шалқытып өмір бағында,
Шашымды самал желпіген.

Шыққандай құрмет төріне,
Бір жасап сондай қаламын.
Құлшынып өмір өріне,
Алдайы күнді шоламын.

Нұрлы ертең ғажап не деген,
Қол бұлғап күліп тұр алдан.
Жас көңілді жебеген,
Бір арманнан бір арман.

КҮЗ СУРЕТІ

Күзде тоғай сарыала көйлек киген,
Шуылдайды жапырақ билеп желмен.
Түбіттей боп түтілген ұшпа бұлттар,
Додаланып аспанда қабақ түйген.

Татыр жерді қақ қылып жаңбыр жауған,
Боз селеудің шаштары жалбыраған.
Жинап жасыл желегін, гүл-алқасын,
Жас село тұр жапанда жаңа орнаған.

Ақ бас тартып таулардың шың-құздары,
Қырауланып кер төккен қыс ызғары.
Сұрғылт күздің көңілсіз күйін шерткен,
Сумаң қаққан суық жел ызыңдары.

КАНАЛ

Кең даланы қақ жарып,
Алып канал қазылды.
Қыр өңірі жаңарып,
Жер арқасы жазылды.

Жаңа арнамен жапанға,
Жамырап су жүгірді.
Шел мейірін қандыра,
Жер армансыз сімірді.

Су ізімен жас құрақ,
Қаулап өсіп көктеді.
Гүл жамылып атырап,
Туды өмірдің көктемі.

ТАЛАС-ӨЗЕН

Ежелден, Талас, ерке өзен,
Асау бұйра толқының,
Айдынында жүзіп мен,
Ақ шабақтай шолпыдым.

Жасыл майса жағанда,
Асыр салып ойнаған.
Сүйрік тартып тоғаннан,
Қызығыңа тоймағам.

Ағушы едің сарқырап,
Күміс суың көпіріп.
Арының асау арқырап,
Жас көңілдей лепіріп.

ДАЛА ҚОСЫНДА

Сәулесі торғын көктен туған айдың,
Тарады аймағына Қостанайдың.
Даланың ыстық төсі тұр бусанып,
Көкпеңбек төңкерілген аспан айдын.

Қопарып құрыш қолы дала тыңын,
Тапаған таң атқалы дамыл-тыным.
Оралды қайсар жандар қос басына,
Жұрт қайран қайратына қала тұғын.

Жосылған соқа ізінен салып кесте,
Көз тартқан жал-жал атыз сан белесте.
Ісінен ұзақ күнгі рақат тауып,
Тыныққан диханшылар самал кеште.

ҮШАРАЛ

Туған ауылым, өтенім, Үшарал,
Көңілге ыстық, көзге ыстық бар алабын.
Самалыңа сипатып маңдайымды,
Ой-қырыңды кезіп сан араладым.

Аймағың құт ел-жұртқа мекендеген,
Өр үйіңе бақ қонған, бекер демен.
Қанат қағып қияға қырандарың,
Күш-қуатың құлшынып бекемдеген.

Самал желің, сай-салаң, сағым дарың,
Көңілімнің тарқатқан сан құмарын.
Көрмесем кеп айына, жылына бір,
Дидарыңды, туған жер, сағынамын.

НӨСЕР

Қабағын түйіп түнеріп,
Қарауытып тұрды аспан.
Жөңкіген бұлт үдеріп,
Құрсанып шебі тұтасқан.

Дүбірге толып кең әлем,
Шартылдап сынды найзағай.
Жарқылдап ақты жай төмен,
Көк жүзін түйреп найзағай.

Қыр-ойды кетті сабалап,
Ашулы жүзбен көк нөсер.
Сай-сайды кернеп, сағалап,
Су ақты сел боп көл-көсір.

Аспанның асты сөгіліп,
Селдетіп құйған жаңбырдан.
Несібе-ризық себіліп,
Жер жасаңдап жаңғырған.

ҚЫР БАСЫНДА

Көз алдын күс қолымен көлегейлеп,
Қария қырға шықты көңілінде ой көп.
Сол бір сәт қилы кезең елестері,
Толқытқан жан-жүрегін күйге бөлеп.

Шау тартқан қарттың кейпі тез түнеріп,
Қарады тым алысқа көз жіберіп,
Туған жер үстіменен ғұмыр кешкен,
Көшкендей өткен күндер лезде үдеріп.

Бір кезде жапан дүзде қонған сағым,
Игілік айқара ашқан кең құшағын.
Есіңе ап ақ шашты шал тұрды толқып,
Өткізген өкінішпен балғын шағын.

СЫЙ – ГҮЛ

Перронда қимай қос ғашық,
Қоштасып.
Айырылысты қос ғашық.

Жас жігіт жүзі нарт жанып,
Барады тыңға аттанып.

– Есіңе ал, әр кез досыңды, –
деп қыз шоқ гүл ұсынды.

«Жас жүрек сыйы – гүлі», – деп,
Тіл қатты жігіт күлімдеп:

– Ескерткіші бұл шақтың –
Гүліңе шексіз мен шатпын.

Тұқымын тыңға мен әкеп,
Өсірермін мөпелеп.

Сағынып өзің келгенде,
Тағарсың алып кеудеңе!

ТҰҢҒЫШ ТҮРЕН

– Кеттік! – деп берілді команда,
Жақан кеп ұстады рульді.
Жан кіріп жаңғырған кең дала,
Көтеріп әкетті гүрілді.

Жас жігіт тұлпарын заулатып,
Қара жер қыртысын тілді өктем.
Қырда еңбек жалынын лаулатып,
Себелеп төгеді нұр көктем.

Жоп-жолақ атыздар жол салған,
Тың дала сауыры жыртылып.
Кез жақын жұрт көптен аңсаған,
Көк егін жайқалған құлшырып.

ДАЛА ТУРАЛЫ ЖЫР

Ел аңсары – дала деп,
Еңбек еттік жабылып.
Атырабы ала көк,
Жатыр желек жамылып.

Құла дүзі құлазып,
Тусыраған түл өңір.
Түледі де бой жазып,
Қойнауында күлді өмір.

Жас құрағың еңістің,
Төсек етіп аунағам.
Толқын атқан жер үсті,
Көк теңізден аумаған.

Құштарымыз дала деп,
Жұпар желін өптік біз.
Өмір нұрын ала кеп,
Аймағына төктік біз.

ШОПАН ҚЫЗ СЫРЫ

(Әнге арналған)

Алғашқы қабыл көріп дос тілегін,
Шалқытқан құштар көңіл ыстық лебін.
Серт сезін өз аузыңнан естігенше,
Тынымсыз лүпіл қаққан жас жүрегім.

Айлы түнді жамылып,
Тыңда, құрбым, дос өнін.
Ай жүзіңді сағынып,
Келе ме деп тосамын.

Шыққанда жазғы ымыртта күзетке біз,
Жан сырын жас жігіттің сөз етеміз.
Тарқатар сүйген көңіл ынтызарын,
Есіне ап ғашық жарын бойжеткен қыз.

Арасы алыс емес фермамыздың,
Адымды аяңына жорғаңыздың.
Күніне сан мәртебе келсең дағы,
Айықпас, ада болмас арман біздің.

ЕРТІС ЖАҒАСЫНДА

Туған жердің түні қандай әдемі,
Маужыраған тымық аспан төнеді.
Ерке Ертістің етегінде ГЭС маздап,
Төңірекке нұр сәулесін төгеді.

Кең даланың шегі шетсіз кесілген,
Ақша бұлтын алыс жаққа көшірген.
Әсем шақ көп елестеп көз алдыңа,
Әсте шықпай жүреді әр кез есіңнен.

Айнала маң күндізгідей жап-жарық,
Шұғылаға шомған өңір нұрланып.
Ел арманы – игіліктің шамындай,
Ерке Ертістің жағасына тұр жанып.

ЕДІЛ — ДОН

Екі өзен кең арналы,
Достардай құшақтасты.
Қашанғы ел арманы,
Жарқырап жүзеге асты.

Тоғысып толқындары,
Сағыныш мауқын басты.
Қуаныш шапулары —
Көк бұйра көбік шашты.

Мөлдір су сылдыр қағып,
Сусаған жетті алқапқа.
Жас қайың алқа тағып,
Жағада тұрды сапқа.

ШАҒАЛА

Күміс қанат шағала,
Сипай ұшып су бетін.
Көгілдір көл-айнаға,
Түсіреді суретін.

Шыр айналып қалықтап,
Қонар жерін тіктеген.
Шырқау биік шарықтап,
Құйылады тік төмен.

Тас түскендей солқ етіп,
Қаққанша қас-қабқты.
Су бетіне шолп етіп,
Кетеді іліп шабақты.

Шалқып кейде жүремін,
Шаң жұқтырмай шамама.
Көздеп ұшқан жыр-жемін,
Шабыт та ұшқыр шағала.

КӨКЕЙДЕ КҮЙ КҮМБІРЛЕП

Көкейде күн күмбірлеп,
Жүздесіп пәк бейнеңмен.
Өз-өзіммен күбірлеп,
Сөйлесемін кейде мен.

Шалғайға ойым шарықтап,
Қиял қиырын кеземін.
Түйсігіммен парықтап,
Тылсым сырды сеземін.

Жүрек оты жалынды,
Өшпей жанып лаулаған.
Өзіңе іңкөр жанымды,
Құштар сезім баураған.

Көңіл шадыман кезінде,
Жайраң қаққан жас дәурен.
Нұр құясың сезімге,
Наз, күлкіңмен жан сәулем!..

1955 ж.

ТҮСТЕ КӨЛДІҢ БАСЫНДА

Түсте көлдің басында,
Қыз бен жігіт кездесті.
– Келейік кешке осында!
Екеуі де «мақұл сөз» десті.

Ай төбеде, түн тымық,
Көрінген анық көлеңкең.
Жолыққан жастар ынтығып,
Шертетін сыр, наз көп екен.

Аққу жүзіп айдында,
Қаз қанатын таранды.
Ақ білектер мойынға,
Ақ шәлідей оралды.

САҒЫНЫШ ҚҰСТАРЫ

Аян маған өмірдің кей тұстары,
Тоят тапқан көңілімнің құштары.
Ұя салған тұғырына қонақтап,
Самғап ұшқан сағыныштың құстары.

Жүйткіп өткен күндер, айлар сандаған,
Үміт оты кімнің кештеп жанбаған.
Арман еткен жан аңсарын пенде көп,
Бал ләззатқа мейір шөлі қанбаған.

Шын жүрекпен табысқанмын өзіңмен,
Сырыңды ұғып мөлдіреген көзіңнен.
Махаббаттың айдынында жүздім мен,
Еміреніп елжіреген сезіммен.

Аз да емес сәлем хатым жолдаған,
Ынтызарлық гүлім ерте солмаған.
Қандай ғанибет мынау аз-кем тірлікте,
Жаныңды мұң, көңіліңді кір шалмаған.

Р... ҒА

Сәулем, енді бір жұппыз,
Шырқайтын бір өніміз.
Бал шәрбатты жұттық біз,
Ләззатқа елтіп төніміз.

Көңілге шат күй толып,
Таптық әсем жарастық.
Отау тігіп, үй болып,
Жарқын белден жаңа астық.

Нұрлы отыңмен өзіңнің,
Үміт шамын жандырдым.
Кәусарына сезімнің,
Жан мерейін қандырдым.

Жүрек сыйын шын досқа,
Сағыныштай сақтадым.
Сын кезеңде сынбасқа,
Әл-шамамды шақтадым.

Қабыл болып тілегім,
Құшты бақыт арманым.
Енді өзіңсің тірегім,
Енді өзіңсің жан жарым.

1955 ж.

БАЛАЛЫҚ ШАҚ ҚОЛ БҰЛҒАП

Балалық шақ қол бұлғап,
Ермей артта қалды да,
Өмір жолы даңғырап,
Жатты ашылып алдымда.

Серік етіп талапты,
Сапар шегіп келемін.
Күн шығып, сан таң атты,
Несібе ғып қорегін.

Асу бермес асқардың,
Шықсам дедім шыңына.
Арайланып аспан, Күн,
Шашты алыстан шұғыла.

Жол шеккем жоқ мен тегін,
Тердім ойдың маржанын.
Жырға жалғап кетемін,
Өмірімнің ар жағын...

ТҰМАРЫМ

*Бауырым Сәрсенбек Жайлаовты
жоқтау-жыр*

Мерейімді тасытып, өрге өрлетіп,
Тағдыр бізді көрген жоқ еркелетіп.
Өкінішпен өксіттің, жан бауырым,
Бұл фәниден мезгілсіз ерте кетіп.

Ізі өшпеген қайғының санамыздан,
Қалдық тосын көз жазып панамыздан.
Бейшаралар атандық сәби кезде-ақ,
Ойда жоқта айырылып анамыздан.

Қатыгездік қысымы қандай жаман,
Тақсіретін тартқызған талай маған.
Жетімдіктің дорбасын мойынға іліп,
Опа қылмай өксіткен оңбай заман.

Көрмесек те балғын шақ балын татып,
Тауқыметтің шаңына алды аунатып.
Зұлмат кезең лаңын бастан кешіп,
Жүрегіміз беріш боп қалды қатып.

Қайран бауырым, жүруші ең қорғаным боп,
Алғыс сөзін тұратын арнағым кеп.
Жас ғұмырың жуадай ерте солып,
Жүзеге аспай қалды, есіл, арманың көп!

АЯУЛЫМ

Есіңде ме, аяулым,
Шекер-балым, алуам.
Шат боп күліп талай күн,
Шертіп ем сыр алуан.

Ақ жүзіңді теңегем,
Алтын айға көктегі.
Періштем-ау деген ем,
Күнге балап көктегі.

Бір өзіңе табынып,
Құлдық ұрып қалушы ем.
Кездескенде сағынып,
Сауық-сайран салушы ем.

Бола алмайды маған ем,
Шапағаты басқаның.
Арнап ем ғой саған мен,
Тағдыры бір жас жанның!

1955 ж.

ЖЫР - ҒҰМЫР

Қасым Аманжоловқа

Сүйіп оқып жырыңды жаттап едім,
Өлең құмар жанымның тапқан емін.
Жазғаныңа еліктеп, кітабыңды,
Бас жағыма жастанып жатқан едім.

Соның себі болды ма, болмады ма,
Іңкәр қылған кәусарға мол қандым ба.
Оны айта алман, мен де ештеп жаздым өлең,
Өзіңе ұқсап тебіреніп, толғандым да.

Жұлдызыңды жүрсең де кеш өрлетіп,
Талайларға тағылымың әсер етіп.
Найзағайдай жарқ етіп, жасын атып,
Өттің жауып күркіреп, нөсерлетіп.

Жарқын жазда мол жайған жапырағын,
Жайқала өсіп, жаңғырып жатыр бағың.
... Жақтың жырдың өшпейтін шам-шырағын,
Нұрға бөлеп поэзия атырабын.

1955 ж.

САРҒАЙЫП САРЫ БЕЛДЕН

Сарғайып сары белден,
Таң атты, тұршы, сәулем.
Толқытып шашыңды өрген,
Мойныңды бұршы сәнмен.

Шық қонып үстіңе гүл,
Мөншақтап жапырақ тұр.
Таң нұрын жұтып көңіл,
Сергіген жадырап бір.

Мән тауып нәрленгендей,
Мерейім бәсең көптен.
Жан дүнием өрленгендей,
Пәктіктен, әсемдіктен.

Тұр, сәулем, тұршы, күнім,
Атты таң түнді қуып.
Қосылған екі өмірдің,
Күлді ғой күні туып.

1955 ж.

АРАЛ АЙДЫНЫНДА

Желді күні су толқып сапырылған,
Жағалауда жас құрақ жапырылған.
Көкжиекті перделеп көз жеткісіз,
Айдынында Аралдың жатыр тұман.

Тентек толқын өрілген шудаланып,
Долданады сан қилы шуға салып.
Шымырлаған көк иірім шиырында,
Жарқ еткізген ақ таңын тулап балық.

Асау теңіз төсінде ойнап қайық,
Жас балықшы келеді ауын жайып.
Көк айдынның көпірген бұйра жалын,
Көз жұмғанша кетеді толқын шайып.

Кереметін көрсетіп жойқын күштің,
Таңғалдырған тәлімі айқын істің.
Адам еркі табынтып алған баурап,
Аспан асты, алапат айдын үстін.

Тапты кешке саябыр жел де тынып,
Аласұрған су беті жатты тұнық.
Дөңбекшіген долыны байлап-матап,
Ер балықшы қиырдан қайтты күліп.

1956 ж.

АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

Талай оның құлағы көп шулады,
Талай рет жас жүрегі тулады.
Талай рет қалды іркіліп айтылмай,
Көкейдегі көрікті ойдың шумағы.

Мол екен ғой жастық шақтың думаны,
Құштар сезім кірпіктерді сулады.
Көңілдерді ыстық лебіз тербетіп,
Жүректерде сағыныштың туды әні.

Байқамады қыз бойжетіп өсерін,
Жан жұмбағын жас жігіттің шешерін.
Татты екеуі армансыз бал шәрбатты,
Тұңғыш рет өбіскенде қос ерін.

УНИВЕРСИТЕТ

Тапқан ризық –несібін,
Сенде өткізіп бес жылым.
Әдебиет есігін,
Қақты келіп кеш жырым.

Өрлеп алға адымдап,
Өтті талай күндерім.
Жайраң қағып, жалындап,
Жайнап дәурен сүргенмін.

Құлашымды тереңге,
Сенде жүріп сермедім.
Сыйғыза алсам өлеңге,
Көп екен ғой бергенің.

Қуат құйдың бойыма,
Жан дүние нұр толып.
Оралады ойыма,
Жинағаным жыр болып.

1953 ж.

СОНАУ КЕЗДЕ СӘТТИ ОЙЛАП БОЛАШАҚ

Сонау кезде сәттерді ойлап болашақ,
Сүйген жардың жан сүйсінген мінезін.
Ұйқысыз бір түнде енуші ем бала шақ,
Қиялымның құшағында бір өзім.

Уақыт зулап білдірмей тез өтетін,
Таңның қалай байқаттырмай атқанын.
Балаң жасты лезде есейтіп кететін,
Сезілмей еш терең ойға батқаным.

Жылдар өтті, құштарланып өмірге,
Құшақ жайып, жігіт болып ержеттім.
Дауа тауып саған іңкәр көңілге,
Аяулым боп аяладың, тербеттің.

ШАРЫҚТАП ҚҰСША ҰШАДЫ-АУ

Шарықтап құсша ұшады-ау көңіл деген,
Жоқпын мен дүниеге тегін келген.
Ержетіп, сөтте ұғынған парызымды,
Мойнына артқан жүкті жеңіл демен.

Балапан кезде жаңа қанаттанған,
Кеудемде асқақ арман, талап толған.
Кернеген көкейімді көп құштарлық,
Көңілімде көгершіндей қонақтаған.

Асықпай өрлеп алға жүріп келем,
Өзімді шабысы ерек жүйрік демен.
Сүрінген шақтарымда абайсызда,
Демеген қолтығым сүйікті өлең.

Азайып атар таңым, батар күнім,
Сиреп те қалды тобы қатарымның.
Тілеймін Жаратқаннан қайырлы боп,
Бітсе деп ақыры ұзақ сапарымның.

ЖАЗҒЫ ТҮН АСТЫНДА

Жазғы түн астында,
Жатырмын мен ояу.
Жарық ай аспанда,
Жүзеді тым баяу.

Көк жүзі елеңдеп,
Жерге үнсіз төнеді.
Ақырын себелеп,
Әппақ нұр төгеді.

Жазғы жел самалы,
Шалқып жай еседі.
Бұлт шығып шамалы,
Манаурап көшеді.

Жарқ еткен басында,
Құбылтты Ай сөулесін.
Жатты ұйықтап қасымда,
Балбырап сөулесім.

БОЗБАЛА НАЗЫ

Қарадың-ау кірпігінді қадап тым,
Үшкір екен жебесіндей садақтың.

Жалт етіп бір көз тіккенде жанарың,
Жас жаныма жалын жақты, қарағым.

Албырттықпен еш алаңсыз жүр едім,
Сол сөт тулап қатты соқты жүрегім.

Қандай ғана мейірімі мол қыз едің,
Махаббаттың айдынында жүземін.

Қапелімде маған ауып назарың,
Болдың қызық ойын-күлкім, базарым.

Жайраң қағып қарашы ылғи, жан сәулем,
Жайнап өмір, жалын атсын жас дәурен!

АҚЫН ДОСҚА

Ізтай Мәмбетовке

Жинағыңды – жырыңды,
Жаңа отырмын қолға алып.
Оқып талай сырыңды,
Ойланып та толғанып.

Жасың түйдей құрбы едің,
Өзіліміз жарасқан.
Досыңа адал жүрегің,
Сыр сандығын бірге ашқан.

Жаны жайсаң жігіт ең,
Сергек, ойлы азарың.
Кездің нұрлы үмітпен,
Жастық шақтың базары.

Жырыңды оқып жалынды,
Қуанышқа бөлендім.
Жаңа ұғып жаныңды,
Жайлауындай өлеңнің.

1956 ж.

ҰМЫТЫЛМАС КЕШ

Айқасып айлы кеште білегіміз,
Ұштасып үміт толы тілегіміз.
Оятып тұнғыш сәби махаббатты,
Лүпілдеп бірге соққан жүрегіміз.

Асқақ ой асқарлардан асып әрман,
Бойға күш құйылған от-жасындардан.
Қиырға қанат қағып қиялымыз,
Қол артқан аяулыңа асыл арман.

Өткертіп өмірдің сан белесінен,
Уақыт тезге салып мені өсірген.
Қалса да талай жылдың тасасында,
Шықпайды сонау бір кеш мәңгі есімнен.

АУЫЛ ОТЫ

Қараңғы түн. Жоқ жұлдыз да, жоқ ай да,
Кетті үдеріп күндізгі аспан –көк айна.
Тұнғыық бір иірім жұтып қойғандай,
Ғайып бопты маңайдағы тоғай да.

Тылсым дүние думаны кілт тыйылған,
Далиған кең дала етегі жиылған.
Қырдағы ауыл үйлерінде жанған от,
Шұғыла шашып жарқырайды қиырдан.

Аспан астын орын кылып орайлы,
Мүлгіген түн әрі сұсты, әрі ойлы.
Айналаға шашыраған ақ сәуле,
Атқан таңның шапағындай арайлы.

Қарағанша кірпігіңді сәт қағып,
Бір кез көктен жұлдыз шоғы өтті ағып.
... Адамдар ғой тас қараңғы түнде де,
Алаулатқан өмір нұрын от жағып.

КӨЗІМЕ ЫСТЫҚ

Жайлау жолы – жолақ арқан,
Түгесілмес құсаң тынбай.
Қызғалдақты дала дарқан,
Қойлы ауылдың құшағындай.

Аспанда ұлпа бұлттар маңып,
Ақ шөлідей желбіреген.
Алыс қиыр сағымданып,
Айна көлдей мөлдіреген.

Жасыл кілем жамылғандай,
Бар төңірек, айнала маң.
Сарғайып көп сағынғандай,
Самал желі аймалаған.

Көзіме ыстық ауылым менің,
Көрінеді түү алыстан.
Кең жайлауға іңкөр көңілім,
Құс боп ұшқан қуаныштан.

ТАҢ СӘРІДЕ

Сәріде сан құбылып нұрлы сағым,
Толтырған көк торғынға қыр құшағын.
Оянып әр көңілде әсем ойлар,
Маздатты көкіректе жыр ошағын.

Жазғы таң жарқ еткізіп, күміс күнін,
Даланың жүз түрлентті пүліш түгін.
Ақ кептер қанатымен ұшты аялап,
Өскен ел, туған жердің тыныштығын.

АЛҒАШҚЫ ҚАР

«Тұршы, Ақан-ау, шықшы тысқа,
Жапалақтап жауыпты қар.
Сібірленген таң шығыстан,
Көкжиегі аппақ мұнар.

Түн пердесін айқара ашты,
Күн елшісі арадағы.
Атыңды ерттеп, іш дағы асты,
Қойыңды өргіз қорадағы ...»

Деді де Айгүл баяу тербеп,
Оятты ұйықтап жатқан жарын.
Үйдің алдын әбден күреп,
Түндікті ашты қағып қарын.

Тез киініп, шықты сыртқа,
Шопан жігіт таяқ ұстап.
Қоныпты қар жаңа жұртқа,
Алатауда жатқан қыстап.

Айнала әсем ұлпа мамық,
Күнгей жота жалт-жұлт қарап.
Сұлу қамыс сырға тағып,
Ақ шөлісін алыпты орап.

Қиыр шетте қалың тоғай,
Қарауытып тұр ойланып.
Асыл жардың арманындай,

Атыпты таң арайланып,
Жер бетіне жаңа жауған,
Жапалақ қар гүлдей аппақ.
Кір шалмаған, мұң шалмаған,
Жас арудың көңіліндей пәк ...

МАЙ САМАЛЫ

Пай-пай, кербез көктемдегі дала қандай,
Келбетіне көз тоймай қарағандай.
Бой сылаған қырмызы қызғалдақтың,
Сипатынан сұлулық тарағандай.

Күлімдеген күн мезгіл еркіменен,
Күмбірлеткен шат күйін шертіп ерен.
Жарастығын тапқандай жайсаң дүние,
Жасаңғырап жаңғырған көркіменен.

Ой мен қырдың көк майса бар алабы,
Көңіл көктем нұрынан нар алады,
Сағынышты шыраймен май самалы,
Малды ауылдың аймағын аралады.

Ізгі үмітпен үдертіп арман көшін,
Дүбірлі үнге бөленген әр таң, кешін.
Кең жайлауды жайлаған шопан қауымы,
Тіршіліктің дүрлеткен жәрмеңкесін.

Шалқып ескен жел шарлап айналаны,
Шартарапқа көсілген бай даланы.
Ақсақалды қарияға тағзым етіп,
Асыл жардың ақ жүзін аймалады.

ШАНА ҮСТІНДЕ

«Шу, жануар, жұлдыздай ақ,
Ұшқан құспен жарыстағы.
Жедел жеткіз қос арғымақ,
Жан жарыма алыстағы.

Тұрса да ұйытқып боран борап,
Түнде жалғыз қой күзетіп,
Екі көзі төрт боп қарап,
Отыр ғой ол мені күтіп!..»

Қарлы аязда мініп шана,
Шықты жолға Бек түн қатып
Жөнелді аттап жүйткіп ала,
Желе шауып, жорғалатып.

Қараңғы түн тұр түнеріп,
Бүркеп тылсым төңіректі.
Үрейлі аспан жерге төніп,
Қаһар шашып, ызғар төкті.

Долы боран сақ-сақ күліп,
Жол үстінде салды ойнақты.
Қалың күртік қарды үйіріп,
Көрленеді кейде қатты.

Талай еңіс, асып белден,
Талай қырдан құйғып өтіп.

Жас жолашы жаңа үйленген,
Жетті үйіне түнделетіп.

Қандай жақсы кең далада,
Шана үстінде құрған серуен.
Қандай жақсы шықса алдыңнан,
Құшақ жайып сүйген сәулең!

ӘМІРШІСІ ДАЛАНЫҢ

Тағдыр сені қырына ап бала жастан,
Бақытыңды қаңбақ ғып ала қашқан.
Кітабына тұрмыстың ерте үңілдің,
Мектептегі сабаққа қарамастан.

Сонда неге мұңайып аймақ тұрды,
Тентек құйын шаңдатып ойнақ құрды.
Сауатыңды аштырмай сұмдық соғыс,
Қолға таяқ ұстатып қой бақтырды.

Қайда аялуы балалық күн күлдірген,
Қатал уақыт қызықтан түңілдірген.
Шеміршек қып бекіттің бұғананды,
Жүк арқалап белінді бүгілдірген.

Жасаған жоқ болсаң да түк те ерлік,
Қайратыңды шындадың мықты етерлік.
Ер көңілді жігіттің нары екенсің,
Жүрдің батпан бейнетті тік көтеріп.

Артта қалды ауыр жыл, дауылды күн,
Мезгіл басқа жүктеген дәуір жүгін.

Абыройға бөленген азамат деп,
Ардақтаған сені ерек аулың бүгін.

Адам ғұмыры кейде бір ойын сынды,
Құдіретіне қиындық мойынсұнды.
Әміршісі атанып паң даланың,
Алдың билеп адуын Мойынқұмды.

Қазір сенің дей алман жолың тараң,
Игіліктің төліне толы қораң.
Қаһарыңнан қаймығып қалт-құлт еткен,
Ақ қар, көк мұз, түтеген долы боран...

СӘЙГҮЛІК

Астымда жарау ат жүйрік,
Құйғыта шапқан көсіліп.
Суық жел тозаң үйіріп,
Күпсек қар жатты есіліп.

Шағылған кезің ақ қарға,
Шуақты қысқы күн қандай.
Жосытып дүзде шапқанда,
Бір жасап көңілің тынғандай.

Гуледі ат серпіп тұяқты,
Ор болып ізі қазылып.
Әріп сап кеткен сияқты,
Жұмбақ сөз жерге жазылып.

Артыма қарап бір сәтке,
Алуан ой, сансыз күй кешем.
Қалғандай түсіп суретке,
Сондағы көңіл күйі әсем.

Малынған аппақ мұнарға,
Далиған дала, байтақ қыр.
... Шықсам-ау, шіркін, құмардан,
Шабыттың атын байқап бір.

КЕРУЕН

Суылдаған күзгі жел бір тынбады,
Ақ түтек ғып шаңды ауыл сыртындағы.
Алабұртып аспанда жөңкіле аққан,
Көшкін бұлттың көйлегі жыртылады.

Көзін тіккен бар дүние құмарланып,
Бұлт астынан қарайда Күн ұрланып.
Жатыр сулық, сәні жоқ, жаздағыдай,
Жайлау үсті көңілсіз мұнарланып.

Жомарт кездің ризығын еткен несіп,
Думан күнін сал дәурен өткен кешіп.
Жұрты жатыр жым-жырт боп жадау тартып,
Малды ауылдың күзекке кеткен көшіп.

Мекенінен мезгіл де жаңылыпты,
Дала төсі сары тон жамылыпты.
Кетті үдеріп жарқын жаз керуені,
Кей көңілге қалдырып қамырықты.

МӨЛДІР ҚАЙНАР

Бүлк-бүлк қайнап су атқып жер көзінен,
Бойында ерен бір күш барын сезінген.
Таңсық көріп тамашалап тұрамын,
Табиғаттың төні иіген кезін мен.

Арна тартып сарқылмайтын бастаудан,
Мөлдір бұлақ тіршілігі басталған.
Қос кемерін көркем етіп көмкерген,
Қаулап өскен жасыл құрақ, жас қаудан.

Қойнау сайдан шапшып көкке атылған,
Кәусар суын тазарған бар татынан,
Ыстық күнде қатты кеуіп таңдайың,
Шөліккеп кеп ішкенде бал татыған.

Қайнар көзін табамын деп қай маңнан,
Қанша кісі сапарға алыс сайланған.
Туған жердің таусылмайтын құт-нөрі,
Тіршіліктің ризығына айналған.

Тұла бойын күш кернеген серпілген,
Мерейі өсіп, мейірі тасып желпінген.

ҚЫС ПЕЙЗАЖЫ

Күнге ұлпа қар шағылып,
Жалтылдайды төңірек.
Қыс мошағын тағынып,
Толықсиды тал-терек.

Айнала маң көсілген,
Жамылыа ақ көрпесін.
Бұлтты көкке көшірген,
Бүркеген тау өркеші.

Дүзде жортып заулаған,
Жүйткіп есіп жел-киік.
Аруанадан аумаған,
Алыстағы бел биік.

Көз ұшында көлбеген,
Күміс айна көл беті.
Көңіл күйін тербеген,
Қыраулы қыс келбеті.

Аязда айылын жимаған,
Дала кербез, дала паң.
Маңдайынан сипаған,
Күн-аялы алақан.

ТАС МҮСІН

Түнерген төңірегі қорым ескі,
Тірелді обаға кеп жол көмескі.
Мезгілдің шабарманы — зуылдақ жел,
Тынымсыз ызыңдаған қырда кешкі.

Аударып назарын әр жүргіншінің,
Мелшиген тас мүсіні бір кісінің.
Белгісіз шебер қолы талмай қашап,
Нобайлап бейнелеген түр-пішінін.

Кім екен бұл жапанда азалатқан,
Байғұс па жазықсыздан жаза тартқан.
Боздақ па сүйгені үшін құрбан болған,
Батыр ма жау қолынан қаза тапқан.

Бағыдан тұрған оқшау бел үстінде,
Гуілдеп мұң шертеді жел мүсінге.
Бәлкім, бұл, қара тас боп қатып қалған,
Халықтың қасіретінің белгісі ме!

ҚАЗДАР

Қаздар, қаздар қатар ұшып,
Қос қанатты қағып төмен,
Қарап өттің қош айтысып,
Қаңқ-қаңқ етіп қақ төбемнен.

Қарайламай қайда асығып,
Қайда самғап барасындар.
Қызық күнді қырға асырып,
Әрнені ойға саласындар.

Сабылдыңдар сапар шегіп,
Қай қиырға күз болғанда.
Күн суытып, ызғар төгіп,
Көл бетіне мұз қонғанда.

Қайда аңдыздап жұбың жазбай,
Шарқ ұрдыңдар шырқап биік.
Сайрандаған алажаздай,
Сая жерді тастап, қиып.

Көп сағынтпай келгейсіңдер,
Көктем шыға қайта оралып.
Сезім күйін тербейсіңдер,
Көңілге бір қаяу салып...

ҰШАҚ ҮСТІНДЕ

Ұшып келем, арайлы таңертеңмен,
Шыр айналып дөңгелеген жер төмен.
Көкейіме ғаламат сыр тоқыдым,
Көз жеткізгісіз ұлан-байтақ өлкемен.

Сәрідегі сағымы бір сынбаған,
Кербез дала тірлік күйін тыңдаған.
Ақ лентаға ұқсайды өзен арнасы,
Толқыны өмір ағынындай тынбаған.

Жасыл белден жатыр асып жол шеті,
Жарқырайды қиырдағы көл беті.
... сұлулықтың, ұлылықтың символы,
Туған жердің көктемдегі әсем келбеті.

ҚОС ЖАНАР

(баллада)

БІРІНШІ СЫР

1

Қалай бұл жанған үміт жоғалғаны,
Қалың ой тығырыққа қамалғаны.
Қалай бұл қапияда бір мезетте,
Қайғы кеп қуанышқа жамалғаны.

Тағдырың тауаныңды тағы алдады,
Жаз дәурен қызық күнін тамамдады.
Мұң шөгіп жасаураған жанарыңа,
Қапалы көңілің дауа таба алмады.

Өмірдің өріне асар кезінде өрлей,
Толқытты өзіңді оқыс сезім тербей.
Ақ түсіп ойламаған тосын жерден,
Кім білген қалатынын көзің көрмей.

Қызықты қуанышың кілт тыйлып,
Үйірілген қабағына бұлт жиылып.
Аспанның шайдай ашық күңгірт тартты,
Жұлдызы үмітіңнің күрт сұйылып.

Қос жанар – шам-шырағың, күнің сенің,
Нұрсыз көз-тас қараңғы түнің сенің.
Зар болдың бір көруге қайран, әке,
Дидарын мынау жарық дүниенің!

Дәл кеше, кәрі өмірің нұрға жарып,
Қарттыққа мұқамайтын ғұмыр дарып.
Арманның арғымағын ерттеп мініп,
Қалғаның қайта қунап бір жасарып.

Дәл кеше алғыс естіп сүйікті елден,
Шашу ғып шаттығынды жиып келген.
Екі той қуанышын қатар жасап,
Асқаның асқаралы биік белден.

Сабак қып көкейге көп түйгенінді,
Кіргізіп шуақ төккен үйге күнді.
Баянды бақытымның бетін аштым.
Өмірлік жар еттім де сүйгенімді.

Қашанда ердің даңқын кірлетпеген,
Малды ауыл өзінді бек құрметтеген.
Жетпіске толғаныңды атап өтіп,
Қызықтап думан құрған дүрмекпенен.

Қос қызық, қос қуаныш желпіндіріп,
Көңіліңнің көп кірбеңін серпілдіріп.
Қыдырып күнде кешке қыр басына,
Жүруші ең алшаң басып, еркін күліп.

Туған жер келбетіне тоймай қарай,
Көз тігіп көк жиекке тұрдың талай.
Қоштасып батқан күнмен мақпал нұрлы,
Жүздесіп атқан таңмен алтын арай.

Шырағың көрмегелі мұның қалып,
Басыңа түскен қиын күнің кәріп.
Көп шектің ой азабын, жан азабын,
Көкейге ұялаған мұң ұзарып ...

ЕКІНШІ СЫР

1

Тәтті арман бала күнгі әлі есімде,
Соныңа кейде ішіңнен күлесің де,
Дегендей әке өнері – ұлға мирас,
Қойшылық тиді менің үлесіме.

Құлшынтып қиялымды қиыр дала,
Шопан боп бекінгенім биыл ғана.
Тапқанша өмірдегі өз орнымды,
Адасып түстім талай шиырға да.

Қия алмай қиын іске қарағыңды,
Ылажсыз мақұлдадың талабымды.
Тағдырдың маған тартқан сыйы қандай,
Қарыштап сынап көрем қадамымды.

Көк өзен жайлауында гүрілдеген,
Көлінде күміс сөуле дірілдеген.
Құт дарып, бағы жанған шопан аз ба,
Домалап өрге тасы дүрілдеген.

Жақсы ісі таусылмас жыр айтуға әлі,
Жарқырап аспаннан ай туғалы.
Сауыққой, қонаққұмар қойлы ауылдың,
Әсте бір тарқамаған той-думаны.

Мен де асқақ армандауды ұнатамын,
Қияға қысқа күнде мың батамын.

Көп ойлап ертеңгі ұшан тірлігімді,
Кей шақта кірпік ілмей түн қатамын.

Жастық шақ базарлы ғой көктемімен,
Жар салған жер – жаһанға өктем үнмен.
Еңбектің сөйгүлүгін мініп өтем,
Өмірдің сынағы мол өткелінен...

2

Гүлжаһан, құрбым менің, бала күннен,
Татулық табыстырған талабыммен.
Үстем ғып мерейімді қатарымнан,
Үйіме көп қуаныш ала кірген.

Алғашқы асыл арман тілектегі,
Берік серт, байлаулы сөз жүректегі.
Жалғасып шын жостыққа, махаббатқа,
Көңілді шуағына ап жүдетпеді.

Тағдырын тапсырғанда айнама маған,
Қуә боп бақытыма ай қараған.
Арқамнан қағып менің жомарт өмір,
Анамдай ыстық леппен аймалаған.

Сарғайтып сағыныштың жыр-хатына,
Мені іңкөр еткен сұлу сымбатына,
Гүлжаһан хирургі бір совхоздың,
Талайдың шипа тапқан сырқатына.

Қалдырмай кітап бетін кезілмеген,
Кей күндер ұзақ таңға көз ілмеген.
Жас жарым жақауратып бірде маған,
Сыр айтты көп толқыған сезімменен:

– «Жомарт-ау, тәуекелге талап етем,
Атамның жүргені өстіп бола ма екен,
Өзім-ақ операция жасап көрем,
Қорқатын ештеңе жоқ ала бөтен.

Аурудың алдын тоспай кеш қалғанмын,
Қайырлы қадамымды қош алған жөн.
Сауығып кетуі оның әжеп емес,
Шипа боп, сәтті шығып жасалған ем!..»

3

Жас төлін жамыратып жасыл көктем,
Жауынды аспан көзден жасын төккен.
Жарқ еткен бұлт қабағын жадыратып,
Алтын күн шұғыласын шашып көктем.

Ақ сәуле аймалаған төңіректі,
Тіршілік гүлін байтақ өңірге екті ...
Осы бір құдіреті табиғаттың,
Еріксіз, әке-ау, сені тебіrentті.

Кісіге көп танытқан көсемдігін,
Өр көңілің шарасыздан бәсең бүгін.
Үміттің оты жанды тағы алдыңнан,
Нұрлантып дүниенің өсемдігін.

Шаншу сөз шамшылаған жанды тіліп,
Кейбіреу ғайбат айтып қалды күліп.
Жаңылмай жақсы ойынан жас келіннің,
Ақ шелін жанарыңның алды сылып.

Он өлшеп қарекетін он шақтады,
Ащы тер маңдайынан моншақтады.
Жазым боп көз тамырың кете ме деп,
Хауіпті қаперіне көп сақтады.

Сан қилы сапырылысып сезім тасып,
Дәт таппас тұрғаныңша төзім қашып.
Сап қылып бар сабырды біттік тауысып,
Басыңды көтергенше көзіңді ашып ...

ҮШІНШІ СЫР

«Қадірің мың есе екен қайран дүние,
Сауықтап салған талай сайран дүние.
Шырадай екі көзім қайта жанды,
Әр күнің маған бүгін мейрам дүние.

Көңілімнің күй толқытқан кең арнасын,
Бұлт шалып кейде үміттің мұнар басып.
Дәуірдің мінгенше ұшқыр пырағына,
Тірліктің сүйрелегем көне арбасын.

Тұрмыстың талқысына иікпеген,
Кеудеме мезгіл сырын түйіп» келем.
Қажыған қайратыма қанат бітіп,
Қайтадан шығар тауым тиіктеген.

Нұрлы көз шырайыңа өң беретін,
Асыл жоқ дүниеде оған теңгеретін.
Айығып сарылдырған сырқат-дерттен,
Көп екен жарық күнім мен көретін!..»

ҚЫСТАУДА

«Әлдилейін, өндетейін,
Ұйықтап алшы, бөпем менің.
Үйде жоқ қой, мен не етейін,
Тым балажан өкең сенің.

Кетіп еді салып еске,
Қалмасын деп бөпем жылап.
Қойын жайып соны өріске,
Келеді үйге кешке бір-ақ.

Сақылдаған күн сары аяз,
Қайт деп едім ертелетіп,
Қалады-ау ол болып бір мез,
Сені алдына ап еркелетіп.

Ұйықта, күнім, түріп білек,
Жұмыс істеп алайыншы.
Қора ішінің қарын күреп,
Малға жем салайыншы!»

Ана әлдиі тез ұйықтатты,
Сәби жанын балбыратып.
Ұйтқиды жел сыртта қатты,
Ақ түтек қып қар боратып.

Шопан жары қыс көрінен,
Қаймығатын кісі ме екен,

Қора күреп, тасып пішен,
Алды реттеп ісін бекем.

Ару көңілі жадыраған,
Жас қайратын бойға жиып.
Алма бетін албыраған,
Қызартты аяз шымшып, сүйіп.

Құтыртқанда қыс боранын,
Дейсің бе оны тоңбайды ғой.
... шаруа адамы –тірлік қамын,
Ойламаса болмайды ғой.

КҮЗГІ БАҚ

Қабағын шытып қоңыр күз,
Жөңкілген бұлттар үдеріп.
Жабырқау тартқан көңілсіз,
Бақ іші үнсіз түнеріп.

Гөй-гөйін салған жер ерке,
Бірде ұйытқып, бірде басылып.
Жамылды шұбар жер көрпе,
Жайдары жүзін жасырып.

Шұбаған көкте тізіліп,
Түстікке қайтқан құс легі.
Әуенің түсі бұзылып,
Ызғырық атқан қыс лебі.

Тарқады жаздың думаны,
Дәт қылмай ерте күз түсіп.
Шөп басын қырау сулады,
Жамбасы жердің сыз құшып.

Көнеріп көркем бейнесі,
Мұңлы ойға шомған бақ тынып,
Жас терек шешкен жейдесін,
Бойшаң тал бөркін лақтырып.

Ашушаң қартаң кісідей,
Қарағай түйіп қабағын
Томсарған бала пішінде,
Түріпті қайың балағын.

Жел ескен сарнап кейде ұзақ,
Болғандай қызық күн ғайып.
Көріксіз жүдеу күзгі бақ,
Көңілсіз тартқан мұңайып.

ЕКЕУ

Алтын ай жүзген аспанда,
Жазғы түн қандай тамаша.
Сүйеніп екеу жас талға,
Сыр-дүкен құрды оңаша.

От-демі балғын жігіттің,
Қыз бойын өрттей шарпыған.
Шағал құсы үміттің,
Шарықтап ұшып шарқ ұрған.

Жарқырап түнде жазғы аспан,
Сүйсінткен кейпі таңғалтқан.
Тұрды екеу жұбын жазбастан,
Сезімге ыстық тән балқып.

Төбеден үркер кетті ауып,
Қос ғашық қайтпай тұр әлі.
Айтты екен нендей сөз тауып,
Ынтызар көңіл туралы.

Серттесті ме ... іңкөр жүректің,
Түйінін тұңғыш шешуге.
Айқасқан ыстық білекті,
Айырмай ғұмыр кешуге.

БАЛАЛЫҚТЫҢ ДУМАНЫ

Январьдың таңы атты,
Ақ моншағын тағынып.
Құрдық қайта санатты,
Қыс қызығын сағынып.

Аппақ мұнар тұр орап,
Алыстағы қыр дөңді.
Долданады бұқырап,
Қыраулы аяз ертеңгі.

Демікті екі инінен,
Дала қатты жөтеліп.
Күн қабағы түйілген,
Қызыл шарын көтеріп.

Ат шаптырым алаңы,
Жалтырайды айдын мұз.
Балалар мәз болады,
Басталды деп бөйгіміз.

Біреу қырдан сырғанап,
Заулатады пананы.
Алға сүйреп қарлы алап,
Ширатады шаланы.

Біреу мұзды алаңда,
Ызғып коньки жүр теуіп,
Бөйге тимес далаңға,
Күпсінетін құр кеуіп.

... қызды сөйтіп қыс күні,
Балалықтың думаны.
Бір сейілтті кісіні,
Тарқап көңіл тұманы.

СҰРЫҚСЫЗ КҮЗГІ ДАЛА АТЫРАБЫ

Сұрықсыз күзгі дала атырабы,
Сарғайып ұшты ағаштың жапырағы.

Толқыны көбік шашқан құрақты көл,
Сыңсыған нар қамысты шулатты жел.

Бұрқырап құйындаған дала шаңы,
Қыр төсі жамылды ескі алашаны.

Мүсіркеп жүдеу тартқан айналаны,
Бұлтты аспан ұзақ қарап ойланады.

Қабаржып қамықты ма қаз кеткенге,
Қоштасып қолын бұлғап жаз өткенге.

Қабағын кенет аспан қатты түйіп,
Көз жасын нөсерлетіп өтті күйіп.

АПРЕЛЬ

Көктем – күнмен тыныстап,
Күле келді апрель.
Төсегінен гүл ұстап,
Түрегелді апрель.

Еңбек күйін қоздатып,
Дабылдатты апрель.
Ерлік отын маздатып,
Жалындатты апрель.

Туған ауыл өңірін,
Жадыратты апрель.
Тіршіліктің жас төлін,
Жамыратты апрель.

ДАЛА СЫРЫ

Қилы жолмен қисапсыз шұбап күндер,
Жосқан аңдай жапада жортты жылдар.
Жазирасын жоқтаған жылап гүлдер,
Жайпап-ұйпап өткенде жортуылдар.

Сар далада сарылып сапқа тұрды,
Саясы жоқ сағымның ормандары.
Жалаңаштап кеудесін оққа кірді,
Сансыз рет адамның армандары.

Жақсылықты жамандық талай күндеп,
Махаббаттың зұлымдық сүйді төсін.
Жарлы өмірдің жыртығын жамайын деп,
Талай үміт жоғалтқан күлге инесін.

Игіліктің көркейіп көк орманы,
Тұрағына айналды дала ұжмақтың.
Бабамыздың кешегі көп арманы,
Жалау болған жанына жаңа ұрпақтың.

САРЫАҒАШ САНАТОРИЙИНДЕ

«Қалдың ғой қапелімде,
Қатты бір сырқаттанып.
Алма уайым қаперіңе,
Қайтқанша түр хат салып.

Қыста өткен шектің зардай,
Боранда қоймен ығып.
Дерт таптың, суық қармап,
Ауруға бой шалдығып.

Не жетсін тіршілікте,
Жүргенге сау боп денің.
Қояды күрсініп көп,
Кей кезде сөулең сенің.

Шипа боп дарыды ма,
Сарыағаш суы саған.
Жаны іңкөр жарың мұнда,
Дос пейілі суымаған ..»

Осынау хатыңды алып,
Тебірендім толқып айнама.
Қалдым бек қанаттанып,
Күш жинап әлдеқайдан.

Лезде кетті тарқап,
Серпіліп қайғым мүлдем.

Сөзіңді емге балап,
Сауықтым айығып мен.

Нұр бейнең мейірім төккен,
Пәс көңіл құштары ғой.
Сөлемің маған жеткен,
Сағыныш құстары ғой!

МОЙЫНҚҰМДА

Бүк түсіп, шөгіп жатқан сан мың жылдар,
Ұзын жал, бұйрат төбе, шағыл құмдар.
Аязға айқара ашып аршын төсін,
Жалаңаш арқасына жамылды қар.

Боз қырау шөптің басын бүркеп төмен,
Ор қоян бүрсең қағып дірдектеген.
Малды ауыл белін буып, білек түрді,
Түрегеп таң азанғы дүрмекпенен.

Қысқы күн көтерілді дөңгеленіп,
Төңірек төсін жазды демде кеңіп.
Қаптатып қойды өріске бағып жігіт,
Құр атын шықты ызғытып дөңге желіп.

Басылмай тұрса да ұйытқып қыр бораны,
Баяулап бар маңайға нұр тарады.
Байымдап ауа райын малсақ шопан,
Байыппен айналаға бір қарады.

Қарады айналаға аттан түсіп,
Қатал қыс көрін тігіп жатқан қысып.

... Ауылдың тынысындай құмдағы алыс,
Ақ түтін будақтаған аспанға ұшып.

Соны айтып ... көзіңді ашып күлімдедің,
Арылып барады ғой түнім дедің
Қасыңа ап Гүлжаһан мен Жомартыңды,
Қос қарғам, қос жанарым, күнім дедің.

Жас жарым ілтифатпен бір қарады,
Өлдене көңіліне сырды орады.
Жүгіріп жүрегіне отты жалын,
Аяулы ақ жүзіне нұр тарады...

ДОС ПЕРЗЕНТІ

БІРІНШІ ЖЫР

«Көріп қайт келіп бұл жақты,
Қаратау шәрін гүл бақты.
Сүйінші! Сен де қуаншы,
Айманым менің ұл тапты!»

Мейман боп кенді қалаға,
Жеткейсің шілдеhanaға.
Өзің кеп жақсы ат қойып кет,
Дүниеге келген балаға!..»

Қадірмен құрбым, әм досым,
Жігіттің мәрті Жанбосын.
Қуанышқа қалдым кенеліп,
Хатыңды алып мен тосын.

Құрдас ең жастан бірге өскен,
Қызықты бастан бір кешкен.
Жығылсақ қайта белдесіп,
Қысқа күн қырық күрескен.

Тірлікте талқы екен көп,
Шынықтық ширап бекем боп.
Ортаға ап жалғыз кітапты,
Оқып ек талай екеулеп.

Көп айтпай бізге ертекті,
Балалық дәурен ерте өтті.
Қапыда қанжар суырып,
Қаһарлы соғыс көр төкті.

Күйікті талай күн өтті,
Түн өтті талай түнекті.
Сынаққа түстіксан мәрте,
Сыбанып сәби білекті.

Күлкісін жастың қорысып,
Ұйқысын қарттың торысып.
Ержеттік еңбек үстінде,
Қой бағып, егін орысып.

Сол күндер әлі есімде,
Қысқы таң, жазғы кеші де.
Бұлаңдап өткен бала шақ,
Ойнақ сап дала төсінде.

Сенің де болар есінде,
Соғыстың сұсты сесі де.
Өткерген өмір суреті,
Шұбалған мезгіл көшінде.

Бейнеттің биік өрінде,
Моншақтап аққан терің де.
Жылдардың қалған белгісі,
Жазылып туған жерінде.

Жадында болар бәрі де,
Сағымдай таңғы сәріде.
Қамкөңіл күндер елесі,
Қарайлап қалған әріде.

Қасірет деме қай маңда,
Қапыда келген қайғы онда.
Жағасын жыртып жауының,
Шейіт болды әкең майданда.

Сұм соғыс көзін алартып,
Қарады қағаз мұң артып,
Анаңның көңілін қабартып,
Самайын кетті ағартып...

ЕКІНШІ ЖЫР

Қызық-ау, адам тағдыры,
Тірліктің құпия жоқ сыры.
Біреудің семген гүлі ерте,
Біреудің жанған бақ нұры.

Арман ғып асыл мұратты,
Қойды әркім алға сұрақты.
Үміттің сәнбес жұлдызы,
Көңілге сепкен шуақты.

Он беске жасың келгенде,
Жеңістің жылын көргенде.
Жақсылық оты тұтанып,
Жарық боп жанды кеудеңде.

Ақ тілек сүртіп көз жасың,
Биледі үміт отбасын.
Ұсатты қайта бейбіт күн,
Тірліктің берік тұтқасын.

Көгертіп гүлдің тамырын,
Көріктеп ердің қабірін.
Танытты тағы бейбіт күн,
Өмірдің ыстық қадірін.

Сарғайтып тосқан таң да атты,
Сан талап өнер таңдатты.
Қонақжай ұяң – қойлы ауыл,
Қияға қанат самғатты.

Құштарлық жазып құлашты,
Алдыңнан даңғыл жол ашты.
Қаратау қойнын жүз шарлап,
Арманың бұлтқа ұласты.

Қомдаған биік өркешің,
Күн сүйген маңғаз өр төсін.
Қаратау – сырын қалың том,
Шежіре қылып шертесің.

Бүгіннен қызық ертеңгі,
Қазыналы өлке мол кені.
Кеншінің маңдай терімен,
Көгеріп өскен өркені.

Бейне бір карьер үсті ашық,
Төсінде жойқын күш тасып.
Еңбектің қызған майданы,
Ерлікке өрлік ұштасып.

Жақсыға жастан жанасып,
Өнерлі доспен жарасып.
Комбинат үйін салыстың,
Кірпішін тұңғыш қаласып.

Қайлаға қолды үйретіп,
Даланың тоңын күйретіп.
Шолақтау жолын тартыстың,
Иықпен шпал сүйретіп.

Еңбектің өрлеп ең шыңын,
Еселеп ерлік кемшілін.
Фосфорит кенін қазысып,
Көтердің даңқын кеншінің.

ҮШІНШІ ЖЫР

Жан досым менің Жанбосын,
Көңіліңнің тапқан ән қошын.
Ойын-той, дарқан думансыз,
Өмірде қандай сән болсын.

Кісілік жинап бойыңа,
Ұмытпай алып ойыңа.
Санатқа қосып шақырдың,
Сөбиің туған тойыңа.

Адал жар, абзал арманың,
Айманың – сүйіп алғаның.

Өмірге перзент әкелген,
Қуаныштан жөн бе қалғаным.

Деметіп жүрек іңкөрін,
Түлетіп көңіл сұңқарын.
Үйіңе барам жүйткітіп,
Дәуреннің мініп тұлпарын.

Ақын ба тойда іркілген,
Төгілтпей сұлу жыр тілден.
Сөбиге берем ат қойып,
Қашанғы қазақ ғұрпымен:—

«Ұнаса менің шешімім,
Жақсылық дейік есімін.
Жамандық көрмей жетіліп,
Тер төгіп жисын несібін.

Өнерге ғашық тоймайтын,
Ақылға терең бойлайтын.
Азамат болсын ардақты,
Халқының қамын ойлайтын.

Сөуірде гүлдей ашылып,
Сөуледей жомарт шашылып.
Қулық пен сұмдық сауғаннан,
Иығын жүрсін асырып.

Қастерлеп елдің елдігін,
Қадірлеп ердің ерлігін.
Күреске түссін күштімен,
Бекем ғып буып белдігін.

Залалы қуып жыраққа,
Жақсылық жайып жұртқа.
Апарсын жалғап бүгінді,
Ертеңгі жарқын мұратқа!»...

ӨМІР САБАҒЫ

Соғыстың алай-түлей дауылы есіп,
Тартсам да жастай мекнат-ауыр несіп.
Күн кешкен қамсыз, ойсыз кездерім көп,
Аялы алақан ауылда өсіп.

Қапыда құйын таптап қырдың гүлін,
Өткерген ел басынан сүргін күнін.
Жалғасқан қызыққа кеп шеккен бейнет,
Алмасып бірде қуаныш, бірде мұңым.

Базарын тарқатты тез балалық күн,
Көп мінін көзге шұқып шалалықтың.
Енжар бір қазағы едім ен даланың,
Енді мен қайраны мол қалалықпын.

Арманға алдарқатып қиырдағы,
Айылын тағдыр оңай жиырмады.
Бос белбеу болып өскен мендейлерге
Бақыттың сыйы оңай бұйырмады.

Қам күйкі тірлік бодандасып,
Жүргенмен жұрт қатарлы қадам басып,
Қияға қиялдағы жете алмаған,
Қабаржып қалады ғой адам жасып.

Жақсымын я жаманмын демеймін мен,
Ақылға бай болмаса кедеймін мен.

КӨҢІЛ

Сағым жүзіп толқыған белден белге,
Қиқу салған қызғыш құс көлден көлге.
Билеп, жасыл көйлегің судыратып,
Сыбдырлайды жас құрақ желден желге.

Кол бұлғаған қызғалдақ қырдан қырға,
Құштар адам аңсары нұрдан нұрға.
Ақсұңқардай түлеген тұғырында,
Ақын көңілі құлшынған жырдан жырға.

ӘСТЕ ТЫНЫМ ТАППАЙДЫ-АУ

Әсте тыным таппай-ау ой дейтін де,
Шырт ұйқыдан оянам кейде түнде.
Сәтте абыржып сыр түйем өмір жәйлі,
Сарапқа сап зейнет пен бейнетін де.

Қызық дәурен десем де, кешіп барам,
Бәз бір кезде қалады өсіп налам.
Кең өріске кешендеп шыға алмаған,
Күйбеңі көп күндерді есіме алам.

Мезгіл тірлік мәнісін жиі ұқтырып,
Кейде адамды тастайды бұйықтырып.
Кейде асаудай өрекіп өршіл көңіл,
Әкетеді шығанға ширықтырып.

Сонда оңаша ойланып қаламда көп,
Құр адасып, жол таппай далаңға кеп.
Алабұртқан күй кешем, арқалаған,
Аз жүгімді аударып алам ба деп ...

ЖАС ДӘУРЕН

Жас дәурен қош деместен,
Барады жазың да өтіп, күзің де өтіп.
Қызығың кетпес естен,
Көңілді мың толқытқан, жүз түлетіп.

Шашырап от көзімнен,
Жүйріктің шаптым ұстап жалынан мен.
Алаулап өрт сезіммен,
Гүліңді құшып талай жалындап ем.

Мені өмір аялаған,
Өткердім аязын да, аптабын да.
Бақыттың маған аян,
Шат күні туып, таңы атқаны да.

Сөз айтқан жұртқа көсем,
Пір тұтам мөрт адамды игі ісі үшін.
Жас дәурен, үйреттің сен,
Әспеттеп туған елді сүюді шын.

МУЗА

Муза не – төңір ме ақын табынатын,
Сиқыр ма жұртты ерекше таң қылатын.
Бақыт па, бақ па басқа қонатұғын,
Гүл ме, әлде, өр кеудеге тағылатын.

Бойсұнған іңкөр жүрек бағынышта,
Махаббат өнін айтқан сағыныш па.
Сезімнің айдынында түлеп ұшып,
Кеудеден қанат қаққан шабыт-құс па?

Шипа ма дертті жанның жазар датын,
Сыр ма, әлде, сүйгеніңе наз артатын,
Нұр ма, әлде, көңіл кірін тазартатын,
Жыр ма, әлде, ақын ғұмырын ұзартатын?

Көңілсіз күзгі аспан,
Түнерген тұнжырап.
Жөңкіліп бұлт жосқан,
Қиырға тым жырақ.

Шартарап шаңытып,
Шаршап кеп жатқандай.
Мұршасын танытып,
Мұңды ойға батқандай.

Желі өкпек зуылдап,
Дала өңі оңғандай.

Қамысы суылдап,
Көлге үрей қонғандай.

Күз – тозған ажары,
Мезгілдің бір кезі.
Пәс тартқан назары,
Құбылып мінезі.

Күз – озған дәурені,
Адамның бір шағы.
Өмірдің сәулесі,
Өшпеген нұр шамы.

НАҚЫЛ

Кісінің ісі оңбайды,
Көздеген мұраты жоқ.
Қыранша ұша алмайды,
Сүйенер жұрты жоқ.

Данадан өсиетті,
Алғанның арманы жоқ.
Халықтан қасиетті,
Адамның қорғаны жоқ.

СЕНІҢ БЕЙНЕҢ

Кешір сәулем, қыз күніңде сыйлаған,
Суретіңді алдым жоғалтып.
Бейнеңді асыл еш жігітке қимаған,
Көруші едім құмартып.

Балғын шақтың ұмтылмас тым ыстық,
Белгісі еді ол маған.
Тағдырымды тағдырыңа туыс қып,
Көңіл күйін толғағам.

Кейде ұзақ қарап шат боп қалушы ем,
Бір биіктеп шоқтығым.
Жас күнімді күліп ойға алушы ем,
Сол суретің жоқ бүгін.

Кешір сөулем, әр нәрсені салды еске,
Әбестігім кей менің.
Жүрегімнің түкпірінде қалды өшпей,
Балғын кейпі бейнеңнің.

КӨКТЕМ СЫЙЫ

Мезгіл дарқан табиғатты оятты,
Кербез бұлақ кеудесінен күй атты.
Сұлулықты дүниеде ешкім таппаған,
Көктем тауып ала келген сияқты.

Жер түлеген желкілдеген гүл шығып,
Баршаға ыстық, базарлы өмір, тіршілік.
Балғын дәурен – көктем сайын бір жасап,
Қалады ғой адам көңілі құлшынып.

ЖҰМЫСҚА ЖЕККЕН БІР АПТАҢ

Жұмысқа жеккен бір аптаң,
Кетеді қалай тез өтіп.
Терімді жоқпын құрғатқан,
Жүрсе де бейнет мезі етіп.

Кей күндер қалдым кешігіп,
Мәрелі жерге жете алмай.
Тірліктің заңын кеш ұғып,
Өткелден базбір өте алмай.

Зымырап уақыт зулаған,
Аптаға лезде айналып.
Ауыр жүк артып бұл маған,
Қаламын қатты ойланып.

Беймағлұм барша кісіге,
Мезгілдің сыйы тапшы ғой.
Бір ісің апта ішінде,
Көрінсе көзге жақсы ғой.

БІЗДІҢ ҮЙ

Шапағатты дос жүректен сый көріп,
Отау тіктім сүйгеніме үйленіп.
Жақсы күнге жарқын оймен жол шектім,
Көп нәрсені бұл өмірден үйреніп.

Зулап бара жатқандаймыз кейде алға,
Сауығымыз тарқамаған кей таңға.
Сәлеміміз түзу үлкен-кішіге,
Пейіліміз жомарт келген мейманға.

Баян тапты басымызға қонған бақ,
Мерей өсер көңіл шалқып толғанда-ақ.
Үйімізде екі-үш жаман немеріміз,
Жүреді ойнап құлдырандап, томпаңдап.

Мезгіл көші барады озып, алға асып,
Мұрат тұтқан сапар ұзақ, жол қашық.
Қуантып та, мұңайтып та қояды,
Көңіл күйі сағат сайын алмасып.

Жарасқан жас семьямыз – ұйымбыз,
Татулықтың таттық талай сыйын біз.
Таусылмайтын қаракеті, қызығы,
Жаз дәуреннің жәрмеңкесі – үйіміз.

АЛДЫМДА МЕНІҢ ӘЛІ ДЕ

Алдымда менің әлі де,
Демеймін бері, өрі де.
Ағарып атар тағым бар,
Күлімдеп шығар күнім бар.
Асатын асқар тауым бар,
Құшатын жұпар гүлім бар,
Түзейтін талай сенім бар,
Шырқайтын ұзақ өнім бар.

АСАУ ТОЛҚЫН

Тасып, бірде арнасы аласарып,
Күркіреді көктемде Талас ағып.
Сары саумал сапырған сабасында,
Өр толқынын билетіп тамаша ғып.

Жол-жөнекей тау бұзып, тас құлатып,
Қос кемерін кернеген тасқындатып.
Сан құбылған су беті – кейде күліп,
Кейде ашуын бұрқанған аспанға атып.

Жылда алатын кәусарын алмастырып,
Қаншама аптап болса да қалмас құрып.
Талас бағы заманнан талмай аққан,
Қырғыз-қазақ өлкесін жалғастырып.

Жарқ еткізген маңдайын күн ғажайып,
Күлімдейді кең дала құшақ жайып.
Жауқазындар жағада көктеп өскен,
Жапырағын таңғы өсем шықтар шайып.

Топтан озған жүйріктей дараланып,
Асау толқын жан-жаққа қарап алып,
Тянь-шаньдық бір қыздың ақ шолпысын,
Мойынқұмдық жігітке барады алып.

КЕЙІППЕН ҒАШЫҚ КӨПТЕН

Кейіппен ғашық көптен,
Көкті орап түн құшаққа.
Жарық ай жас келбетінен,
Толғанып тебіренем.

Шығыстан арайлап таң,
Шапағын шашқанда күн.
Шұғылалы шырай тапқан,
Арылып аспаннан мұң.
Сонда мен бір жасаймын,
Күш беріп нұр, жас айбын.

Өмірдің үні өктем,
Дидары жарқын маған.
Көңілімнің гүлі көктем,
Жанымда от жарқылдаған.
Марқайып өсемін мен,
Биіктеп кешегімнен.

Адамды шарықтатқан,
Ақ тілек, асыл арман.
Дүниені парықтатқан,
Ап өтіп асулардан.
Үміттің жанған шамын,
Көтеріп алға асамын.

Қызығың бірде сиреп,
Шомылдырған мұңға кей күн.
Қояды-ау кіреукелеп,
Тірліктің нұрлы кейпін.
Сонда бір тебірленем,
Толғанып төгіп өлең...

ЕҢІСТЕ ЖҮРІП МЕН КЕЙДЕ

Еңісте жүріп мен кейде,
Шығуға шыңға дөме етем.
Бұлқыған күшке кеудеме,
Өзімді-өзім дөметем.

Талпынтып заңғар өр тауға,
Көлімде бір от маздаған.
Асқарға самғап шырқауға,
Өркімге, бірақ, жазбаған.

Әйтсе де, кей сәт, сүйіктім,
Толғанам шыңға шыққандай.
Аласа менен биіктен,
Боламын парқын ұққандай.

Мезгеген асқақ ойға бір,
Асқар тау басы мұнартып.
Самғайды құс боп өр көңіл,
Қияға алыс құмартып.

ӘКЕ ТУРАЛЫ

Көрілік тонап сұлу ажарыңды,
Пәс етіп жылдан жылға назарыңды.
Қартайтты қажырыңды ап қимасаң да,
Жас күнгі жәрмеңкелі базарыңды.

Тықыры әлдененің тұр таялып,
Сөріден тарттың сергек ерте оянып.
Жетпіске келгеніңше желіп жүріп,
Көрмеп ең беліңді ұстап, жер таянып.

Дүниеден біреу кетіп, біреу қалып,
Уақыт – кітап бетін тұр аударып.
Қытымыр қыс ызғары көріліктің,
Қоныпты-ау қабағына қырауланып.

КҮРЕС

Ауданбек Көбесовке

Жаныңды самал өпкен кешінде де,
Жаз күні сонау жылғы есінде ме.
Бәстесіп өзіңмен бір күресіп ем,
«Қызыл таң» құмдағының төсінде мен.

Көңілдің жарастығы-ай бала кезгі,
Болмайтын сәл нәрсеге алакөзді.
Алысқа ой жіберген арман қуып,
Көкейге түйіп талай дана сөзді.

Сол күнді енді ойласаң сағынасың,
Татулық құдіретіне табынасың.
Білуге құмартушы ек күш сынасып,
Күрестің өмірдегі мағынасын.

Ұсынбақ бақыт оңай төрін кімге,
Маңдайдан төгілмесе терің күнде.
Тіршіліктің тезі адамды талқыға сап,
Шығарған шындап мезгіл көрігінде.

ЖҰЛДЫЗДАР

Жазғы ымырт. Жерде, көкте,
Жалтылдап жанады оттар.
Жатқандай төңіректе,
Жасанып ғаламаттар.

Дүниені бағып жырақ,
Аспанның құмбезінен.
Жұлдыздар жарып шырақ,
Қарайды мың көзінен.

Өр күні – бір жаңалық,
Ғажайып болашағы.
Жер төсін нұрға малып,
Маздаған қала шамы.

Мүлгіген дала үнсіз,
Сәбидей жөргектегі.
Ғұмырсыз жарық күнсіз,
Тіршілік жер-көктегі.

Нұр сәуле түскен шамнан,
Түнгі өмір алауындай.
Жұлдыздар көкте жанған,
Космостың жалауындай.

МАҢДАЙ ТЕР

Жалқаулық та, енжарлық та серік боп,
Етегімнен ұстаған.
Өйтсе де ылғи мінгізді атын ерттеп,
Белгісіз күш маған.

Кейде сүрініп, кейде жығылып жүрсем де,
Бақыт гүлін іздедім.
Баз бір кезде қайран жоғын білсем де,
Күдерімді үзбедім.

Асып өмір еңісінен, өрінен,
Ғұмыр кешіп келем мен.
Аз да болса жұрт көзіне көрінген,
Қызметім еленген.

Тіршіліктің талқысы ауыр адамды,
Тез есейткен есті ғып.
Еңбектеніп алам күнде бағамды,
Маңдай терін бес төгіп.

ЖАР НАЗЫ

Аспанның жабығынан ай қараған,
Сыбырлап самал желі аймалаған.
Сонау бір жазғы кеште сырыңды ашып,
Айтып ең серт сөзіңді, айнама, маған.

Жаз дәурен думандатқан жалаулатқан,
Арманның ақ қарына алды аунатып.
Тұтатып жүрегіңнің жалынымен,
Жанымның отын жақтым алаулатып.

Көңілі пәк адал жарсыз мейірбанды,
Жас отау салтанаты қайбір мөнді?!
Баянды бақытыммен дидарласып,
Махаббат көусарына мейірім қанды.

Наз айтқан көкейіме сөзің қонып,
Көлкіген кеудеме ыстық сезім толып.
Жастық шақ жайрандайды жарқын жүзбен,
Өңімде, түсімде де өзің болып.

Аңсайтын бір арманы бар адамның,
Соған қолым жетпегенге алаңмын.
Сөл нәрседен жұбаныш тауып жаныма,
Сөл нәрседен көңіліме алам мұң.

Көздейтін бір мақсаты бар адамның,
Соған мұршам келмегенге алаңмын.

Сөл нәрсеге мәз болам да қуанып,
Сөл нәрсеге жабырқап мен қаламын.

ЖОЛАУШЫ

Құйып тұр жаңбыр шелектеп,
Сөгіліп аспан қалғандай.
Келеді біреу дедектеп,
Су-су боп үсті малмандай.

Шыққанда жолға ол мана,
Шуағын төккен күн ашық.
Қабағын түйді долдана,
Көк жүзін кенет бұлт басып.

Найзағай қатты шатырлап,
Жарқылын жасын атты бір.
Бұршаққа жауған сатырлап,
Жаурынын тосып жатты қыр.

Малшынып жауын астында,
Жүргінші ұзақ жол жүріп,
Бойынан дәрмен қашты ма,
Үйіне жетті болдырып.

Тірлікте адам жыраққа,
Жолаушы сапар шегетін.
Лазым ғой жеткен мұратқа,
Қиындықтың жеңіп бөгетін.

САҚТАҒАЙ

Шәрбатты сусап ішетін,
Жүресің қалай жоқтамай.
Кісіге күнің түсетін,
Кіріптарлықтан сақтағай.

Өмірші мезгіл өмірге,
Барады зулап тоқтамай.
Қаяу салар көңілге,
Қиянаттан сақтағай.

Шарам жоқ тауым шағылса,
Шамамды білмей, шақтамай.
Қиындық көріп тосылсам,
Есепқой достан сақтағай.

БАҚЫТ ҮШІН ӨМІР ДАРҚАН

Бақыт үшін өмір дарқан сезгенге,
Өлшегенге сап ақылға, безбенге.
Табылмасты туған жерден табамын,
Кең дүниені шарлап талай кезгенде,
Жоққа жүйрік жетпейді деп төзгенде.

Бір тұтанбай қоймайды от жанатын,
Шамшырағын ой-зердеге жағатын.
Маңдай терін моншақтатқан еңбегің,
Қалауыңды қай кезде де табатын,
Құрмет гүлін кеудеңе әкеп тағатын.

ТІЛЕК

Сырласатын сиқы келмей,
Сыйласатын ғұрпы келмей,
Жүрген аз ба – күлкі көрмей,
Жүрген аз ба – ұйқы көрмей.

Біз өйтпейік, келсе қолдан,
Пек арымыз – әмсе қорған.
Пір тұтайық махаббатты,
Ізгілікті, мархабатты.

Біз өйтпейік, мәрт сезіммен,
Жаңылмайық серт сөзінен.
Қастерлейік шын достықты,
Қаперге алмай күнді өксікті.

Бақыт болса бөлісейік,
Шәрбат болса бөле ішейік,
Жүректі ыстық суытпайық,
Көңілге кір жуытпайық.

ІНІГЕ

Өмір – күрес. Балалық қып ойнама,
Өмір – мұхит. Бойлаймын деп ойлама.
Өмір – думан, таусылмайтын сауығы,
Қызық қуып орынсыз көп тойлама.

Қаракет деп қарайтын әр ісіне,
Құрмет дайын қай уақытта да кісіге.
Жасы үлкеннің жақсы үлгісі ғанибет,
Жаны сергек, ойы зерек кішіге.

Уақыттың құлақ тігіп үніне,
Мұратыңа жетуді ойла күніге.
Ізет тұтып игі үмітпен қараймын,
Ізгіліктің жолын қуған ініге.

Жақсылықтың туын тіккен елде өсіп,
Жамандықпен жүрмегейсің селбесіп.
Адалдықтың қолтығынан деме де,
Арамдықпен күреске түс белдесіп.

АЙЛЫ ТҮНДЕ

Әуестігім қала ма,
Шықтым түнде далаға.
Төңіректі көмкеріп,
Бозғылт тұман тұр төніп.
Аспанда ай арайлы,
Күлімсіреп қарайды.
Торғын бұлтты басына,
Ақ шөлі ғып орайды.
Сол сәтте ойға шомдым да,
Күндерді өткен шолдым да,
Шалқытқан шат сезімді,
Еске алып жас кезімді,
Туған айға ұқсаттым,
Толықсыған өзіңді.
Сонау алыс қияннан,
Жылы ұшырап қарайсың,
Жөудіретіп көзіңді.

СЕН КҮЛСЕҢ

Сыйлаған бізге өмірдің,
Сыбағасы аз демейік.
Табылса хошы көңілдің,
Кетпей ме дүние кеңейіп.

Тұрмыстың тайғақ жолында,
Тайғанап кетсем демеген.
Құдірет сенің қолыңда,
Тарықсам әр кез жебеген.

Сен жүрсең – түгел дүнием,
Айнымас адал дос болып.
Сен күлсең – жаным сүйінген,
Көңілдің күйі хош болып.

ШУМАҚТАР

Тілейтінім, тағылсам өр кеудеге,
Туған жердің желкілдеген гүлі боп.
Тілейтінім, жарасам бір кәдеге,
Туған елдің ат ұстайтын ұлы боп.

Тірліктің шақ көтеріп өзер жүгін,
Мазалап қойды ма өлде азарлығым.
Жас дәурен қайта оралмай барады ұзап,
Балама сыйлады да базарлығын.

Жағаласып жауларыммен жүргенде,
Жан берісер достарым көп демеймін.
Киіп-жарып додаға мен кіргенде,
Қамшы сілтер қастарым жоқ демеймін.

Бұл өмірде аз ба адам,
Бос келіп, бос кететін.
Тағдыр мұны жазба маған,
Өксікті боп өтетін.

СУДАҒЫ СУРЕТ

Ұқсаған айнымай,
Аспанның суреті.
Мөп-мөлдір айнадай,
Тұп-тұнық су беті.

Нұр сәуле жалтылдап,
Төсінде толқыған.
Ақ таңы жарқылдап,
Шабақтай шолпыған.

Кенеттен жел үріп,
Су беті дір етті.
Жіберді өшіріп,
Әлгі әсем суретті.

Сиқыр күш жосыған,
Бойынан байқалып,
Көк толқын тосыннан,
Кетті кілт шайқалып.

... Кейде кір шалмаған,
Таза, пәк кезінде.
Ақ нұрдан аумаған,
Мөп-мөлдір сезім де.

ӨТКЕН КҮН

Өткен күн көрген түстей бұлдыр тартып,
Көп сурет көңілдегі ұмытылды.
Уақыт кейде төмен құлдыратып,
Өрлетті кейде аспанға үмітімді.

Жаныңның күйін танып жанарыңнан,
Көзіңнен үйрендім ғой сезімді ұғып.
Өмірдің ләззат сыйлап базарынан,
Ғұмырлық алдың мені өзіңдік қып.

Жыраққа жылдар жосып, күндер көшкен,
Өркімге бастан кешкен дәурен тәтті.
Жүректе махаббаттың гүлдері өскен,
Ұмытпан алғаш сені көрген сәтті.

АУРУХАНАДАҒЫ ОЙ

Сарқылғандай сырқат-дерттен сабырым,
Қиналып кеп түстім де,
Ұқтым алғаш қайран өмір қадірін,
Операция үстінде.

Ауру жанға бастан кешкен бұл, бірақ,
Онша таңсық сыр емес.
Тұрды-ау сол сөт көз алдымда бұлдырап,
Жарық дүние – бір елес.

Тірлігіңнің құны тиын екен ғой,
Маһрұм көңіл қошынан.
Шырмап тұла бойыңды бір бөтен ой,
Мұздап жүрек шошыған.

Сау кезде өмір қызығына үздігіп,
Үлесуші ек мол сыйын.
Абайсызда кетсең мәңгі көз жұмып,
Бөрінен де сол қиын!..

САПАРДА

Жүрсем де маңдайымды шылап терге,
Шығам деп ойламаймын бір-ақ төрге.
Өмірдің бірде ылди, бірде өрімен
Келемін жолаушылап жырақ жерде.

Мұратқа қайткенде адам жетермін деп,
Мезгілдің ұран сөзін өтер үндеп.
Келемін сапар шегіп алыс жолға,
Көңілді күпті қылған қатері көп.

Кейде уақыт күліп таңын атырады,
Кейде ойдың тереңіне батырады.
Жетелеп жақсы күнге жарқын үміт,
Алдымнан қолын бұлғап шақырады.

Жас дәурен тамашаға кенелдіріп,
Жіберді көшін ерте жөнелдіріп.
Көз тігіп ізгі арманның өрісіне,
Келешек бекетіне келем жүріп.

... Тірліктің қызығын да, күйігін де
Өткеріп таусылғанда күйің мүлде,
Қапың не, жұрт елерлік қалса белгің,
Жолдағы бір төбенің биігінде.

БОРАН

Қытымыр қыстың күні бір,
Қалың қар түтеп бораған.
Даланың үстін бұлыңғыр,
Құндаққа әбден ораған.

Аузынан ақ жын атқандай,
Сақылдап аяз үскірік.
Анталап келе жатқандай,
Алапат тажал ысқырып.

Құныға күйттеп құлқынын,
Жайылған елсіз жырақта.
Кісінеген дауысы жылқының,
Естілген еміс құлаққа.

Боран шопан көндігіп,
Үйренген үрей елеске,
Арғымағын ақ көбік қып,
Алқынтып шықты белеске.

Кейітіп жанды налытқан,
Ызғырық үдей бұрқаған.
Қуантып көзді талыққан,
Көрінді ауыл қырқадан.

... ұлыған боран жапанда,
Бөрідей жортқан жолды аңдып.
Шамасы келмей шопанға,
Гөй-гөйін салып долданып.

ЖЫЛДАР

Жылдар — мезгіл арғымағы, тұлпары,
Тайбурылша шабысынан танбаған.

Жылдар — өмір сүйген жүрек інкәрі,
Кәусарына әсте мейірі қанбаған.

Жылдар — ерлік шежіресі, дастаны,
Елдің мәңгі ұмытылмайтын есінде.

Жылдар — туған жердің нұрлы аспаны,
Үміт оты жарқыраған төсінде.

Жылдар — ақыл-ойдың өшпес шырағы,
Әр зердеге жағылатын нұр болып.

Жылдар — ақын шабытының бұлағы,
Әр кеудеге құйылатын жыр болып.

Жылдар — өділ төрешісі бақыттың,
Ерлікті де, ездікті де талғаған.

Жылдар — жүйрік экспресі уақыттың,
Жақсылыққа үмітіңді жалғаған.

ЖЫЛҚЫШЫ ЖІГІТ ЖЫРЫ

Жәннат қой Ақсай жайлауы,
Көлбеген жазық көгілдір.
Заматта шолып қойнауын,
Қалады шырқап көңіл бір.

Жантайып майса көгіне,
Жұтсаң ғой жазғы жұпарын.
Құйылып қуат кеудеңе,
Кәусарға қанған құмарың.

Күлімдеп өткен осында,
Көктемім бақыт сыйлаған.
Құлшынған көңіл хошында,
Қойныма қуаныш сыймаған.

Осында шалқып шаттанып,
Сайранды салғам шырқап ән.
Жаратып жүйрік ат мініп,
Құйғытып шапқам қырқадан.

Осында тауып мархабат,
Салтанат құрғам жігіт боп.
Алғашқы арман-махаббат
Кеудеме жанған үміт боп.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Басқа қонған бақ құсын шат жүзбенен,
Адам көңілі шадыман шақта іздеген.
Республика алаңы — құрмет төрі,
Салтанаттың шеруі сап түзеген.

Ажар-көркі айшықты алаңдардың,
Құт бастауы қайырлы қадамдардың.
Сәулет-мүсін қиырдан көзді тартып,
Аударған бар назарын адамдардың.

Кімдер жерін жәннат қып жайнатпаған,
Бап тілеген бағыдан байтақ далам.
Тәуелсіздік белгісі — ұлы нышан,
Егемен ел айбынын айғақтаған.

Жауын аңдап тіміскі жан-жағынан,
Жарқыл қаққан от шашып жанарынан.
Сақ сарбазы асынып бес қаруын,
Төңірекке көз тіккен жоғарыдан.

Қапы қалмай сәтте ауыр қатер туған,
Ашу бүркіп, қар түтеп қаһарынан.
Сайлап садақ, қалқанын, дулығасын,
Қорамсағын сес тұтқан қайсар ұлан.

Шола қарап қияннан алыс тұсты,
Қонақтатқан қолына қыран құсты.
Хас батырдың айбарлы пәрменімен,
Алға шашып ұмтылған барыс сұсты.

Тағылым айтып тарихтың мінбесінен,
Қалт шығармай шырғалаң күнді есінен.
Тілекті ізгі ту еткен қаһармандар,
Дүйім елдің ұштасқан мүддесімен.

Көктем гүлге толтырған кең құшағын,
Көкжиекте көлбеген бұлдыр сағым.
Армандаған жұрт аңсап азаттықты,
Атар таңның аялап нұр шапағын.

Кімді зорлық өлегі кейітпеген,
Зілзаланың сыпсыңын көйітпеген.
Жарқын шақты меңзеген жайсаң жандар,
Жамағатқа жанашыр кейіппенен.

Ер тұрпатын көрі де, жас та сүйіп,
Шебер қолы сомдаған тастан құйып.
Тәуелсіздік тұғыры тұр бейнелеп,
Туған елдің тұлғасын асқақ, биік!

ӘЗІЗ БАЛА ТӨЛЕ БИ

Қысылшанда жебейтұғын киенің,
Көңілге әр кез тағылымын түйемін.
Туралықтың жаңылмаған жолынан,
Туған елдің әзіз Төле биі едің.

Елің үшін мұратты ізгі көзdedің,
Әділетсіз іске ешқашан төзбедің.
Биік айтып қара қылды қақ жарған,
Ақылға сап шештің дауын өзгенің.

Кемтар халін көріп кедей пақырдың,
Түн ұйқыңды төртке бөліп «аһ» ұрдың.
Ел бірлігін күйттеп Ордабасы да,
Ағайынды татулыққа шақырдың.

Таналықтың сырына кім бойлаған,
Бұл фәниде қызыққа адам тоймаған.
Әйтеке би, Қаздауысты Қазыбек
Қасыңа еріп халық қамын ойлаған.

Артқа зулап өтер жолдар, өтер күн,
Мақсатқа еш қиындықсыз жетер кім?!
Алты алаштың азаматын алға үндеп,
Туған елдің туын биік көтердің.

Дулап аққан өн бойында қан қызып,
Жас ұрпағың жалын-отын жанғызып,
Есіміңді еске ап шексіз алғыспен,
Аруағына төу етеді тағзым ғып!

АТАЖҰРТТЫ АҢСАҒАН

Көріп небір нәубетті,
Азаппенен алысқан.
Атажұртқа төу етіп,
Келді ағайын алыстан.

Төзімдерін тауысып,
Қиян шеттен, қиырдан,
Бас қосысқан қауышып,
Елде дәм-тұз бұйырған.

Шарлап кезіп шарқ ұрған,
Шалдықтырған шартарап.
Таяқ жеген тағдырдан,
Тауқымет-зіл арқалап.

Қайғы жұтып қандастар,
Қиямет күн кешіпті.
Тірлік еткен жан сақтар,
Сырттан тауып несіпті.

Жұрт оларға тарыққан,
Жылы ықылас танытқан.
Жапа шегіп жабыққан,
Хал-жайына қаныққан.

Қуғын-сүргін көп көрген,
Қасіреті аз ба қазақтың?!
Өткел тапмай өткерген,
Қыл көпірін дозақтың.

Ашты айқара құшағын,
Атажұрты аңсаған.
Тәуелсіз ел нышаны,
Көк байрақтар самсаған.

Тыншып көңіл алаңы,
Ойлары өрбіп арналы.
Оңға басқан қадамы,
Орындалып арманы.

Көшіп келген көп қауым,
Төңірге іштен тәу еткен.
Жыр ғып айтып жоқтауын,
Жүректерді тербеткен.

ЕЛБАСЫ

*«Садағаң кетейін, айналайын халқым!
Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр-
бәрін аянбай сарп етуге бейілмін».*

Н. НАЗАРБАЕВ.

Санаткер

бар жұрт санаған,
Елбасы жазбай қалпынан:
– Кетейін, – дейді, – садағаң!.. –
Айналып туған халқынан.

Жақсы істі алға жалғаған,
Жөн-жоба тауып жаңадан.
Жан сөзін оған жолдаған,
Алғысын айтып сан адам.

Сарп етіп жұмсап жаныққан,
Бойдағы қуат, жігерін.
Алашқа айқын танытқан,
Алғаусыз ала жүрегін.

Ұстартқан кемел нұрлантып,
Ойының асыл бар нәрін.
Мұратқа ізгі құрбан ғып,
Ғұмырын, әзіз ар-жанын.

Мойнына ап қыруар жұмысты,
Халықтың қамын көздеген.

Әспеттеп нағыз дұрысты,
Келеңсіз жайтқа төзбеген.

Қиырды шолып қияннан,
Ақылға терең бойлаған.
Ақиқат іздеп қиялдан,
Мүддесін елдің ойлаған.

Егемен елге шын арман,
Ұлтының басын құраған,
Қазақтың даңқын шығарған,
Нұрсұлтан сынды ұлы адам.

Нұр жаусын оның ізіне,
Тас атқан оңбай тасадан.
Жар болсын Алла өзіне,
Жамандық бермей Жасаған.

Оңыңнан туып күн-айың,
Есен-сау жүргей Елбасым.
Мейманаң тасып толайым,
Періштең болсын жолдасың,
Тәңірім жебеп қолдасын!

АСТАНАМ — АҚОРДАМ

Сарыарқаның жонында сағым жүзген,
Мезгіл талай сабылып жаңылды ізден.
Сардар ерлер қас жауын сансыратып,
Сарбаздардың сан мәрте сапын түзген.

Уақыт көрін өткеріп алақұйын,
Шер ғып шерткен боздатып дала күйін.
Ұлытаудың төсінде кие тұтқан,
Халық көзсіз батырын, дана биін.

Болашақты бабалар барлап кеткен,
Ізгі жолға ғұмырын арнап өткен.
Қазақ деген ұлтының қайраны көп,
Ынтымағын, бірлігін арман еткен.

Сол бір арман демеген, жебеген де,
Маһрұм қалсын ризықтан неге пенде.
Сол бір арман төуелсіз жұрт атанып,
Елдік ғұрып айналған егеменге.

Тақыс тірлік талқысы қатаң тіптен,
Зөрені алған зөбірің жаттан күткен.
Сол бір арман ақиқат шамын жағып,
Орда құрып, ақ шаңқан отау тіккен.

Қас пен досы именіп айбынынан,
Қазағымның оңынан айы туған.

Адам мейірі сусындап шөл қандырған,
Шаттық-теңіз шадыман айдынынан.

Көкейіңе сиқырлы сөз дарытқан,
Қуаныштан көл-көсір сезім артқан.
Астананың арайлы аспанында,
Көгілдір ту желбіреп көз қуантқан.

Туған жердің тауы асқар, орманы көк,
Адамдардың ойы асқақ, арманы көп.
Көсегенді көгертіп жаса, Ақордам,
Алты алаштың айбыны, қорғаны боп.

МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Мейірім төккен кезінен,
Жүзі жарқын, алды кең.
Жебеп жылы сөзімен,
Баурайтұғын бал тілмен.

Бұлдамаған ешкімге,
Қамқорлығын жасаған.
Жақсы лебіз етеуге,
Інкөр жаны қашаннан.

Кіріптар ғып кісіні,
Керігіп көп жатпаған.
Көргенде оңды ісінді,
Жақын тартып жақтаған.

Кезінде бір күйінген,
Сүйеу болып демеген.
Шын көңілмен сүйінген,
Болса үлгің, өнегең.

Тәлімі алыс-жақынға,
Тағылым болып тараған.
Пайыммен сап ақылға,
Пайдаланған әр адам.

Сонда да, жұрт оны ерек,
Құрмет тұтып сыйлаған.

Нар тұлғасы өзгерек,
Тар қалыпқа сыймаған.

Кеңпейілін, мөрттігін,
Сөз ғып халық мақтаған.
Ерге риза жұрт бүгін,
Ел сенімін ақтаған.

УАҚЫТ ЫЗҒАРЫ

Сұрғылт кейпін көріксіз түздің көріп,
Төңірекке көз тіккен күз түнеріп.
Түбітіндей ешкінің түтетілген,
Ала бұлттар аспанда жүзді үдеріп.

Татыр жерді қақ қылып жаңбыр жауған,
Боз селеудің шаштары жалбыраған.
Жатыр сұлқ сәні жоқ жаздағыдай,
Жапан дала қызықтап жан бармаған.

Ақ бас тартып таулардың шың-құздары,
Көрін төгіп сұстанған қыс ызғары.
Ұшып-қонған сауылдап жапырақтар,
Суық желдің мазаны ап ызыңдары.

... Бастан кешіп күндерді алмағайып,
Егде тартқан кезінде жас ұлғайып.
Күпті көңілі пенденің әркі-тәркі,
Қатал тағдыр қылғанша қашан майып?!

МӘРТ ЖІГІТ

Сейіткерім Ахметовке

Ел ішінде тұлғалы,
Нар жігіттер аз демен.
Айы оңынан туғалы,
Ғұмыр кешкен назбенен.

Өткелі көп өмірде,
Сыйлы орның бар сенің де.
Мәшһүр атың өңірге,
Ие еткен зор сенімге.

Кісілікті үйренген,
Талай бауырың өзіңнен.
Жамандықтан жиренген,
Төлім алып сөзіңнен.

Кеудең ғажап сыр толған,
Айтсақ шындық қақында.
Көп игі ісің жыр болған,
Алысқа да жақынға.

Халықтың қай кезде де,
Қалаулысы, ардағы.
Өресі озған өзгеден,
Жүзеге асып арманы.

Нұр-шам жағып жанұяң,
Жарқыл қақтың жасыңда.
Жар-қосағың Жәмилаң,
Жебеп жүрген қасыңда.

Қандай ғанибет алғыс ап,
Мөрт азамат атанған.
Алға асуға аршындап,
Абыроймен аттанған.

ТАҒЫЛЫМ

Халық қаһарманы, партизан-жазушы
Қасым Қайсеновке

Толғанып Толағайдай жаста ерлеген,
Тауаны қайтпай қия тасқа өрлеген.
Ардагер азаматын, батыр ұлын,
Қашанда халқы өспеттеп қастерлеген.

Албырт шақ арғымақтың жалында өсіп,
Артта қап арқалы елің, алтын бесік.
Кешегі сұрапылда салдың атой,
Кеуденді оққа төсеп, жалын кешіп.

Отаның – қамқорың да, қорғаның да,
Кек қайнап, ашу тасып өр жаныңда.
Түн қатып, түстің қашып жүрдің жортып,
Өрт шалған Украина орманында.

Ас ішіп бірге әскерлік тостағаннан,
Тағдырын қиын күнде қосқан адам,-
Партизан достарыңның қайсарлығын,
Аңыз ғып аузынан жұрт тастамаған.

Бейбіт күн шуақ төккен шағында дүр,
Бұлбұл құс шерткен абат бағында жыр.
Қаламға қаруыңды айырбастап,
Таныттың тұлғаңды ірі тағы да бір.

Сексеннің асқан ырғып сеңгірінен,
Серісің салдық құрып сен бір жүрген.
Даңқтың тұғырына тіккен туды,
Еңбегің алабөтен елге сіңген.

Қалтқысыз қызметің мағлұм көптен,
Көгертіп ой өркенін, бақ гүлдеткен.
Таң көріп нарлығыңды, мәрттігіңді,
Талай жас өнегеңді тағылым еткен.

«АБАЙ ЖОЛЫН» ҚАЙТА ОҚЫҒАНДА

Тылсым терең құпиядан сыр шерткен,
Дана Абайдың даңғыл ойын жыр еткен.
Қазағымның қилы күнін Әуезов,
Өрнектеген таңғажайып суретпен.

Адамдардың пиғылы тар өспейтін,
Небір жөнсіз араздықты кешпейтін.
Қайта оқысаң сансыз әсер аласың,
Тарихи бұл жәдігерді өшпейтін.

Жетелі ұрпақ айтар алғыс сол үшін,
Бейнелеген кемел ойдың сонысын.
Тиянақтап берген асқан талантпен,
Туған елдің тозбас өсте болмысын.

Қосып асқақ рухты асыл өлеңге,
Қоздыратын қызу қанды денеңде.
Жақсылыққа құштар өзіз халықтың,
Жариялаған жарқын даусын өлемге.

Дабыл қағып тарих атты мінбеден,
Жете айырып жалғандықты шынменен.
Жаңа ұрпақты жарқын күнге Әуезов,
Заманалар биігінен үндеген.

ҒҰМЫР ШІРКІН ЖЕТЕР ДЕЙСІҢ ҚАНШАҒА...

Ізтай Мәмбетовке

Жаным менің мұнша неткен сірі еді,
Қандай құдірет көңіл бұлтын түреді.
Мынау қатқыл алақұйын заманда,
Біреу мақтап, біреу даттап жүреді.

Текке терлеп тауыспайын төзімді,
Айрықша айтып алабұртқан сезімді.
Албырттығым аусарлыққа жалғасып,
Алматыға сыймай жүрген кезімді.

Бір тоқтамға келгендеймін мен бүгін,
Кештеу біліп жарық дүние кеңдігін.
Қабағымнан мұң кірбеңін арылтқан,
Қызық дәурен бастан кешкен кемді күн.

Асып талай өмірдің сан өрінен,
Жақсыны да, жаманды да көрдім мен.

Өз орнымды білемін аз тірлікте,
Дәмелімін демеймін даңқ төрінен.

Жүрген жолым, басқан ізім белгілі,
Кімдер ардақ тұтпайды зор, белдіні,
Ғұмыр кештім еңбек етіп әлімше,
Қалдырғам жоқ артқа айтарлық белгіні!..

ТУҒАН АУЫЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Әлпештеп ең аялап,
Тал бесікте тербетіп.
Пананды әр кез саялап,
Сапқа тұрдым ержеткен.

Мерейленіп мәртебем,
Қалушы ем-ау бір кезде.
Әр қыратың, әр төбең,
Жылы ұшырап тұр көзге.

Балалығым бал татып,
Жастық шағым нұр құшқан.
Қалауымды таңданып,
Қызықтан да ырыстан.

Алғашқы пәк махаббат,
Жүрек отын жаңдырған.
Көңіл хошы – мархабат,
Сезім шөлін қандырхан.

Тағылым алып үлкеннен,
Құрмет көргем кішіден.
Сыры тылсым ілкіден,
Тұрмыс мәнін түсінгем.

Тұнғыш құтты қадамнан,
Ақ жол тілеп шаттанғам.
Бата ап ата-анамнан,
Арманға алыс аттанғам.

Шаттық лебі шалқыған,
Шапағатын сыйлаған.
Қуаныш бойды шарпыған,
Кеудеге тар сыймаған.

Ауыл жұрты әндетіп,
Арман-мұңын айтатын.
Меккем еді төу етіп,
Жылда барып қайтатын.

Білмей жүрген екенмін,
Көп жайытты мүлде мен.
Жері құтты мекенім,
Тозып енді жүдеген.

Кейпі тіптен өзгеріп,
Мүшкіл халін танытқан.
Көңіл сезіп, көз көріп,
Күйзеліп жан жабыққан.

Бейжайлыққа салынып,
Қайтіп ғана үндемен.
Жасағанға жалынып,
Жалбарынам күнде мен:

« – Сақта аздырмай, я құдай,
Туған ауылым – қазынам.
Ризықтың кем қылмай,
Көбінен де азынан!.. »

ДЕНСАУЛЫҚ ТУРАЛЫ ЖЫР

Қабаржымай, қамықпай,
Жабырқамай, жабықпай,
Күн кешкенге не жетсін,
Таршылықта талықпай.

Ауырмай да сырқамай,
Тұлан тұтпай, бұрқамай,
Сау жүргенге не жетсін,
Пейілің текке тарылмай.

Осы-ау діті пенденің,
Көп нәрсеге кенденің,
Ұйқы-тұйқы тірлікте,
Бәсі төмен өңгенің.

Дүрлеп дәурен кешем деп,
Кетті әркімге есем көп.
Қандай ғанибет жүргенің,
Лайым аман-есен боп.

Кемелге адам толғаны,
Келешекті шолғаны.
Денсаулықтың арқасы,
Көңілдің хош болғаны.

Шуақ төгіп ертеңің,
Көз сүйсінтіп көркемің.
Қандай жақсы гүлдеуің,
Өсіп-өніп өркенің.

Жан шыққанша денеңнен,
Ауру-дерт көп дегенмен,
Ғұмырыңды ұзақ ғып,
Тәңірім жебеп демеген.

ҒАШЫҚ КӨЗБЕН

Жарқылдап от-нұр көзіңнен,
Төгілген күлкі ерніңнен.
Пәк көңіл, мөлдір сезімнен,
Болмысың бекзат көрінген.

Құштарлық бойда алаулап,
Өршіген ұшқын жалыннан.
Сүйкімді бейнең жан баурап,
Сүйсінткен шықпай жадымнан.

Тоғайған мерей күнде өсіп,
Пір тұтқан ғазиз періштем.
Бақыттың сыйын үлесіп,
Махаббат балын бөліскен.

Көркіңе көз сап қарадым,
Лепіріп көңіл желпініп
Масайрап лезде қаламын,
Жан дүнием сергіп серпіліп.

Іңкәр қойған құштарым,
Арманым көптен аңсаған.
Ұшырып қиял құстарын,
Алдымнан үміт самсаған.

Бойымда керней күш-ағын,
Ойымды шырқап өрлеткен.
Қуанышқа толып құшағым,
Жүректі шаттық тербеткен.

Іздеген жоғы табылып,
Мұратқа жеткен діттеген.
Кісіні төңірім таң қылып,
Кенелткен сыйға күтпеген.

АТ ҮСТІНДЕ

Көктемнің көгілжім бір күнінде мен,
Кең аспан керіп төсін күлімдеген.
Ат мініп сейіл құрдым, кейіппенен
Көңілге еш жамандық білінбеген.

Боз жорға кекіліне үкі тағып,
Батпаған шабандоз қарт күн-түн бағып.
Жазықпен жасыл майса желе жортқан,
Жүрісті аяңымен бүлкіл қағып.

Төңірек тамылжыған нұрға шомып,
Асқар шың айналаны тұрған шолып.
Тылсым күш пәс көңіліңді құлшындырып,
Кеудең-күй күмбірлеген сырға толып.

Бар маңай кербез көркем шырай тапқан,
Жұпар жел аңқып өскен қыр-ой жақтан.
Көлбеген көз ұшында толқып сағым,
Шеңберлеп көкжиекті шыр айналтқан.

Жұмбақ сыр, құпиясын ашып әлем,
Жолдаған жерге ару күн-ғашық сәлем.
Табиғат сипатынан сезім байып,
Кеудемде бұрқаған жыр, тасып өлең.

Сол сәтте мерейленіп сый-алғыспен,
Бойға ерек қасиетті жинап күшпен.
Айрықша аруақтандым ат үстінде,
Қиянды кезін шырқап қиял-құспен.

Шабыттың жүзіп шалқар теңізімен,
Жүздесіп жан құштары ең ізгіммен.
Тербеттім жүрек ділін адамдардың,
Ақындық бар даусыммен, лебізіммен.

ШАРАПАТ

Жас кезде көңіл хошын көп іздеген,
Шарасыз халге ойымды жеңгізбегем.
Бұйырған пешенеме жақсылықтан,
Үміт қып құдіретімді мен үзбегем.

Күн кешкен ел-жұрт қилы тірлікпенен,
Мазаңы аз дүниенің дүрлікпенен.
Кейде адам сәл нәрседен мерейленіп,
Кейісін болмашыдан ірікпеген.

Көңілің шалқып лезде қуанышпен,
Толысқан тұла бойың бұла күшпен.
Мұң торлап көкірегін күйініштен,
Қабаржып кісі амалсыз тынады іштен.

Ақыл-ой арна тартқан жан-жүректен,
Көкейге үркек сезім сан сыр бүккен.
Тауқымет тақсіретін тартқан пенде,
Бүгіліп бұғанасы ауыр жүктен.

Шыдаған не талқыған құрыш төзім,
Жөн тапқан оғаш мінез, қырыс кезің.
Дәру боп тигізген көп шапағатын,
Дәріпті дуалы ойың, дұрыс сөзің.

Тағдырдың бойың босап қыспағынан,
Жәннаттың тоят тапқан ұшпағынан.
Мерейің шалқып тасқан лайым да,
Лөззат ап іңкәр көңіл құштарынан.

Құлпырған көктемде алуан сағым түспен,
Баянды ісің еткен бағыңды үстем.
Шат кездің, дарқан шақтың тірліктегі,
Еске алам шарапатын сағынышпен.

ЖҮЙТКІГЕН ЖЫЛДАР

Зулаған күндер ғайып боп,
Есте қап бұлдыр елесі.
Желкенін желге жайып көп,
Жүйткіген жылдар кемесі.

Қаласың тіптен байқамай,
Уақыттың заулап өткенін.
Кетпейтін шарпып жайқамай,
Мезгілдің суық өкпегін.

Лазым ғой шалқып мейманан,
Шат күліп, жайнап жүргенің.
Қызыққа толып айналаң,
Думан сап, дәурен сүргенің.

Ал, кейде жасап асылық,
Астамсып пенде лезде.
Күйсіген асып-тасынып,
Жел беріп жеңіл мінезге.

Жеңсікке оңғақ алданып,
Аңсары ауған өрнеге.
Татымы жоққа малданып,
Талығып түскен өүреге.

Өкінген бұған кейіннен,
Қаперге алып қапасын.
Жабырқап жаны кейіген,
Сан ұғып тартқан жапасын.

Содан да, бейнет шегетін,
Тірлікте талқы екен көп.
Өлшеусіз терің төгетін,
Мұратқа ізгі жетем деп.

Әудемде мінің түймедей,
Түйедей болып көрінген.
Нұр құшқан жаның кезде кей,
Орын ап жұмбақ төрінен.

Есейген егде кезінде,
Көп жайттың мәнін парықтап.
Еліккен қилы сезімге,
Шығанға ойың шарықтап.

Көкейің күнде тілеген,
Көңілің сырға мол қанып.
Кеудеңе аруақ түнеген,
Мұңлы күй шерткен толғанып.

... Жүйткіген жылдар тоқтамай,
Уақытқа ұшқыр ілесіп.
Көп-аз деп өлшеп шақтамай,
Қуаныш, қайғы үлесіп.

НАЗЕРКЕМ

Алтын айым аспандағы нұрын шашқан,
Секілдісің сен менің,
Шын жүректен, ақ тілекпен сырын ашқан,
Бір өзіңсің сенгенім.

Сын кезеңде жебейтұғын сындарлығың,
Жан жарыңды қостасаң.
Саған деген құштарлығым, іңкәрлігім,
Суымайды ешқашан.

Жүремін мен қастерлеген серт сөзіңді,
Бойтұмар ғып тағынып.
Шапағатты, шарапатты мәрт кезіңді,
Қай кезде де сағынып.

Қорған тапқан қанатымыз қайрылмайтын,
Шат көңілдің хошынан.
Тағдырымыз айнымайтын, айрылмайтын,
Мәңгі бақи қосылған.

АСА ҚЫМБАТТЫ ӘКІМ ЖӘКЕ, ҒАДИЛА ЖЕҢГЕ!

Өздеріңді мәрт жандарға теңесем,
Мадақ сөзін артық айттым демес ем.
Құтты болсын мерейлі алтын тойларың,
Ардақты аға, аяулы асыл жеңешем.

Көрінетін тұлғалары асқар боп,
Жақсы адамды үлгі тұтқан жастар көп.
Жарты ғасыр келесіңдер жұп жазбай,
Махаббаттың пөк сезімін қастерлеп.

Бүгін міне жарқыл қағып жүздерің,
Шуақ төккен шұғылалы күздерің.
Жаз дәуреннің қимас шағы артта қап,
Жатыр сайрап жүріп өткен іздерің.

Екеуіңді демеп ылғи Құдайым,
Ұзақ ғұмыр кешкейсіңдер лайым.
Аспандарың ашық болып әманда,
Әппақ нұрын себелесін күн-айың.

Жарқын жүзбен жайнап жасай беріңдер,
Ризықтың бал жемісін теріңдер.
Ұрпақтарың өсіп-өніп өркендеп,
Шалқар бақыт, шексіз қызық көріңдер.

Шаттаныңдар, қуаныңдар, күліңдер,
Шымылдығын игіліктің түріңдер.

Қай кезде де туыс, жегжат, ағайын,
Шын тілеулес екендігін біліңдер.

Алла әрдайым істеріңді оңдасын,
Әулиелер жебеп, демеп қолдасын.
Сапарларың тірлікте алға жалғасып,
Қиын күнде Қыдыр болсын жолдасың,
Әумин!

*Ізгі тілекпен ӨКІМ, РОЗА.
12.07.2003 ж.*

МЕРЕЙ

*Жас ұрпақ тәрбиешісі, ұлағатты ұстаз,
аса аяулы Күлән Халықоваға*

Жас шақтың жалын атқан құрметі деп,
Тұр ғой бір сыр шертудің реті кеп.
Кездер-ай күліп өтіп сағындырған,
Көкейде көнермейтін суреті көп.

Зырлаған заулап жылдар өлі есімде,
Мезгілдің нақ бейнесі, елесі де.
Тірлік қып алқын-жұлқын бастан кешкен,
Ғұмырдың ойпаңы да, белесі де.

Өзгеше ойы жүйрік, көңілі дарқан,
Өңгеден өзіңе ерек сенім артқан.
Көп шәкірт көз алдында түлеп ұшып,
Қияға самғағаны сенің арқаң.

Уақыттың жүздің жүйрік кемесімен,
Шығармай үміт күткен елді есіңнен.
Қарадың қамқорлықпен жас өренге,
Жөн айтып, ақыл қосып кеңесіңмен.

Содан да, қастер тұтам, өзінді мен,
Жоқ әсте кіділенген кезің мүлдем.
Жаныңа демеу көріп жадыңа тұт,
Жүректен туған іңкәр сезімді сен.

Көрінген жүріп өткен жолың алдан,
Көп ойың көкейдегі орын алған.
Үстем ғып шөкірттерің мерейінді,
Құрметтің ең төрінде орның қалған.

Еске алып жастық шақтың әр сағатын,
Жөнім бар менің де бір жар салатын.
Ұмытпан сонау кезді Роза екеуің
Алдымнан күліп шығып қарсы алатын.

Ұмытпан жан сөуленің назды хатын,
Сыйлаған махаббаттың бал ләззатын.
Ұмытпан ыстық сезім сыр-лебізін,
Жүрекке өшпес сөз боп жазылатын.

ТАҒЫМ

Құшағы ыстық, төрі кең,
Туған ауылым сағынған.
Көз ұшында көрінген,
Мұнарланып сағымнан.

Осы өңірде күн кешіп,
Сан қызыққа батқамын.
Бақытыммен тілдесіп,
Бал шербатты татқамын.

Осы өңірден ілкіде,
Сапарға ұзақ аттанғам.
Көбейіп наз, күлкім де,
Қуанғам да шаттанғам.

Сый көріп көп үйінен,
Жатсынуды сезбегем.
Қолдау тауып сүйінгем,
Қиын-қыстау кезде мен.

Тағылымы мол бағзыдан,
Ауыл-құтты мекенім.
Аңсаған бір шағымда,
Алып — ұшып жетемін.

Жылы ұшырап мейіріммен,
Қарыштатқан қадамын.

Көңілі мәрт, пейілі кең,
Қадір тұтам адамын.

Кісіге өр кез сыйлы елі,
Келген сайын сағынып.
Туған жерге киелі,
Тағзым етем табынып.

СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚҰРБЫ ҚЫЗДАР

Көз алдымда мұңлы жүз, кейіптерің,
Білем тағдыр төлкек қып кейіткенін.
Бірің жүрсің бүгінде кейуана боп,
Біріңнің тұр қорымда бейіттерің.

Сендерді енді еске алып толғанамын,
Сонау жылы құрбылар салған әнін.
Аз шеккем жоқ мен дағы машақатты,
Ауыр шақтың сырына мол қанғанмын.

Қилы кезде не бейнет көрмедіңдер,
Жоқты-барды тізбелеп термедіңдер.
Махаббаттың сиқыры елітсе де,
Алдамшы бір сезімге ермедіңдер.

Қанағат қып жазғанын, пешенеге,
Сұқтанбай-ақ жүрдіңдер ештеңеге.
Амалсыздан оқудан қол үздіңдер,
Тәлімдіден үйреніп кеш өнеге.

Бүрмелетіп шәй көйлек қимедім деп,
Бұрымымды әсемдеп түймедім деп,

Бұлданбаған өрнені қаперге алып,
Періштелер көкейге түйгенің көп.

Әз құрбылар, бейнет қып төккен терің,
Бастан кешкен қилы жол, өткелдерің.
Ұмытылмай жадымда қалды менің,
Баз бірде айтқан наздарың, өкпелерің!..

АҚВАЛ

Шәкірті ем мектебіңнің бір кезде мен,
Көшенді дедек қағып, құр кезбеген.
Келгенде кейінірек іс сапармен,
Кейпіңді кестелегем жыр-сөзбенен.

Сан талай өтті жылдар зулап ағып,
Мезгілдің қоңырауын жылдан қағып.
Тоғысқан тоғыз жолдың торабында,
Көз тартқан көрінісің тұлғаланып.

Көбейіп аспанынан нұр жауған күн,
Тұтасып көкжиекпен тұр аумағың.
Аян ең алыс-жақын атырапқа,
Аталып орталығы бір ауданның.

Көктемде Аса ағатын тасып ерек,
Халқыңның үлкені алғыр, жасы зерек.
Жай тапқан жанұялар жайраң қағып,
Жамылған үйлерінде жасыл желек.

Көңілдің шат лебізін құп алысқан,
Кісінің мерейі өскен қуаныштан.

Бір кезгі көркем кейпің кезіме ыстық,
Бүгінде күйзелістен кұты қашқан.

Таба алмай тірек болар таянышты,
Көкейге қапелімде қаяу түсті.
Адамды құрсіндіріп қабаржытып,
Аймағың азып-тозған аянышты.

Маздатып шам-шырағын уақыт жаққан,
Есігін әр үйіңнің шаттық қаққан.
Иесіз енді кенттің сұрқы қашқан,
Ілкіде тұрғындары бақыт тапқан.

Алтын күн нұрын төккен күліп көктен,
Адамдар ертеңінен үміт еткен.
Қашанда игіліктен күдер үзбей,
Халқымыз той-думанын дүрілдеткен.

Соны аңсап әрі өткенде, бері өткенде,
Ой түйген пайымы зор зерек пенде.
Қалатын еңсерілмей қай жұмыс бар,
Қызметін елің сүйген ер еткенде!..

ӘРІПТЕСКЕ

Газет нанын жеп өстік сен де, мен де,
Оны місе тұтпаған кезде пенде.
Жайсаң жанды іш тартам орны бөлек,
Жақыныма қайсыбір сенгенмен де.

Көктем күні салтанат сапын құрып,
Көкжиекте көлкіген сағым тұрып.

Бір ұжымда сонау жыл еңбек еткен,
Кетті алыстап кездер де сағындырыш.

Жанып қызмет жасаушы ек шаршау білмей,
Кезімізге қиналтқан сарсаңды ілмей.
Тыным көрмей сабылып сан жүрдік-ау,
Жұмылдырып жұмысқа баршаны үндей.

Өтті жылдар қаншама жүйткіп аққан,
Қатал уақыт дауылы ұйтқып соққан.
Мезгіл тезі шыңдаған ерте есейтіп,
Тауқыметін әркімге сый қып баққан.

Қилы өмірдің асып сан белесінен,
Сапарда ұзақ шалдықпай келесің сен.
Бастан кешкен ғұмырға төубе дейік,
Жаз дәуреннің сыр түйіп кеңесінен.

Өсте де ізгі шығармай ісіңді естен,
Әлдекімге парқы аздау кішірместен.
Жаздың талай ең зәру мәселені,
Қаламыңды қолыңнан түсірместен.

Шын тілегім, бауырым, сау жүр өман,
Шал болғанша, жүзге саудыраған.
Кейпіне енген жас күнгі келіншегің,
Бота көзі мөлдіреп жаудыраған.

ТҮРКІСТАН ТОЛҒАУЫ

*Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңір берген несібі ғой.
МАҒЖАН.*

1.КИЕЛІ КЕНТ

Шалғай елдің арасын,
Жібек жолы жалғаған.
Ақындар сөз сарасын,
Жамағатқа жолдаған.

Жұрттың арман-мүддесін,
Жыр ғып айтып толғаған.
Көлеңкелеп күнесін,
Көк жүзін бұлт торлаған.

Киелі төр, көне кент,
Сансыз ғасыр жасаған.
Бедері көп керемет,
Бекем алтын босаған.

Тағзым ғып жұрт сиынған,
Қыдыр қонған ордасың.
Мерей өскен сыйыңнан,
Қазыналы қордасың.

Ырысты өңірің, бай далаң,
Несібең мол бұйырған.
Абаттанып айналаң,
Көзді тартқан қиырдан.

Кілемдей болып түрленген,
Гүлзар жасыл алаңың.
Жайып жылда түлеген,
Көркі ғажап қалаңның.

Хатқа түскен өзелде,
Шежіреңе қарасам.
Тартқан қиын кезеңде,
Тауқыметің орасан.

Сан киліккен күшпен көп,
Жауға айбарлы қаһарың.
Мәртебенді үстем ғып,
Жаса, шаңдоз шаһарым! ...

2.ӘЗ БАБА

Сиқырлап көзді арбаған,
Күмбезің – көркем кесенең.
Иманды, ізгі ордаңнан,
Көгеріп өскен көсегем.

Рухың жұртты жебеген,
Қожа Ахмет өз бабам.
Өркенін жайып өнегең,
Жүректің ділін қозғаған.

Аян ғой алыс, жақынға,
Айбының, даңқың, дабысың.

Пайымың кемел ақылға,
Данагөй абыз, арысым.

Әлеумет әр кез сүйінген,
Әулие тұтып табынған.
Аруағыңа бас иген,
Патша да түсіп тағынан.

Қаныма еккен қасиет,
Тәлімің, үлгі өр ісің.
Ұрпаққа өшпес өсиет,
Уағызың күллі дәрісің.

Күш-қуат беріп пендеге,
Өн бойға шипаң дарыған.
Бүр жарған үміт кеудеде,
Көңілді демеп тарынған.

Бақыттың буы балқытып,
Жаңғырған түлеп жан дүнием.
Пейіштің нұрын шалқытып,
Жебей гөр пірім, әулием!...

3. ТҰҒЫРЫМЫЗ – ТҮРКІСТАН

Асыл қазына – жерасты,
Аспанымыз нұр құшқан.
Ұрпағымыз Алаштың,
Тұғырымыз – Түркістан.

Түрік ұлысы түбіміз,
Қайсар халық қазақпыз.
Көкте күлген күніміз,
Егемен ел – азатпыз.

Алатау мен Арқаның,
Атырау мен Алтайдың,
Аймағынан тарқап мұң,
Мерейленіп марқайдым.

Мертебеміз биіктеп,
Ел төуелсіз атанды.
Ұл-қызымыз сүйікті,
Қастер тұтқан Отанды.

Тоқтар, Талғат бауырым,
Самғап ұшқан ғарышқа.
Көркейе өскен ауылым,
Көз жіберіп алысқа.

Әлемді жалт қаратқан,
Қазақстан даңқы асып.
Думанды үнін таратқан,
Күй күмбірлеп, ән тасып.

Тірліктің көп бұлтаңын,
Ерте сезіп өзгеден.
Келеге сап ұлт қамын,
Жұрт бірлігін көздеген.

Тірліктің көп бұлтаңын,
Ерте сезіп өзгеден.
Келеге сап ұлт қамын,
Жұрт бірлігін көздеген.

Кемеңгерлер көреген,
Төле, Абылай, ұлы Абай.
Құдіретіңмен, пәрменмен,
Тілекті оңғар, я Құдай! ...

ӘКЕ ТУРАЛЫ СӨЗ

НЕМЕСЕ БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ

МОНОЛОГЫ

1

Дүниеге мен келгенде,
Майданда жүрдің от кешіп.
Зобалаң туған елге де,
Өмір мен өлім беттесіп.

Соқтығып бейбіт Отанға,
Салды лаң фашист оқыстан.
Құрсанып жауға аттанған,
Боздақтар небір оққа ұшқан.

Ерлікті аян бұрыннан,
Паш еткен жұртқа жыр мәңгі.
Тайсалмай қанды қырғыннан,
Таныттың батыр тұлғаңды.

Есімі өшпей болған дүр,
Ерлерді кеткен жан қиып.
Баулыған шындап командир,
Генерал Иван Панфилов.

Серік боп сардар сен оған,
Өнеге бердің өзгеге.
Мейірім тапқан сан адам,
Қысылшаң қиын кезде де.

Сол дәстүр қалған кешеден,
Бүгінгі күнге жалғасқан.
Өмірді нұрлы көксеген,
Ұрпаққа жарқын жол ашқан.

Аңызға атың айналып,
Қалдың сен елдің жадында.
Мүсінің тұрған ойланып,
Құрметтің гүлзар бағында.

Самғаған құзар қияға,
Сұңқарға кейпің ұқсаған.
Түлекке ұшқан ұядан,
Телімің өріс нұсқаған.

Даңқтың мұражайында,
Алау от жанып маздаған.
Зердені зерек пайымға,
Әркімге тағдыр жазбаған.

Ұлылық саған жарасқан,
Көз тартқан асқақ айбының,
Қиялың шырқап әрі асқан,
Шындықтың шолып айдынын.

Келешек күндер нұрланып,
Шапағын шашқан шуақты.
Шаттыққа көңіл жырғалып,
Кенелген ойға қуатты.

Шертілген сыр боп әр ісің,
Лебізің шыққан жүректен.
Ескерткіш еткен алғысын,
Ел-жұртың шексіз құрметпен.

Тәубе етем, ұлы болғанға,
Бауыржан Момышұлының.
Мерейің өсіп толғанда,
Қуаныш құшқан күнің мың.

Қаймықпай оқтан түтеген,
Қатерді серпіп тастаған.
Қалқан боп елге кеудеңмен,
Қаһарман ең қол бастаған.

Лапылдап жанып жасыңда,
Құсадың көкте жасынға.
Бір жүрген кейде қасыңда,
Болмады аз досың, қасың да.

Пендемен күншіл кездесіп,
От қойған нәзік сезімге,
Аз емес ғайбат сөз естіп,
Қасірет шеккен кезің де.

Әйтсе де, бағың күнде өскен,
Қараулар жым боп күндеген.
Дұшпаның бұғып үні өшкен,
Сөйлесең биік мінбеден.

Тұңғыық ойың, жан сырың,
Ешкім де бойлап көрмеген.
Өршіткен уақыт өн-жырын,
Өренің алға өрлеген.

Семсерің сұсты кешегі,
Алмасып ұшқыр қаламға.

Сөз айттың жұртқа көшелі,
Шығармаң тарап ғаламға.
Тірліктің қысаң қалпына,
Өр тұлғаң өсте сыймаған.
Мархабат еттің халқыңа,
Алғыстың гүлін сыйлаған.

Арғымақ аттай дүбірлеп,
Ағызып өткен кермеден.
Көкейің күнде күмбірлеп,
Кеуденді бір күй кернеген.

Қилы да қиын тағдырың,
Үлгің көп сабақ алатын.
Бойлаған терең тамырың,
Таңырқап лезде қалатын.

Бек риза іңкөр жан саған,
Кіршіксіз мөлдір ар-жаның.
Күн туды өзің аңсаған,
Жүзеге асып арманың.

Тәуелсіз елің атанып,
Салтанат құрған санатын.
Сені ардақ тұтқан Отаның,
Соқтырған Жеңіс сағатын.

Мәлім боп алыс, жақынға,
Таң қылған жосын ісің кей.
Мадақ жыр жазған ақындар,
Бейнеңе қылау түсірмей.

Шүкірлік қылам, жүргенге,
Көшірмең болып мен сенің.

Пендесін жанның түргенде,
Зор кейпін көрем еңсеңнің.

Арман ғып айтам датымды,
Толғанып көңіл хош күймен.
Ардақтап өзіз атыңды,
Рухыңа өшпес бас ием.

«ЖОЛАШАР» ТАРАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

ЖЫР БАСЫ

Ежелгі шаһар, көне кент,
Күәсы сансыз ғасырдың.
Тақсырдан шегіп көп бейнет,
Зөбірін көрген тасырдың.

Әйгілі Жібек жолымен,
Ағылған Шығыс, Батыстан.
Көпестер, байлар жөн білген,
Пайдаға белден батысқан.

Керуендер қаптап тұс-тұстан,
Даланы кезіп шарлаған.
Ниеті бұзық қас дұшпан,
Ой-қырды тінтіп барлаған.

Жұрт көріп заман тарлығын,
Қиналған қилы өткелден.
Хандардың естіп жарлығын,
Зорлығын шексіз өткерген.

Қысық көз шүршіт лаңын,
Қысасын бастан кешірген.
Сан рет жағып шырағын,
Сан рет отын өшірген.

Ел-жұртқа тыныш, басы аман,
Көркейіп өскен өркендеп.
Жоңғарлар қырғын жасаған,
Тып-типыл етіп шәрді өртеп.

Қоқандық бектер ызғарлы,
Зымиян, аяр сүспенен.
Зекет сап, зорлап қыздарды,
Айуандығын істеген.

Қазақты патша ақ құлақ,
Бодан ғып байлап матады.
Күл-талқан қылып атқылап,
Күңіреңткен Әулиеатаны.

Боздақтар сансыз мерт болған,
Қас жауға тіккен қаһарын.
Үрейі ұшқан, өрт шалған,
Көміліп күлге шаһарым.

Қираған қала, үйлердің,
Мың сөніп, оты мың жанған.
Өшпеген рухы ерлердің,
Шейіт кеткен қаскөй мұндардан!...

1.ӘУЛИЕАТА ОЙРАНЫ

Қаланың шығыс жағында,
Тектұрмас әулие мазары.

Сыйынып ел-жұрт бағзыда,
Зиярат ғып ауған назары.

Арындап Талас ағады,
Ақ көбік атқан толқыны.
Төңірек дүрсіл қағады,
Дүбірлеп жердің солқылы.

Қатігез патша әскері,
Қамаған қала қамалын.
Қораға түскен аш бөрі,
Құлқынның күйттеп амалын.

Айласы асқан күштіге,
Түк те емес қарсы егесің.
Зіркілдеп қырдың үстінде,
Зеңбірек созған өңешін.

Гүрсілі құлақ тұндырып,
От шашып, зәрін бүріккен.
Сарбаздар сағын сындырып,
Дүрлігіп қойдай үріккен.

Зұлымдар төгіп заһарын,
Тепелеп оқты жаудырған.
Быт-шыты шыққан шаһардың,
Әлгіде аман-сау тұрған.

Сақтаған салтын баяғы,
Шырқ бұзып ешкім тимеген.
Құтты ұя болған саялы,
Қираған сансыз үй-мекен.

Көнеден қалған жөдігер,
Күрт күйреп көркем кесене.

Әудемде болған әбігер,
Әулеттер зарлап нешеме.

Көп зардап шеккен дүмпуден,
Қарахан баба күмбезі.
Көк ала қошқыл түтіннен,
Көрінбей кеткен күн көзі.

Жайқалып тұрған ілкіде,
Жасыл бақ, гүлзар, ну орман,
Әулі-жай, мал-жан, мүлкің де,
Өртеніп отқа оранған.

Черняев деген полковник,
Өршіткен қанды жорықты.
Қайран жоқ, келмей қолдан түк,
Кәпірден көңіл торықты.

Жас Шоқан штабс-поручик,
Опынып жеткен Омбыдан.
Ес жиған өзер дәрі ішіп,
Ештеңе көрмей оңдыған.

Естіген қаңқу сыбысты,
Бір түсіп, қырға бір шығып.
Сезініп сұмдық қылмысты,
Күйзелген жаны түршігіп.

Көз көріп алғаш мұндайды,
Ашынған ауыр сезіммен.
Жүрегін езіп мұң-қайғы,
Жас ыршып тамған көзінен.

Шақ көрмей шама-шарқынын,
Сарғайып солған санадан.

Алдында момын халқының,
Кінәлі өзін санаған.

Түйді ойын Шоқан әуелгі
Кеудеде үрлеп мұң шоғын.
Ел-жұртқа бодан, тәуелді,
Азаттық тумай күн жоғын.

Алдымен мүскін қазаққа,
Оқу мен білім керегін.
Көндігіп мехнат-азапқа,
Мал бағып тапқан қорегін.

Отаршыл жүйе үгітін,
Ұлы ойшыл сол бір сәт танып.
Патшадан үзіп үмітін,
Верныйға кеткен аттанып...

2. ТҰҢҒЫШ ТӨРАҒА

Атшабар ... Әулиеатаның
Қақ төрі – базар алаңы.
Күн батып, таңың атады,
Оятып ерте қаланы.

Бүгін де ығы-жығы адам,
Сауда да қызған кез мұнда.
Шу-дабыр гулеп тынбаған,
Қаңқу сөз қилы мазмұнда.

– Комиссияны кім басқарып
Келіпті дейсің?...

– Рысқұлов!...-,
Деді әнтек жүдеу, аш-арық
Егде адам кенет мырс күліп.

Сөйлеген қоштап ап-сәтте:
– Ә, білем, — деді әлдекім,-
Уездік тұнғыш Совдепке
Төраға болған сол әкімі...
Үн қатты біреу сөл кейіп,
Тағатын тұрған тауысып:

– Қызметі өсіп үлкейіп,
Ташкенге кеткен ауысып! ...
Ду қызған базар ішінде,
Көбейіп гу-гу өңгіме,
Назары жұрттың кісінде,
Мінбеге шыққан әлгіде.

Сөйлеп тұр сұңғақ, келісті,
Жас жігіт қырбық мұрт қойған.
Атқарып игі көп істі,
Мерейі толып марқайған.

«... Жарандар, келген Ташкенттен,
Өкілеттікпен, пәрменмен.
Ғаріптер жүрген аш көптен,
Қалмаңдар қалыс жәрдемнен

Жазмышқа нендей дауа бар,
Дерт, аштық елді жайлаған.
Жоқ-жұтаң жандар паналар,
Жатын жер дайын сайлаған.

Кемтарға көмек бермекпіз,
Қатердің бұлтын түргізіп.
Келгенше қолдан көрмекпіз,
Аштықпен күрес жүргізіп!... »

« Жарайсың», «пәлі», «сөйтіндер»,—
Десті жұрт тұрған анталап.
Кіріптар кілең мүскіндер,
Көздері кеткен қанталап.

Көбі аш тобыр, байғұстар,
Көшеде жүрген қаңғырып.
Мұң-шері жанды жаныштар,
Мұқтаждық естен тандырып.

Шұбырып аштар ағылған,
Жырақтан, алыс өңірден,
Кейбірі кедей ауылдан,
Түңілген қапас өмірден.

Қайғыға куә көне кент,
Қара жер, үнсіз көк аспан.
Байыпсыз шегіп қасірет,
Бағдардан ел адасқан.

Сөйлейді Тұрар тағы да,
Аударып көптің назарын:
« — Тарықпай жүрген бағың да,
Тарқатпай тірлік базарын.

Жеткіздік шұғыл қамданып,
Астықты, киім-кешекті.
Жауыздар қайта жанданып,
Тасадан атқан кесекті.

Қаражат, күш бар әр текті,
Күйі жоқ көңілі алаңға.
Әкелдік дәрі-дәрмекті,
Ауырған сырқат адамға.

Ашылған тездеп асхана,
Аштарға ауқат үлесіп.
Үйсізге таптық баспана,
Кедейлік кеппен күресіп.

Көмек ап жетім-жесірлер,
Әл жииап қалды қонайып.
Аз емес қырсық-кесірлер,
Етпеңдер өзер көп айып.

Күйініп нала болмаңдар,
Керек қой көңіл хошы да.
Кешікпей жедел барыңдар,
Бөлінген жерге, қосынға!...»

Гулесіп тобыр дабырлап,
Жан-жаққа тарап жөнеген.
Сормандай еткен сабырды ап,
Көп еді қырсық не деген.

Жетелеп қиял алысқа,
Қуантқан жұртты тәтті арман.
Кенеліп шексіз алғысқа,
Көп жұмыс Тұрар атқарған.

Аянбай ол күш жұмсаған,
Айқасып ажал-астықпен.
Сергелдең болған мұнша адам,
Қасірет шеккен қастықпен.

Бозбала таңда сонау бір,
Есейіп ерте көбеген.
Сарсаңда таппай сая бір,
Кембағал жұртын жебеген.

Әулиеата үшін киелі,
Ерлік қып ерен тер төккен.
Сұрттіріп жұққан күйені,
Сұмдарды қатаң тергеткен.

Туған ел үшін назалы,
Түс қашып, жортып түн қатқан.
Ауыр мұң артып азалы,
Таң атып, талап күн батқан.

Халқы үшін кезде қатерлі,
Қат-қабат істі қолға алған.
Қандасын ойлап көнтерлі,
Қам жасап, қатты толғанған.

Мерт болған кемел шағында,
Ұлтжанды жампоз, айбатты ер.
Қазақтың туған бағына,
Күрескер, ұлы Қайраткер! ...

3.АЛТЫН ДІҢГЕК

*«Тараз – рухани байлығымыздың
Алтын діңгегі.»*
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Түп-тегін Тараз таратқан,
Ертеден, бағзы кездерден.
Сан мәрте өтіп сараптап,
Сан мәрте аты өзгерген.

Жадырап, кейде қабарып,
Мұнартқан дала төсі кең.

Сан мәрте өмір жаңарып,
Үдерген уақыт көшімен.

Бақилық болып аттанған,
Дәм-тұзын адам тауысып.
Бірде өксіп, бірде шат болған,
Құбылған заман ауысып.
Билікке хандар таласып,
Алтын тақ үшін қырқысқан.
Бітім ғып, ауыз жаласып,
Арқасын жазған құрысқан.

Бірімен бірі соғысып,
Қара жер үстін қандатқан.
Жолдары айырық тоғысып,
Аспанның астын шаңдатқан.

Араз боп лезде дауласып,
Береке, бірлік таппаған.
Жүрмеген шақта жауласып,
Күн шығып, таңы атпаған.

Талай сыр-жәйтқа қанығам,
Тарихын шолып Тараздың.
Шын кейпін көріп танығам,
Татымы жоқтың, нәрі аздың.

Жарқын шақ, жаңа дәуірдің,
Тәлімі басқа өзгерек.
Шын парқын жеңіл, ауырдың,
Айтатын ұтқыр сөз керек.

Сан көрдік зәлім дұшпанның,
Кеудені жаншып қысқанын,
Үміттің бу боп ұшқанын,
Қапыда ер ажал құшқанын.

Тірлігің еш боп бірліксіз,
Күштіге әлсіз бағынған.
Күн кешіп ойын-күлкісіз,
Бодан боп, құл боп табынған.

Таланған ауыл, қала да,
Күпті боп көңіл қаяулы.
Көр төнген қартқа, балаға,
Аңырап ана аяулы.

Көп көрген Тараз бұл кенті,
Талыққан қажып нар талап.
Күйініп небір жыл өтті,
Қасірет, мұңды арқалап.

Өткеріп ел сын-талқыны,
Өркендеп қайта түлеген.
Жалындап жігер жалқыны,
Тірегін тапқан тілеген.

Құр қалмай тағдыр сиынған,
Сүйінген сәтін сауға қып,
Аруақтарға сиынған,
Шүкірлік етіп, тәубе ғып.

Ұйытып жұртты ұйымға,
Алғысқа мейірі мол қанған.
Таразда үлкен жиында,
Елбасы сөйлеп толғанған:

« – Тәуелсіздіктің таңы атты,
Күн күліп, көкпен нұр төккен.
Сап түзеп, құрдық санатты,
Көз тіккен әлем құрметпен.

Бет алған жарқын ғасырға,
Егемен боп ел ерікті.
Табыспан даңқын асырған,
Қыздырып еңбек-көрікті.

Болжаған кемел байыппен,
Бүгінін, нұрлы ертеңін.
Қанатын Тараз жайып кең,
Көркейткен жасыл өркенін.

Отанын сүйген әр адам,
Мерейі тасып, бақ дарып
Қуанып күліп қараған,
Қызметін адал атқарып.

Білмеген тегін мәңгүрттің,
Тірлігі мәнсыз мағлұм.
Өткенін танып ел-жұрттың,
Ғанибет түйген тағылым.

Көзайым болған көргенің,
Тараздың көркі күндегі.
Рухани сана, зерденің,
Тарихы алтын діңгегі!..»

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ

Суық жел сар далада сарнап өскен,
Үдеріп қилы-қилы күндер көшкен.
Аң шаңқан арманына қанат байлап,
Көп адам алаңдаусыз ғұмыр кешкен.

Шығарған туған жерін кім есінен,
Мезгілдің шуақ тапқан күнесінен.
Болжаған болашақты болымды жан,
Тірліктің тура қарап мінбесінен.

Мен дағы үміт қуып бала кезден,
Жадыма тағылым түйген дана сөзден.
Тұрмыстың меһнатын сансыз шегіп,
Тағдырдың тауқыметін талай сезгем.

Демеймін үміт оты жағылмаған,
Тауаным тар кезде де шағылмаған.
Қанша рет тырбансам да талап етіп,
Оңайдан іздегенім табылмаған.

Қайткенде құр жасымай сымбаттандым,
Туған жер қасиетінен қуаттандым.
Кеудемді қуанышқа толтырып ап,
Алдағы шұғылалы күнге аттандым.

Сый көріп қадірінше сүйікті елден,
Көп сырды көкейіме түйіп келгем.
Туған жер құдіретіне тағзым етіп,
Мәртебем өсіп, еңсем биіктеген.

ҚЫРАН ЕРЛЕР

Табиғат бойы сырға тұнған,
Тарихтың көші ырғалып-жырғатылған.
Бірауыз жылы сөзі жанашырдың,
Көңілдің күңгірт кейпін нұрландырған.

Тірлікте әр пенденің көрері көп,
Бақастар бірін-бірі жүрер күндеп.
Кісілік мерейлі еткен мәртебенді,
Кешелік көзге түскен ерен мін боп.

Адамның тура жолдан танбайтұғын,
Қашан да қалау мол таңдайтұғын.
Аңсардың тоят тапқан жөні бөлек,
Шәрбатқа мейір шөлі қанбайтұғын.

Дөңайбат шегіп әнтек тасырлаған,
Дұшпанға хас батырлар бас ұрмаған.
Халықтың қасиетін кие тұтып,
Қадірін қай кезде де қашырмаған.

Кеудесін кек кернеген, намыс қысқан,
Қырандар қанат қағып алысқа ұшқан.
Еңсесін елдің ерлер биіктетіп,
Ерекше еңбегімен алғыс құшқан.

САРҒАЙҒАН ЖАПЫРАҚТАР

Шыжыған жаздың қайтты ыстық табы,
Мезгілдің бесінге ауып түскі шағы.
Саялы жасыл бақтың сәні кетіп,
Сарғайып жапырақтар түсті тағы.

Қалбиған бойы ұзарып көлеңкенің,
Сыпсыңы көбейген кез жел еркенің.
Аспанда алабұртып бұлт жөңкіген,
Келбетін кіреукелеп кең өлкенің.

Сілбілеп кей күндері жауып жаңбыр,
Бусанып жердің төсі, жаңғырды қыр.
Киімін жазда киген шешіп тастап,
Шапанын шұбар ала жамылды өңір.

Айырылып шырайынан атырап бар,
Ақ қайың дірдек қақты, қалтырап тал.
Қыршындай жас ғұмыры ерте үзілген,
Саудырап жерге түсті жапырақтар.

АЙ ДИДАРЫ

Тамылжыған жаздың тымық түнінде,
Торғын аспан шымылдығын жай ашып.
Айрықша бір нұр сипат бар түрінде,
Алатаудың шықты үстінен Ай асып.

Жарық нұрын шашып шырқау биіктен,
Жер-жаһанды жанарымен шолғандай.
Барлай қарап үнсіз мұңды кейіппен,
Барша дүние ұзақ ойға шомғандай.

Табиғаттың керемет қой кезі кей,
Тылсым сыры түпсіз терең тұңғиық.
Көп пендеге құпиясын сездірмей,
Көкейіне тоқи берген түн түйіп.

Сезім күйі адамның жан толқыны,
Бұрқ-бұрқ қайнап аққан мөлдір бастаудай.
Іңкәрліктің жалындамас жалқыны,
Махаббаттың жүректе әні басталмай.

Аппақ шұғыла алау оты үзілмей,
Аспан төсін арайлатып тұр жанып.
Асыл жардың шырайлы ақ жүзіндей,
Ай дидары толықсыған нұрланып.

ЖЫЛДАРЫМ

Самалдан шәрбат сіміріп,
Саз жердің жұлдым жалбызын.
Құйындай ұйтқып жүгіріп,
Құмдақта талай қалды ізім.

Шадыман кезде шаттанып,
Думанды дарқан күн кештім.
Тағдырдың сыйын сөт танып,
Уақытпен сансыз тілдестім.

Лаулаған бойда жалыным,
Алаулап албырт сезіммен.
Жүректің жақтым жалынын,
Жарқылдап ұшқын көзімнен.

Жылдарым заулап жөнеген,
Жыраққа ұзап шұбаған.
Өмірден алған өнегем,
Өлшеусіз қызық сыбағам.

ЕКЕУАРА

Күндердің керуенін ілестіріп,
Уақытты жаңалаған жыл ескіріп.
Жан-жаққа жалт-жұлт қарап кетті оралмай,
Жас дәурен базарлығын үлестіріп.

Көңілдің көкжиегін суыт шолып,
Кеудеде шырақ жаққан үміт толып.
Қайнары қуаныштың толқын атқан,
Қапалы кезің демде ұмыт болып.

Аз емес мәселеміз келіспеген,
Мұқтажын күйттеп кімдер керіспеген.
Еншіміз мұқым ортақ екеуара,
Жоқ біздің ештеңеміз бөліспеген.

Шаттықтың шалқып лебі асқақ ескен,
Шадыман шақ шықпайды, әсте естен.
Шапағат берсін, тәңірім, деп тілейік,
Шарапатты күндерге бастан кешкен.

СОЛ БІР СӘТ

Есімде, бәрі есімде,
Бел буып тосын шешімге.
Елбіреп бір сыр шерткенім,
Ертеде көктем кешінде.

Жадымда бәрі жадымда,
Құштарлық тасып қанымда.
Жадырап шат боп қалғаным,
Жүрген соң өзің жанымда.

Албыртпын, жасап асылық,
Аптыққан демім басылып.
Ойымды алғаш айтқаным,
Оңаша саған ашылып.

Билеген бойды құмарлық,
Қалпыма қалдым қуанып.
Бінтызар көңіл лебізін,
Тыңдап ең үнсіз құп алып.

Сол сәтте ерек көрінген,
Аққудай кейпің керілген.
Дәмі есте кетпес бал таттым,
Шөп етіп сүйіп ерніңнен.

Қысылып өзің өзіңнен,
Қымсынып үркек сезімнен.
Қызарып толқып ақ жүзің,
Нұр төктің ғажап көзіңнен.

Қызығы шексіз сәт шақтың,
Қызуы қайтпас дәм таттым.
Нұрыңнан жаным жалын ап,
Жүрекке өшпес от жақтым.

МӘРТ АДАМДАР

Қаймықпаған тар жол, тайғақ өткелден,
Қилы күнді бастан талай өткерген.
Жомарт жанды, өр көңілді адамдар,
Жақсыны да, жаманды да көп көрген.

Олар бағын қысылшанда сынаған,
Елге сыйлы еңбегімен ұнаған.
Нардың жүгін көтергенде кей кезде
Қабырғасы бір қайыспай шыдаған.

Тағылымы мол үлкенге де, кішіге,
Көптің көңілі көншітұғын ісіне.
Қамқор болып көріптерге зәредей
Әсте залал жасамайтын кісіге.

Батыр дерсің жекпе-жекке шығатын,
Палуан дерсің қарсыласын жығатын.
Үшқыр ойы, зерек ақыл-зердесі
Көкейдегі сырыңды айтпай ұғатын.

Жебеушің боп, демеушің боп жүретін,
Тез табатын қиын істің ретін.
Ғалым дерсің көп оқыған ғұлама,
Арғыны да, бергіні де білетін.

НҰРЛЫ АРМАН

Қуаныш құшқан шағымда,
Көңілімде сезім көлкіген.
Жасампаз өмір бағында,
Жанымды самал желпіген.

Қиялды биік өрлетіп,
Талабым тағат көрмеген.
Қиырға құлаш серметіп,
Кеудемді бір күш кернеген.

Бал күнді еске ап өткерген,
Бір жасап тасып қаламын.
Қаймықпай қиын өткелден,
Қайырлы болған қадамым,

Емірентіп ойлар көбеген,
Ертеңім күліп тұр алдан.
Жеңсік қып мені жебеген,
Жетелеп алға нұрлы арман.

СОЛ БІР КҮНДЕР

Қызығы көп кетті ұзап небір күндер,
Жақсылықты алдынан күтпеген кім?!
Інкөрліктің себімен көңіл гүлдер,
Жай тапқызып жаныңды діттегенің.

Құштарлықтың пердесін айқара ашып,
Шат күй кешіп шығасың құмарыңнан.
Арлы, иманды адамның айбыны асып,
Мерейі өскен нәрлі ойдың құнарынан.

Жастық шақтың жалындап мейірімімен,
Бал шәрбатын сімірген ләззаттанып.
Әсер алып керемет кей бір күннен,
Жүрген кездер аз емес ғажаптанып.

Өр қиялың қиянға шарықтатып,
Шат жүректі шарпыған отты лебің.
Тылсым сырын тірліктің парықтатып,
Көңіліңді көншіткен көп тілегің.

Сол бір күндер кетті ұзап алысқа әрман,
Сағынттың сағымын бұлдыратып.
Мезгіл көшін үдерткен, жастық дәурен,
Биік өрден еңіске құлдыратып.

КҮЗ ӘУЕНІ

Алабұлттанып түнеріп,
Аспанның түсі бұзылып.
Түстікке беттеп үдеріп,
Тырналар легі тізіліп.

Қарайды солғын назармен,
Күн көзі бұлттан ұрланып.
Тұрғандай тыншып өзерден,
Түксиген дала сұрланып.

Жас тоғай сыңсып шулаған,
Жаздағы тозып ажары.
Құстардың көлде шулаған,
Тарқаған думан базары.

Ақселеу басын бұлғаған,
Ызғырық желден дірілдеп.
Трактор жортып тынбаған,
Күздікті жыртқан гүрілдеп.

Маңдайдан төгіп терін мың,
Басылған көңіл алаңы.
Қамдаған жиын-терінін,
Шаруагер ауыл адамы.

Береке күзін тойлатып,
Сейілген көңіл тұманы.
Толғантқан қатты ойлантып,
Толассыз тірлік думаны.

Жас дәурен күлген бәйек боп,
Жайдары жүзді қызға ұқсап.
Жарқын жаз көзден ғайып боп,
Жабырқау тартты күзгі шақ.

ТӘУЕТЕМ

Жазғы таңның мөлдір өсем сағымы-ай,
Іңкәр жүрек тағат етпес табынбай.
Көңілге ыстық туған жердің дидары,
Көрмей кетсең жүре алмайсың сағынбай.

Ұлпа бұлты ақ шөлідей желбіреп,
Айнакөлі көк аспандай мөлдіреп.
Көз алдында ғажап көркі елестеп,
Ет жүрегің емексіген елжіреп.

Кейде алыстан аңсап іздеп барғанда,
Кенелткендей қол жетпейтін арманға.
Таусылмайтын сыр шертеді тынымсыз,
Тіршіліктің сиқырлы үні бар маңда.

Гүілінен көкірегіңе күй толған,
Жұпар желдің мейірімінен сый табам,-
Анам болып аймалаған бетімнен,
Әкем болып маңдайымнан сипаған.

Сондай сәтте ақ жүректен жарылам,
Жақсы лепес естігендей жарымнан.
Күйкіліктің кірбіңінен тазарып,
Көкейдегі нала-мұңнан арылам.

Жастық дәурен қызық бастан кешкенге,
Құр қалмаған ырзығынан еш пенде.
Туған жердің топырағын тәу етем,
Мерейленіп мәртебем бір өскенге.

КҮН БАТАР КЕЗ

Шашу етіп шұғыласын шаттығын,
Тамашалап табиғаттың пәктігін,
Жәннат жерде нұр сәулесін жүздіріп,
Нарттай жанып ұясына батты күн.

Төңіректі терең ойға шомдырып,
Шуағына ең шалғайды шолдырып,
Тауысқандай шарасыздан сапарын,
Көк әлемін шарлап тынбай жол жүріп.

Қызығатын көз құмарың бір қанбай,
Кешкі арайлы шақта шапақ нұр қандай!?
Күллі дүние күңгірт тартып мұңданып,
Жарық күнін қимай қарап тұрғандай.

Табиғаттың заңы өрбіген бірлікпен,
Күн тағдырлас адам ғұмыры сыр бүккен.
Күліп келіп дүниеге, кетерде
Қимас жүзбен қоштасатын тірлікпен.

САФ КЕЛІСІМ

Өзгеше өскен ұлмын талабыммен,
Өлеңнен өрнек салған қаламыммен.
Жарастық, әсемдікті жан сүйсінген,
Бойынан табиғаттың табамын мен.

Табамын сан алуан көріністен,
Таңғалтқан таңғажайып көрік, түстен.
Табамын қызыл гүлден, ақ қайыңнан,
Сұлулық бет әлпетін еркін пішкен.

Табамын уақыттың әр ізінен,
Мезгілдің қыс пен көктем, жаз, күзінен.
Айрықша әсер алып сыр түйемін,
Арудың пәк көңілінен, ақ жүзінен.

Табамын саф келісім жанашырдан,
Жыр дейтін, өнер дейтін жарасымнан.
Көңілге шуақ төккен шұғыладан,
Көгілдір аспан, жердің арасынан.

ҚИЛЫ КЕЗЕҢ

Қилы жолмен қисапсыз зулап күндер,
Жосқан аңдай жапанда жортты жылдар.
Жазирасын жоқтаған жылап гүлдер,
Жайнап-ұйпап өткенде жортуылдар.

Сар далада сарылып сапқа тұрды,
Сая таппай сағымның ормандары.
Жалаңаштап кеудесін оққа кірді,
Сансыз рет адамның армандары.

Жаңа дәуір жар салып дабыл қақты,
Туған елдің үстінде ту желбіреп.
Жан мейірі нұр құшып дамыл тапты,
Жадау жатқан жапан түз, өңір түлеп.

Күлімдеп күн көз тіккен дала-паңға,
Игіліктің көркейіп көк орманы.
Бақ құсы боп қонды кеп алақанға,
Өз бабаның аңсаған көп арманы.

АТАМЕКЕН

Көп көрініс бала кезгі есімде,
Көктемгі аппақ таңның, қызғылт кештің де.
Ақ шабақтар суда қарғып шоршыған,
Аққан баяу Талас өзен төсінде.

Қызық күнді бастан талай кешкенмін,
Құрбымменен қырыңда ойнап өскенмін.
Елтіп тыңдап ертегісін әжемнің,
Жаттап айтқан жұмбақтарын шешкенмін.

Көз жауын ап қызғалдағың қаулаған,
Гүл сипатты бойжеткеннен аумаған.
Тал шыбықты ат қып мініп асыр сап,
Көк майсаңды көрпеше ғып аунағам.

Көкейімнен кетпес әсте түйгенім,
Бал татыған баданадай жидегің.
Қамыста ерген қырғауылыңды атқам жоқ,
Құмда жортқан қояныңа тимедім.

Қай кезде де ыстық маған құшағың,
Қиялыммен қимасымды құшамын.
Сағынғанда тағат таппай сабырым,
Саған қарай жыл құсындай ұшамын.

Жететұғын мұратқа кім бар демде,
Мехнаттын тірліктің бастан кешпей.

Қызығына өмірдің іңкәр пенде,
Ізгі арманын, дәт таппас, аңсап өспей.

Баянсыз ғой байлық та, мансабың да,
Қалар дейсің қашанғы берекең боп.
Құр қиялдың жүретін құшағында,
Парықсызға күнде той, мереке көп.

Қызық дәурен қанша бір қимасаң да,
Қоштасады қол бұлғап, қайраның жоқ.
Жомарт уақыт мол бақыт сыйласа да,
Сап болмайтын мәңгілік сайраның жоқ.

Тұрлаулы ісің тұғыр ғып бекінгенің,
Маңдай терің күн сайын құрғатпаған.
Ең қиын сәт — жете алмай өкінгені,
Тіршілікте дйттеген мұратқа адам.

БАҚЫТЫМ МЕНІҢ

Қиялымда жүрсің ылғи сен менің,
Бір өзіңсің тәңірімдей сенгенім.
Іңкәр жүрек оты бірден лауламай,
Сан мәртебе бықсыса да сенбедім.

Оқшау ойлар тіл табысып қияннан,
Ұштым түлеп құтты мекен-ұямнан.
Қай қиырда жүрсем дағы көз жазбай,
Бақытымды кездестірдім жиі алдан.

Ғайыптан кеп жүзеге асып дегенің,
Ақ тілеумен «аман жүрші» деп едің.

Қысылғанда жалау болып жанымда,
Қиын күнде қолтығымнан демедің.

Көз алдымда маған еткен соны ісің,
Құштарлығымның алдысы да соңысың.
Тірлігімде тауап етіп пірімдей,
Ғұмыр бойы қастерлеймін сол үшін!

ЕР-АЗАМАТ

Қиындықты көрген талай жасынан,
Қилы кезді өткерген сан басынан.
Бір азамат жауға атой сап майданда,
Елін қорғап бес қаруын асынған.

Жолын тауып зымыран уақыт, ғасырдан,
Көмбе-асылын ашып жердің жасырған.
Бір азамат ерен қызмет сіңіріп,
Мәртебелі еңбек даңқын асырған.

Кінәратты кемшілікке төзбеген,
Жас ұрпақты жарқын кезге мезгеген.
Бір азамат көрегендік көрсетіп,
Халық қамын, жұрт мүддесін көздеген.

Қысылшаңда қорғалақтап бұқпаған,
Қауіп-қатер құйынынан ықпаған.
Бір азамат ақиқатты әспеттеп,
Санаткердің сара сөзін жұптаған.

МЕН ҮШІН

Мен үшін сен едің ғой сүйікті адам,
Қарайсың кейде қабақ түйіп маған.
Жанымды жабырқатпа жара түскен,
Аз емес онсыз да ауыр күйік-налам.

Мен үшін сен едің ғой ардақты адам,
Ар-намыс, адалдықты ардақтаған.
Көгерткен көсегемді көп еңбегі,
Көңілім шын сеніскен жар жоқта алаң.

Тағдырға төубе қылмай жүрмін жазып,
Ақылын қанша айтсам да құрбым наз ғып.
Жаңылма, жарқын бейнең, шат жүзіңнен,
Мен үшін бір күлгенің – бір жылға азық.

ӘКЕМНІҢ ҚҰРБЫСЫ

Сәнді ағаш желегімен,
Сыйлы адам тұрғысымен.
Кейде іздеп келемін мен,
Әкемнің құрбысы ең.

Қызықты, бейнетті де,
Қылаусыз ғұмыр кешіп.
Азды-көп зейнетті де
Жүрдіндер бір үлесіп.

Кейде үміт етсеңдер де,
Ой оты тұтанбаған.
Не мехнат шексеңдер де,
Нар едіңдер мұқалмаған.

Алдыңа өр келгенімде,
Зор тұтып, төжім етем.
Мәзбін сау көргеніме,
Жоқ менің назым бөтен.

Оқытқан өр сөзіңмен,
Тағылымның бір кітабын.
Қайырымды өзіңді мен,
Қашанда пір тұтамын.

Өз қария, бар қадірің,
Неге шат, неге дүрміз.
Сендердің арқаларың,
Жарқылдап жүргеніміз.

Көктемгі қандай гүл әсем,
Көз жауын алған желбіреп.
Қырдағы саным ересен,
Толқыған теңіз мөлдіреп.

Шуағын төккен нұрлы күн,
Шар айна – көктен күлімдеп.
Ақ қайың өрген бұрымын,
Ақ сәуле суда дірілдеп.

Табиғат таңсық сыр шертіп,
Әуезді ән жүрек тербеген.
Ойыңды алыс үдеріп,
Қиялық көкке өрлеген.

Төңірек түлеп жаңғырып,
Жазира өңір жасанған.
Көркейген түзге сән кіріп,
Кейіпсіз тартқан қашаннан.

Керімсал қырдың көркі ерен,
Көз тартқан кербез көк орман.
Ұстартқан ойды көнерген,
Кеудені кернеп көп арман.

Дүниеге көктем нұр шашып,
Тіршілік нуы қаулаған.
Жүректе толқын сыр тасып,
Жаныңның оты лаулаған.

Көрген сәтте күй кешемін мен ерек,
Сұлулардың үлбіреген бұғағын.
Әсемдікке іңкәр жаным, не керек,
Ләззат тауып құмардан бір шығамын.

Нәпсіқұмар ашкөздіксіз қомағай,
Бал сезімнің тәттілігін түйсінем.
Со бір шақта дәурен кешіп қоғажай,
Сәл нәрседен әсерленіп сүйсінем.

Асылық-ау, өсте мұным демеген,
Қанағатқа қарны тоған қай пенде.
Бойың қызып, қозып демде делебең,
Әдемі ойлар оянады кеудеңде.

Содан болар, кейде лағып кетеміз,
Ілкім шақта жұрт ұнатқан әдептен.
Аңғырттықты бүркеп босқа нетеміз,
Адастырған тура жолдан кәде еткен.

Қабыл көрген сәкеттігін ойламай,
Қай қылығы қынжылтпаған пенденің.
Зорсынатын пайымды іске бойламай,
Әдеті ылғи ақыл-ойға пенденің.

ІҢКӘРЛІК

Іңкәр сезім, жүрек отын жанғызып,
Жан мерейін бал шәрбатқа қанғызып.
Думаны мол көктемім де, жазым да,
Өте шықты сыйлап маған сан қызық.

Ғұмыр кештім келгенше әл-дәрменім,
Кейбіреуше жөнсіз сауық құрмадым.
Албырт кезде аңғырттық көп етсем де,
Аусарлыққа әсте мойын бұрмадым.

Қолын бұлғап күндер артқа зулаған,
Тіршіліктің тамашасы дулаған.
Жастық шақтың қызығына елітіп,
Тар кеудеге сыймай жүрек тулаған.

Алмасам да аз үлесімді өмірден,
Көп демеймін зейнет-пайдам өндірген.
Ардың-күрдің мінезімнің бары рас,
Жан емеспін құр мақтанға семірген.

Шаршы топта озып бәйге алғам жоқ,
Қатарымнан, әйткенменен, қалғам жоқ.
Қауым үшін қызмет етіп кемді күн,
Елін сүйген ер жігітте арман жоқ.

Көп сөз қылып өзімді ерек бұлдаман,
Бәсім айқын көзге қораш тұлғамнан.
Іңкәрлікті өмірге сан ұқтырған,
Өткен зулап сағынышты жыл маған.

МЕЗГІЛ СЫЙЫ

Кербез көктем келген сайын оралып,
Кең өлемге шуақ-нұры таралып.
Жауқазынның жас өскіні көктеген,
Жер-ананың құрсағынан жаралып.

Дүр сілкініп дүние қайта түлеген,
Тіршіліктің күні туып тілеген.
Жадау тартқан жайсаң жерге жан бітіп,
Жасанды өңір зерлі үлде-бұлдемен.

Бар төңірек құлпырды ерек боянып,
Көңілдерде балғын сезім оянып.
Адамдардың жарқын жүзі жадырап,
Шат шырайын папш еткендей баян ғып.

Жастық дәурен құрып қызық думанын,
Шарықтаған шадыман күй, дулап үн.
Бір-біріне ыстық ықылас танытқан,
Өркім құрмет тұтып туыс-туғанын.

Тыныс кеңіп ару көктем лебінен,
Қуат тапқан қырдың жұпар желінен.
Көркем кездің көрсетті әсем келбетін,
Қаз-тырналар көкте шырқай легімен.

Тамашалай табиғаттың дүр кезін,
Көзбен шолып көк аспанның күмбезін.
Әр кеудеде қанат қаққан құштарлық,
Жан дүниеңді баурап сиқыр сыр-сезім.

ТАРИХ — СЫР

Тұнған тарих Қаратау қатпарында,
Жүрекке ыстық жер-судың аттарында.
Шежіре-сыр жазылған бабалардың,
Уақыт табы сарғайтқан хаттарында.

Төзген шыдап не зілдің ауырына,
Тарғыл таудың бұлт шөккен бауырына.
Бейбақ жанның мөлт еткен көз жасындай,
Боз даланың қақ тұрған сауырына.

Алдан күткен үмітін ұшындырып,
Талай ғаріп түңілген мысы құрып.
Тарланбоздар толғанып түлегіне,
Тарих сырын шерткен сан түсіндіріп.

Аспан жүзі адуын кілт түнеріп,
Атқан оғын найзағай мүлт жіберіп,
Жаңбыр жасын кенеттен төгіп-төгіп,
Көкжиекте жөңкіген бұлт үдеріп.

Ызың қаққан жел тынбай жат сарында,
Терең сыр бар Қаратау қатпарында.
Көп замандар көшінде көне тартқан,
Тылсым сыр бар жер-судың аттарында.

Туған жердің кейпінен танылмаған,
Талай ұрпақ таусылмас тағылым алған.
Қаратаудың қойнауы тұнған тарих,
Қазына бар іздесең табылмаған.

ЖАҚСЫ ІНІЛЕР

Сабылып құр тауыспаған тағатын,
Салыстырып уақытпен дәл сағатын.
Жақсы інілер көргенділік танытып,
Жасы үлкеннің көңілін дөп табатын.

Жаны ізгі адам аққа қара жақпаған.
Жазықсызға бекер жала жаппаған.
Әлдекімнің әбестігін жасаған,
Жаман оймен жіпке тізіп жатпаған.

Көпірмелі көбік сөзге нанбаған,
Шындықты айтқан шырайынан танбаған.
Өріс ашып өміріне шуақты,
Тұрлаулының дұрыс жолын таңдаған.

Серттен таймай уәдеде тұратын,
Құрбысымен қызық сұхбат құратын.
Жақсы інілер ту қып биік көтерген,
Ағалардың асқақ асыл мұратын.

ІЛТИПАТ

Қойшыбай Әлібаевқа

Жарқын жүзді жігітсің сен, нарсың сен,
Жаның күліп сәби сүйген, жар сүйген.
Қолдан келген жақсылығың аз емес,
Дос-жаранға қызметің бар сіңген.

Басқа қонған бақыт-бағың жетелік,
Жөнің де бар бір шүкір етерлік.
Жан досыңнан жұбыңды еш жазбадың,
Шын достықтың туын биік көтеріп.

Қатарыңа қадірің ерек еленіп,
Қалдың талай қуанышқа бөленіп.
Үлкеннен де, кішіден де сый көрдің,
Ыстық ықылас, ілтипатқа кенеліп.

Сарапқа сап әр қылығын, әр ісін,
Ел таныған азаматтың арысын.
Жасай берсін, нар адамдар өзіңдей,
Жанын қиған жолдас үшін, жар үшін.

Қайда көп жақсылық нышаны,
Қуатын қайғыны, құсаны.
Көктемнің көз тартып мың сәні,
Көңілдің құйқылжып тұрса әні,
Құс-ойым сонда еркін ұшады,
Періштем сені кеп құшады.

От сезім лапылдап жанымнан,
Жүректің алауы жағылған.
Талаптың зор тұтып табынған,
Қалауы қиырдан табылған.
Ғажап күй кеудеден ағылған,
Япыр-ау, сиқыр бұл не қылған?!

Көңілімде күй күмбірлеп,
Көлкіп сезім кеудемде.
Өз-өзімнен күбірлеп,
Отырғанда мен кейде.

Тербеп нәзік жанымды,
Қиял қанат қаққанда.
Жүрек отын жалынды,
Алаулатып жаққанда

Күлімдеп көз алдымда,
Жан сөулем, сыр шертесің.
Жыр жұптатып жанымда,
Ой тұманын серпесің.

КЕЙБІРЕУ

Айрылам тағат-төзімнен,
Кезімде кейпін сезінген.
Кісісінген кей пенденің,
Білігі төмен өзіңнен.

Жақсы гой, асса әдебі,
Әуре етпей жұртты әлегі.

Жақсы ғой, тұрса жарқырап,
Ойынның әсем әлемі.

Жақсы ғой, асса ісімен,
Жарасып өзге кісімен.
Үлкейгене үлкейген,
Кішірейгенге кішірген.

Онда емес, не мұнда емес,
Өтірікте де, шында да.
Қайтерсің жүрген жан болса,
Еш ізі түспей құмға да.

Таяныш тауып тасырдан,
Шын сиқын, жүзін жасырған.
Қайтерсің жүрген жан болса,
Айласын жұрттан асырған.

... пайда ғып кетіп өңгенің,
Несібе сыйын, еңбегін.
Қиын-ау, дәурен сүргені,
Кісімсіп кейбір пенденің.

КӨКПАР

Көкпаршы ақындар көбейіп,
Қым-қуыт додаға түсті өлең.
Әлсіздер бүкшиген шөмейіп,
Әлділер топ жарған күшпенен.

Кетті іліп көкпарды тосыннан,
Кимелеп аты озған шабыста.

Қан қызып дүбірге қосылған,
Өркім-ақ тырысып намысқа.

Кім-кімге қарайды мұндайда,
Додаға түскен соң талпынып.
Самарқау тұратын күн қайда,
Тартысқан сөтте сан алқынып.

Шартта-шұрт айқасып таласқан,
Көз жазбай аттылы нөпірден.
Сырбаздық жігітке жарасқан,
Құр кеуде не керек лепірген.

Ақылға ден қоймай ақының,
Ырқына көнбей еш күштінің.
Дал-дұлын шығарды-ау ақыры,
Мүсәпір өлеңнің мүскінін.

Сап тиып әдепкі екпінін,
Көкпаршы кейіппен күйкілеу.
Өрекіп басты өзер еңтігін,
Танытып сықыптын шикілеу.

Қызықты күндер, шат күндер,
Қиянға ұзап кеттіңдер.
Тауаным тұрақ тапты дер,
Мұратқа нендей жеттіңдер.

Көңілді күдік бунаған,
Десек те қанша алғырмыз.
Зымырап уақыт зулаған,
Артында қандай қалдырды із?!

Баршаға аян бағыдан,
Бал дәурен баян таппаған.
Қай пенде сынған сағынан,
Көз ашпай зерді татпаған.

Адамның жастан аңсаған,
Арманы қашан таусылған.
Тауқымет зілін қанша жан,
Көтере алмай жаншылған.

Әйтсе де, әр кез үндескен,
Мезгілмен өршіл сенімнің.
Кетпейді әсте күн естен,
Ғұмырлық болған серігің.

Бағасы бір сәт бұлдаған,
Бақытың тапқан шын қалап.
Алғаусыз қолын бұлғаған,
Алыста үміт «мұндалат».

БІЗ ҮШІН

Пендеміз жүрген жер басып,
Қилы да қиын күн кешкен.
Бірде еңіс, бірде өрді асып,
Тіршілік үшін күрескен.

Пендеміз қысқа ғұмырда,
Қарекет-қамы бітпеген.
Қонғанша қашан тұғырға,
Жұмыс көп жүйкең жүктеген.

Сәт тілеп құтты қадамға,
Сап құрған ойың санада.
Қажеті аз ба ғаламда,
Тірлікте керек адамға.

Біз үшін қажет гүл әсем,
Хош иісі өтір аңқыған.
Жұпарын жұтып ересен,
Жадырап көңіл шалқыған.

Біз үшін керек күн нұры,
Түрленіп дүние түлеген.
Жасарып адам ғұмыры,
Жанына жәннат тілеген.

Біз үшін зәру жыр нағыз,
Көңілдің ділін тербеген.
Көкейде өрбіп сыр-аңыз,
Кеудені сезім кернеген.

Бәрінен қымбат біз үшін,
Мейірімі ғазиз ананың.
Игілік еккен ізгі ісі,
Қашанда қамқор панаңның.

Тірліктің ана тұтқасы,
Тәу етіп махаббатына,
Қай пенде қадір тұтпасын,
Дақ салмай ана атына.

Өз жанның айтқан өсиет
Өр сөзін ділгір тілекпен,
Айрықша тұтып қасиет,
Ардақтап зердең ту еткен.

Шабыттанған шағымда дүр үдеріп,
Көкірегімді қабындырған жыр керіп.
Қапелімде дүрсіл қағып жүрегім,
Қояды ентеқ әлденеден сыр беріп.

Сырқат қысып талмаусырап қалғанда,
Сау денеме ауыр салмақ салғанда.
Жай-күйімнің мүшкіл халін сезінем,
Қапас ойлар қамауына алғанда.

Сонда кайтсін сорлы жүрек тырыспай,
Сәл нәрседен арқам бунап құрыспай.
Тауқыметін тіршіліктің зіл ауыр,
Төзім керек көтеретін құрыштай.

Шалт сезімнің қылығынан қымсынып,
«Жүрегім-ай» дерсің кенет қысылып.
Өміріңнің мәнін ерек ұғынып,
Тағдырыңа табынасың ұмсынып.

Сонда еріксіз өз бағанды білесің,
Ойға оралып тірліктегі үлесің.
Қалт-құлт басып мынау қысқа ғұмырда,
Күн кешенге шүкірлік ғып жүресің.

АНАДАН ЖАН САДАҒА

Айналып та толғанып,
Арман-сырға мол қанып.
Тебіренген түн қатып,
Бесік жырын тыңдатып,
Жас ұланын өсірген,
Жаңсақтығын кешірген,
Нұр төгіліп көзінен,
Мәпелеп мәрт сезіммен,
Бағып-қағып төзіммен,
Сан айналған өзіңнен,
Анадан жан, садаға!

Қуансаң бір қуанып,
Жұбансаң бір жұбанып,
Кездерде бір шалдыққан,
Жөн таба алмай малтыққан,
Ылғи ерте, кеште де,
Көз айырмай есте де,
Қамқоршы боп демеген,
Қиын күнде жебеген,
Шыр-пыр болған сен үшін,
Балдай еткен жемісін,
Анадан жан, садаға!

Қайғы шегіп алсаң да,
Қалбалақтап сарсаңда,
Жүргеніңді таныған,
Жігеріңді жаныған,
Халіңді ауыр аяп көп,

Жаны қалмай бәйек боп,
Әсте тыным көрмейтін,
Мініңді оғаш термейтін,
Білдірмей аш-тоқтығын,
Таршылық пен жоқтығын,
Мейірім төгіп жүзінен,
Көз жазбаған ізіңнен,
Анадан жан, садаға!

БІР ӘКІМГЕ

Әй, бауырым, сен әкім болғалы,
Биіктеп тұғырға қонғалы.
Қанша бір құбылып бақсаң да,
Қадамың баспады-ау оңға әлі.

Мансапқа құмар ең жасыңан,
Білінбей құп құпияң жасырған,
Көлеңкең бойыңнан аспаған,
Кезінде астамсып таспаған.

Кесімің қаншама көп көрген,
Шешімің есепсіз шеткерген,
Сен білген қулықтың қисынын,
Өңге де басынан өткерген.

Кей-кейде келте ойлап дұрысты,
Көрмедің оңдырып бір істі.
Құлқынның қамын жеп орынсыз,
Жон арқаң тектен-тек құрысты.

Байқасаң ондайың бар сенің,
Болады шегі әр нәрсенің.
Адамға керек қой кісілік,
Адамға керек қой ар, сенім.

Жақсы ғой, дәуірлеп дүрлеген,
Қысқа жіп ұзарып күрмеген.
Түбінде бір опық жеуі анық,
Тектілік төркінін білмеген.

МИНАЖАТ

Егде тартып, түстім өрден еңіске,
Көкірегім қордаланып кенішке.
Жеңілістің тақсіретін тартсам да,
Жетпедім деп айта алмаймын жеңіске.

Жүрген жолым түзу демен тақтайдай,
Олжам да онша емес оңай тапқандай.
Жұртқа ілесіп, селбесіп күн кештім мен,
Текке адасып орта жолда қап қоймай.

Есепсіз тым көз қарығып көргенім,
Тұрмыс дөнін тауық құсап тергенім.
Ағайынға қарыз нәрсем қыруар,
Айрықша көп борыштанып бермегім.

Кермек тартып көусар ғой деп татқаным,
Көп дырдудан еш береке таппадым.
Мерейлентпей меселімді қайтарған,
Татымсызбен табысып тіл қатқаным.

Құр қиял боп шындап мұрат тұтқаным,
Қапалантқан кейде қабақ шытқаным.
Аз да емес, көп те емес тірлікте,
Ұпай санап ұтылғаным, ұтқаным.

Күйік шегіп көңілдегі кірбіңнен,
Жол-жөнімді білмей жүнжіп жүрдім мен.
Сөйтсем де, ада болдым теріс әдеттен,
Бейәдептік байқалмаған түрімнен.

СИҚЫР КҮШ

Өткен күн қайта оралып келмес тегі,
Қыз едің көргенде алғаш он бестегі.
Көп уақыт болса дағы балғын бейнең,
Көнермей көз алдымда елестеді.

Бір саған ынтық қылып іңкәр кезім,
Баураған тұла бойды құштар сезім.
Шомдырып тылсым қиял тереңіне,
Жаныма шуақ шашқан нұрлы көзің.

Сиқыры бардай ғажап дидарыңның,
Құптаған сүйген жүрек ұйғарымын.
Арманның құшқан аппақ періштесін,
Албырт шақ алқындырып жиі арынын.

Жанығып жалындаған тәтті үмітпен,
Жарқын таң алдымыздан атты күткен.
Шапағат нұрын төгіп мерейлеткен,
Жас отау шаңырағын шаттық біткен.

Мұратым хасыл болып тілек еткен,
Сиқыр күш сүрінгенде сүйеп өткен.
Арулар ардақ тұтқан пәк сезімін,
Аялап аңсағанын жүрек көптен.

Арман-құс самғап ұшқан алыс қырдан,
Аяулы періштеңмен таныстырған.
Күндерді ыстық-суық бірге өткертіп,
Табынам тағдырыма табыстырған.

ҚАЛАМ СЕРГІП

Барады озып бір күнімнен бір күнім,
Сарсаң қылған сан құбылып тірлігім.
Айрықша атап жиі ауызға аламын,
Ағайынның ынтымағын, бірлігін.

Өрнені әркім өзінше ойлап түсінген,
Ақиқатты тауып оңды ісінен.
Селт етеді сергелдеңге түскенде,
Секем алып сыры жұмбақ кісіден.

Өзінше әркім дүние парқын ұғынған,
Мағына іздеп мәні терең ұғымнан.
Сан-сапалық салғырттықтан бой тежеп,
Сақтанғандай суық көздің сұғынан.

Қайтем жөнсіз біреуді бек айыптап,
Дүниенің тұңғыығын байытып.
Адамдардан аман қыл деп тілеймін,
Жөпелдемде жүрген анттан айнып қап.

Қайсы кезде өз мінімді көп көрем,
Кемшін соққан жайымды оңдап жеткерем.
Қайғы-қапа құрсауына қамалмай,
Қиын-қыстау шақты өкінбей өткерем.

Аз ойымды көп қып жұптап үнеммен,
Атқып шығам діттеген бір мүддемнен.
Арқамдағы ауыр зілден арылып,
Қапелімде қалам сергіп мүлдем мен.

ҮЛКЕН ЖҰМЫС

Тербейді не ой талай,
Пенде боп жер бетінде жаралғасын.
Байқамай қалдық қалай,
Жастық шақ бір кеткен соң оралмасын.

Тірліктің мөнін терең,
Салғырттық еттік дұрыс пайымдамай.
Тапшы боп таным-өрең,
Тағылым дәрістерін дайындамай.

Тағдырдың талқысы ерек,
Тайғақ жол, тар кезеңде сынайтұғын.
Қажырлы қалпың керек,
Қатерлі қиындыққа шыдайтұғын.

Дақпыртың, не мансабың,
Кісілік дәрежеңе өлшем емес.
Қашанда аңсап жаны,
Қай пенде пейіш төрін көрсем демес.

Өмірі өткен тыныш,
Шаруасы жоқ ешкімге басы аманның.
Білгенге – үлкен жұмыс,
Біреуге титтей қайырым жасағаның.

ІЗЕТТІ ІНІГЕ

Інім ең үміт еткен сен бір ерек,
Көкірек көзі ояу, көңілі зерек.
Кішінің қасиетін тануға да,
Кісіге сыннан өткен сенім керек.

Кезің бұл кемелденіп қалыптасқан,
Көргем жоқ кейпіңді оғаш асып-тасқан.
Жүгінсек мәні терең нақыл сөзге,
Деген ғой: «асыл –тастан, ақыл — жастан!»

Жігіттік алғыр шағың жалын атқан,
Зердеге сәулелі ойдың шамын жаққан.
Кемді күн туған елге қызмет етіп,
Мейманаң тасып, ерен бағың артқан.

Тұлпардың жер қуырылған табанынан,
Қобыздың күй шалқыған шанағынан.
Сауатын ашқан адам тынбай оқып,
Тағылым түйіп өмір сабағынан.

Қамқоршың қорғаның да халқың әман,
Талаптың татымы жоқ талпынбаған.
Аршындап шыққан биік асуларға,
Ер жігіт ауыр жолда алқынбаған.

Келемін тынбай жол жүріп,
Бекетім барар беймөлім.
Қаламын шаршап болдырып,
Қалжырап бітіп кейде өлім.

Қилы да қиын күн кештім,
Дүрбелең кезді өткеріп.
Мезгілмен сансыз үндестім,
Жаныма жасын-от беріп.

Өмірдің шарлап кеңісін,
Тірлікте талқы көрдім көп.
Еңбектің елге жемісін,
Айта алман мол ғып бердім деп.

Тағдырдың маған бұйырған,
Несібе-дәмін таттым мен.
Табылған жоғым қиыннан,
Азайып кезім шат күлген.

Жастық шақ жағып алауын,
Бақыттың сыйын үлескен.
Жүректің тауып қалауын,
Кеудеде үміт гүлі өскен.

... Сапарда ұзақ жол жүріп,
Астым сан асу-белестен.
Қалсам да кейде болдырып,
Адымдап алға келем мен.

ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗЫҢ

Әбділда Тәжібаевқа

Нұры жарық көкте күлген күніңнің,
Әсері мол өсем сазды үніңнің.
Жырдың туын қадасам деп биікке,
Әсте жоқ-ау алатын бір тынымың.

Өкпе айта алмас кешкен ғұмыр, өткен күн,
Жазың өн сап, күйін шерткен көктемің.
Өнерімнің сыйын жұртқа үлесіп,
Өлеңіммен тапсам дедің көп көңілін.

Бақ жұлдызың жарқыраған аспанда,
Ағыл-тегіл сезім толқын тасқанда.
Күмбірлеген көкейіңде түрлі әуен,
Кеудендегі сыр пернесін басқанда.

Талмай іздей жыр жауһарын тандадың,
Талғап талай мезгіл күйін толғадың.
Алыс жолда сабылмайтын аптығы,
Арғымақтай арыныңнан танбадың.

СЕРПІН

Мен көндіккем барыңа да, жоғыңа,
Қу қарынның ашына да тоғына.
Енді бүгін еріктен тыс қосылдым,
Егде тартып шал-шауқанның тобына.

Табиғаттың заңына қай қарсы адам,
Тұрқың мәлім қажыған да шаршаған.
Таусылған ба пенде діті, өйткенмен,
Әлі де бір сілкінуге бар шамам.

Күй кешемін маған біреу үстемдей,
Тұла бойды билеп алған күш нендей.
Кейде кенет мүлдем сергіп қаламын,
Иығымнан зіл ауырлық түскендей.

Кездерім жаным кейіп қорынған,
Салғырттықты көретін өз сорымнан.
Ешкім ондай кере алмаған құтылып,
Кәріліктің құрған мұқым торынан.

Мен де міскін көп пенденің бірімін,
Дей алмаймын ерекшемін, ірімін.
Аяушылық хал туғызған еріксіз,
Көзге қораш сықпыт-сиқы түрімнің.

Көкірегімде сезім ұйып тұнғандай,
Жоба-жөнім рет тауып тынғандай.
Жүрмін өзер жасымай да мұқамай,
Жарқырап Ай қақ төбемнен туғандай.

Сонда әдеттен тез арылып кергіген,
Серпіліп бір тұла бойым сергіген.
Қапелімде қайрат тауып, күн жинап,
Қияға ойым қанаттанып өрбіген.

ЖАСАП ҚАЛАМ

Көп тәлім алатұғын,
Көңілі әманда ашық.
Жалпылдап қалатұғын,
Жарқылдап амандасып.

Ауылдың адамдары-ай,
Ақжүрек, пейілі кең.
Мөз еткен жанды баурай,
Той-думан, сейілімен.

Көтерген төбесіне,
Қайда барсаң да ашық.
Ең сыйлы төресіне
Ұқсайсың алпаң басып.

Кішісі, үлкені де,
Қараған инабатпен.
Кірбіңсіз күлгені де,
Жылылық сыйлап өткен.

Сіңірген елге еңбегім,
Қызметім көп те демен.
Құрметке бөленемін,
Сәл тимей көкке төбем.

Жол ашқан арманына,
Аялуы анамдаймын-
Ауылыма барғанымда,
Бір жасап қалам дәйім.

ТАҢ СҰЛУ

Жазғы таңның жарқ етті де жанары,
Күн күлімдеп көкжиектен қарады.
Шымылдығын түріп тастап аспанның,
Шығыс жақтан нұр шұғыла тарады.

Жиһаздаған дала зерлі кең төсін,
Жасау қылып қымбат қазына көмбесін.
Таңырқатып тартты күйін тіршілік,
Тамашалап табиғаттың көрмесін.

Жадыраған дүние жарқан кейіппен,
Жария ғып құпиясын кей бүккен.
Қуаныш тасып кеудеңе кеп құйылған,
Лезде тартып ренішің кейіткен.

Масайратқан көңіліңе нұр толып,
Сезім-толқын ағындаған сыр болып.
Туған жерге бас иесің төуап қып,
Төңіректі ой көзімен бір шолып.

Күлім қаққан көк жүзіне өрлеп күн,
Кең дүниені керемет бір кернеді үн.
Төсегінен ерте тұрып таң сұлу,
Тіршіліктің құрды өрнекті өрмеген.

Тәтті ұйқыңнан оян дағы жан еркем,
Алатауға қарашы бір таңертең.

Кешегіден ажарланып келбеті,
Айдынданып кетіпті ғой паң өлкең.

Таңғы ауаның жұтып жұпар жас демін,
Ашылады шайдай тұнық пәс көңілің.
Сал дүние бозғылт тұман жамылып,
Арайланып мұнар шалған ашты өңін.

Сырын айтып, құпиясы шешіліп,
Сырбаз самал дәт таппайды есіліп.
Әппақ шыңдар хас сұлуға ұксаған,
Төсегіне қисайған кеп шешініп.

Баз бір сәтте бұлдыраған тау маған,
Баяғының алыбынан аумаған.
Айқай күндер, беткейінде сейілдеп,
Көк шалғынын кілем етіп аунаған.

Қабак шытып қабаржыма мұныма,
Ақ жүректен ақтарылған шыныма.
Илан сәулем, қызығы не өмірдің,
Өріне өрлеп бір шықпасақ шыңына.

ТОЛҒАНЫС

Бимәлім қанша дәм-тұз татар күнім,
Сарғайып атар таңым, батар күнім.
Барады жылдан-жылға тобы сиреп,
Бір жүген қаумаласып қатарымның.

Бұлындап бұлдыр тартқан бала кезім,
Мәз қылған төтті қылық, бал мінезім.

Қаршадай кейпін көріп, аяу білмей,
Қадаған тағдыр сұғын, ала көзін.

Пәс тартып көңіл хошы құлшынысқан,
Көп қызық көз алдыңнан бұл-бұл ұшқан.
Бұйығып жатқан сезім буырқанып,
Бойыңды күш кернеген бұлқыныстан.

Құлдилап шүйілгенде қыран көктен,
Қыбыжық қағып аң-құс тыраң еткен.
Арылып кейістіктен ада болған,
Көкейде түйткілденген кінәң көптен.

Тірлікте арман-мұңы пенденің көп,
Ақылдан қам жемеген кеңдемін деп.
Көңілің жайланғанда орнын тауып,
Олқы істі ойға аласың жөндегің кеп.

Ешқашан ел зердесі ескірмеген,
Есейіп кімдер жөнін кеш білмеген.
Қолымнан көп жақсылық келмесе де,
Жасаған жоқпын залал ешкімге мен.

Жан емен жұртты айрықша таңырқатқан,
Талаурап талай таңсық таңым атқан.
Өкінбей өткеніме ғұмыр кештім,
Арқалап ауыр жүкті тағдыр артқан.

Кей сырым тылсым жұмбақ өзім білген,
Пердесін хош көңілдің сезім түрген.
Аз емес көп қабаржып жүрген шағым,
Аз емес бек қуанып кезім күлген.

АҚҚУ ҚҰС

Көңілдің шабат құсы шарықтаған,
Басыма қонатұғын бағым болып.
Арай-нұр аспанымда қалықтаған,
Жүректе ататұғын таңым болып.

Қиялың қиырға алыс қанат қаққан,
Қай сиқыр сезімді оятпаған.
Таңдауың тамашалап тағат тапқан,
Ләззәтқа іңкәр көңілің тояттаған.

Кенеліп не қызыққа алабөтен,
Аңсарың аңсап құшқан таң жұпарын.
Құтайып құштарлығы қалады екен,
Қандырып бал шәрбатқа жан құмарын.

Аяулы асылына ардақ тұтқан,
Қай пенде тағзым қылып табынбаған.
Сап тынып ынтызарың алабұртқан,
Санаңда көл-көсір боп ағындаған.

Шалқыған шат көңілің сағыныштан,
Кеудеңе асқақ ыстық сезім толып.
Аққу құс арманымды алып ұшқан,
Өңімде, түсімде де өзің болып.

ТӘУБЕ ЕТЕМ

Арман еткен бұл күнді қайран бабам,
Сар даласын сағынып сайрандаған.
Жарты әлемге жар салған жарқын үнмен,
Жас ұрпағын көрсем деп жайраңдаған.

Бастан кешіп қилы күн, қиын кезді,
Тауқымет тасқынына жиі төзді.
Нар көтермес жүкке ауыр сыр білдірмей,
Тіршіліктің талғажау сыйын сезді.

Қанша михнат көрсе де мойымаған,
Ерлігіне еш белгі қойылмаған.
Мың қатерден қаймықпай алға өрлеген,
Мұратына жетуге ойына алған.

Бастан кешіп тағдырдың өткелдерін,
Қаперге алмай қиынды өткергенін.
Бар үмітін бағыштап болашаққа,
Елемеген талқыны көп көргенін.

Нұр келбетін таңырқап шар айнадан,
Жақсылыққа қуанып қарайды адам.
Тәубе етемін бүгін мен шүкіршілік ғыш,
Ертеңіне елімнің арайлаған.

Қызығы көп мынау фәни дүниемен,
Қош айтысып кетер болсам мүлде мен.
Қалады-ау кей сырым ешкім білмеген,
Жайшылықта жұрт көзіне ілмеген.

Жырға құмар болдым неге жасымнан,
Шын досымнан құпиям жоқ жасырған.
Бөйшешектей гүл қауызы ашылған,
Көңілім бірде тасып, бірде басылған.

Мәрем алыс жетемін деп өрлеген,
Бұл сапарда маңдайым сан терлеген.
Кездерімде бағым жанып ерлеген,
Құрмет құшып, төрге мен де төрлегем.

Адамға өмір оңай жүлде бермеген,
Мехнаты, әм қызығы көп көрмеген.
Көкіректі кейде қапа кернеген,
Көңіл күйін, жан сезімін тербеген.

Жарқын дүние жас келбетпен нұрланған,
Ғұмыр бойы асыл әнім жырлаған.
Күндер, жылдар артқа зулап зырлаған,
Кетті шертіп ұлан-ғайыр сыр маған.

АҚЫН АҒА

Қуандық Шаңғызбаевқа

Шарпуың тиген жанға жалын едің,
Отыңнан ойыма ұшқын алып едім.
Бықсыған кезімде үрлеп тұтандырып,
Қайраққа қарымымды жанып едің.

Кезігіп көксегенім алдан көптен,
Кемімді таптым үстеп арман еткен.
Баянды өнікті істің түбі қайыр,
Бағыштап ғұмырыңды арнап өткен.

Біреу кеш, біреу ерте оған жеткен,
Білінбей кей қылығы оғаш еткен.
Аңырған кез де аз емес жолайрықта,
Жұмысың бастан асып шаш етектен.

Ақ шаңқан аясында ашық аспан,
Арман-бұлт аңсар-ойды ала қашқан.
Қаласың қапелімде қанаттанып,
Қадамың қайырлы боп алға басқан.

Кей-кезде жабырқасам өсіп налам,
Жік-жапар болдым деймін несіне алаң.
Сол кезде ақылшы аға шафхатымен,
Жолыма гүл біткенін есіме алам.

НАР ТҰЛҒА

Мырзатайға

Ардақ тұтқан сенсің менін нар інім,
Аян жұртқа азаматтық арының.
Даңқты еткен қаламгерлік дарының,
Құрмет құшқан қайраткерлік қарымың.

Сегіз қырлы сенсің менің бауырым,
Төнті қылған қалың елің, қауымың.
Дәріптеген туған дала ұланын,
Асқаралы еткен заңғар тау ұлын.

Ұлағатты ұстаз, ғалым, ақынсың,
Жас ұрпаққа тәлім берген ақылшым.
Гибратты сөзіңменен, ісіңменен,
Үлкенге де, кішіге де жақынсың.

Ақ тілеумен айтқан бүгін ашылып,
Жан сырымды демес ешкім асылық.
Жалын атып, жарқыл қағып жасай бер,
Бағаң өсіп, мәртебеңді асырып.

Ер серігі қай кезде де нар талап,
Шыңдалады жанығанда шар болат.
Асулардан талмай, танбай аса бер,
Мойыныңа артқан ел сенімен арқалап.

Шаттықпенен шалқып өтсін әр күнің,
Шабытпенен үдей түссін қарқының.
Ақботаев Жолдасбектің перзенті,
Жақсы жолдан жаңылмағай, жарқыным!

Әсемдіктен тауып жаның келісім,
Мәуелетіп еңбегіңнің жемісін.
Қалтқысыз қызмет еткей, қашан да,
Қажымастан халқың үшін, ел үшін!

БЕКЗАТ БОЛМЫС

Зейнолла Қабдоловқа

Көзайым қуаныштан көркің кіріп,
Кісіні мерейленткен желпіндіріп.
Кемел ой көкіректі сәулелі еткен,
Көңілдің кірбің бұлтын серпілдіріп.

Елітіп көпке ұнаған бұл сипатың,
Ел-жұртқа жақсы аталып ылғи атың.
Ешкімді бейтарап қып қалдырмаған,
Ерекше жүрекке ыстық ілтипатың.

Жігітке өнері асқан жеңіс мақтан,
Тым тәтті маңдай термен жеміс татқан.
Ұстаздық, әм бекзаттық өнегеңнен,
Төлім ап талай шәкірт өріс тапқан.

Адамды аруақты еткен ақыл-дана,
Зердесі жүйрік сөзге, нақылға да.
Биіктеп тұлғаң таудай бүгін сенің,
Көрінген алысқа да, жақынға да.

Аз емес берекелі ісің біткен,
Жөн тапқан мәрт мінезбен, кісілікпен.
Алаштың азаматын ардақ тұттың,
Құрметтеп жасы үлкенді кісілікпен.

Әркімге бұйырмаған кемеңгерлік,
Жасайтын алабөтен ерен ерлік.
Ескерткіш боп қалатын есіміңе,
Еңбегің елге сіңген еленерлік.

ЖАҢДАР ҚЫЗЫНА

Жоқ дейсің қол жетпеген кімдерде арман,
Зулаған қош-қош айтып күндер әрман.
Сағынтып сайран салған жас дәуренің,
Сағымдай көкжиекте мұнарланған.

Көктемнің шуақ шағы нұр төккізген,
Жүректі лүпіл қаққан дір еткізген.
Көлендеп көз алдында елестеген,
Қызықты қимас кездер бірге өткізген.

Дүние дүр сілкініп дабырадан,
Табиғат желі шулап жамыраған.
Жасындай жарқ-жұрқ еткен от-жалының,
Жай тауып, жаның түлеп жадыраған.

Алдағы күнге арманын жалғастырған,
Адамның түйткілі көп толғандырған.
Ұмытылмас сәт аз емес көңілге ыстық,
Бақыттың бастауынан бал таттырған.

Тағдырдың сыйы ұсыған — бұл бір несіп,
Үдерген жылдар ұзап, күндер көшіп.
Жарқыным, ғанибет қой тіршілікте,
Жұп жазбай жүргеніміз ғұмыр кешіп.

ШАБЫТТЫ ШАҚ

Мамыра жаз, маужыраған түнгі аспан,
Зулайды уақыт алға зырлап тынбастан.
Табиғаттың төні балқып балбырап,
Тал-тоғайда жанды-жансыз мұндасқан.

Көз жаздырмай сыры жұмбақ елестен,
Көңілің тылсым бейуақытпен кеңескен.
Қиянға алыс қиялыңды самғатып,
Тұла бойды тербеп самал жел өскен.

Сол бір сәтте жаның түлеп сергіген,
Тез құбылып қалпың жөнсіз кергіген.
Тәтті үмітке бөлеп аңсар- зауқыңды,
Шамырқанып сан-саққа ойың өрбіген.

Көкіректе күмбір қағып ағын жыр,
Шабыт қуған ғажайып бұл шағың бір.
Сезіміңді сәулелі еткен байытып,
Себездеген торғын көктен таңғы нұр.

АЗАМАТТАР

Өмірбек Жолдасбековке

Адамға не қымбат өз Отанынан,
Жүрегіңнің қуат-күші от алған.
Ер-азамат қай кезде де елінің,
Арқа сүйер ардақтысы атанған.

Өмір — думан қызығына құмар жан,
Пәс көңілден айықпаған мұң-арман.
Ер-азамат қай кезде де халқының,
Мертебесін үстем, даңқын шығарған.

Қиындықты көрген талай жасынан,
Қилы кезді өткерген сан басынан.
Бір азамат жауға атой сап майданда,
Елін қорғап бес қаруын асынған.

Зауық тауып зымыран уақыт, ғасырдан,
Көмбе-асылын алып жердің жасырған.
Бір азамат ерен қызмет сіңіріп,
Туған Отан абройын асырған.

Кінәратты кемшілікке төзбеген,
Жас ұрпақты жарқын кезге мезгеген.
Бір азамат зор қайраткер атанып,
Халық қамын, жұрт мүддесін көздеген.

Қысылшаңда қорғалақтап бұқпаған,
Қауіп-қатер құйынынан ықпаған.

Бір азамат ақиқатты ту етіп,
Санаткердің сара сөзін жұптаған.

Аман өткен қиын-қыстау шақтардан,
Адам кейде сәл нәрсеге шаттанған.
Ардақ тұтып әспеттеген ел-жұрты,
Азаматын қызметті көп атқарған.

Түндікті ашып шымылдығын түн түрген,
Таң арайлап, көкжиектен күн күлген.
Құрмет тұтып қастерлеген ел-жұрты,
Азаматын еңбегін көп сіңірген.

ЖОҚТАУ ЖЫР

Өмеке-ау, алты алаштың ардағы едің,
Ел-жұрттың аңсап күткен арманы едің.
Халқыңа қалтқысыз қызмет етіп,
Игі іске ғұмырыңды арнап едің.

Кезің көп дарыныңды дәуірлеткен,
Жаныңа жолдас жиып, бауыр ерткен.
Алладан тілеп едік мінажат қып,
Айығып кетсе екен деп ауыр дерттен.

Ол тілек ақталмады сорымызға,
Қаралы күн туғызып ордамызға.
Күйініш, қайғы толып көкіректе,
Ойсырап орның бос тұр ортамызда.

Жампоз ең қиын күнде тірлік еткен,
Жарқырап жатыр жолың жүріп өткен.

Аяулы Маяны әсте ұмытар ма,
Жас дәурен жәрмеңкесін дүрілдеткен.

Қыран ең шырқап биік алысқа ұшқан,
Кеуденді сын-сағатта намыс қысқан.
Ғұлама ғалымы едің туған елдің,
Халықтан құрмет тауып, алғыс құшқан.

Аспанда нұр-шуағын ай-күн шашып,
Көктемде көл толқыған айдын шалқып.
Ардақтап артқа тұтқан арысым ең,
Алашқа аты шыққан айбыны асып.

Үлкенді ізет тұтқан кіші бүгін,
Жігіттің жұрт мақтаған ісін мығым.
Елге аян ерен еңбек, қызметің,
Ерекше мәрт мінезің, кісілігің.

Күйбеңі таусылмаған пенде-адамбыз,
Болмашы сәл нәрсеге кейде алаңбыз.
Сауығып сырқатыңнан кеткенде ғой,
Бір тасып қалар еді-ау мейманамыз.

Амал не, тілек бізге бұйырмады,
Айылын арсыз ажал жиырмады.
Аһ ұрып қалды аңырап, өксік жұтып,
Ағайын жақын, алыс қиырдағы.

Не дейміз, асылық сөз мұндайда артық,
Тасбауыр тағдыр қойды қайғылантып.
Жәннаттан мекен тауып, қайран бауырым,
Пейіште тұрсын мәңгі нұрың шалқып!
Әумин!

Ө. ЖАЙЛАУОВ.,
30. 07. 99 ж.

АНА ТІЛІМ

Қаныма сүтен сіңген ана тілім,
Өзіңнен өлшеусіз көп алатыным.
Таусылмас қазынаңның арқасы ғой,
Қашанда қанаттанып қалатыным.

Саф алтын сөздеріңнің күллі әсемін,
Көкейге тоқып қызық күн кешемін.
Жүздесіп сен арқылы болашақпен,
Бабамның бабасымен тілдесемін.

БУРЫЛ ТАУ

Мұнартқан сағым тербеп жаз күндері,
Қарт таудың қатпар-қатпар әжімдері.
Болдырып алыс жолдан шөгіп жатқан,
Ұқсайды аруанаға бөз бір өрі.

Түскендей арқасына бар ауырлық,
Сан қилы табиғатта бар-ау қылық.
Бағзыдан балуан тау шоқыларын,
Қойыпты төңірекке қарауыл ғып.

Дүрмек қып осынау кең өңір төсін,
Шұбалтқан мезгіл талай өмір көшін.
Туған жер мәртебесін биік тұтып,
Көтерген Бурыл-көкке ер кеудесін.

БІР АҚЫНҒА

Кеуденді сен көтерме,
Асқақ қарап, астамсып.
Зорсынасың бекерге,
Асқар таудан асқансып.

Төкаппарсып жүргенің,
Төмен санап басқаны.
Ақылдымсып білгенің,
Болмасын құр бас қамы.

Тура алмайсың дөт тауып,
Көзіңе ілмей өзгені,
Ауытқып ең-кетті ауып,
Әділдіктің безбені.

Ұлылықты өнерде
Жалғыз өзің иемдеп.
Болып алдың өлермен,
Даңқ төжін кием деп.

Әдетіңді таста сен,
Өзіңді зор санаған.
Ақылман деп аспа сен,
Ең алдымен бол адам.

ШЫРЫҚ БҰЗАР

Адамдар бар әуейі,
Теріс пиғыл түйіп кеп,
Айтатұғын әдейі,
Аласаны биік деп.

Өзінше олар қояды,
Төмендетіп аспанды.
Төмпешікке саяды,
Көзіне ілмей асқарды.

Мәрт болуға тырысып,
Ғибрат айтар саған көп.
Дұрысынды бұрыс қып,
Кей жақсынды жаман деп.

Бөтуө жоқ сөзінде,
Бастайтұғын керіске.
Айтады уақыт кезінде,
Ақиқат не, теріс не?

ЖАМБЫЛ ШӘРІ

Созылған ғұмыр жасы сан ғасырға,
Таусылмас тарихы оның толған сырға.
Тып-типыл таланып жат шапқыншыға,
Жұрнағы ескерткіш боп қалған қырда.

Октябрь – ұлы жолдың бас торабы,
Сап құрған жаңа дәуір көш – парады.
Жарқын таң шұғыласын сімірді еркін,
Жайқалып бағзы шәрдің жас дарағы.

Жақсы өмір жомарттықпен сый үлесіп,
Шалқыған шат көңілде бір күй өсіп.
Шомылған түнде қала мың сәулеге,
Көз тойған көркіне әсем күнде үй өсіп.

Тазарып саз балшығы кеше есілген,
Көк айдын асфальтталған көшесі кең.
Құшақтап бақытыңды гүл бағында,
Қызықты қимас дәурен кешесің сен.

ДОСЫМА

Кезім көп үнсіз тосылған,
Кезім көп жөнсіз жосылған.
Санай бер, досым, кісіге,
Санатқа келіп қосылған.

Жаңылман енді осымнан,
Айырылман көңіл хошынан.
Айға да ұшып барар ем,
Айналып сендей досымнан.

Айналып сендей досымнан,
Қаламын шалқып тосыннан.
Жөргемде жөндем жыр жазып,
Көңілімде күй көп жосылған.

Көңілімде кей көп жосылған,
Үмітіме барып қосылған.
Кетпесе қиып болғаны
Кесепат келіп тосынан.

АҚЫНҒА

Бір күйің бар жұрт алдында тартпаған,
Қайткенде оны орындауың шарт маған.
Өзгелерге өнері үлгі адамға,
Өмір ауыр жүгін текке артпаған.

Бір өнің бар асқақ шырқап айтпаған,
Табады жұрт көзге елеусіз жайттан мән.
Тасқа қанша шағылса да тауаны,
Тәлімгерлер алған беттен қайтпаған.

Бір сырың бар әлі ешкім шертпеген,
Ойын – шынын ғұмыр бойы зерттеген.
Енді екпіндеп жүрісін әсем түзеген,
Ереуілдеп мінген атың ерттеген.

Бір жырың бар жарқыратып жазбаған,
Кедергі боп кінәратың аздаған.
Оралыңның жоқтығына саямын,
Ойсыратып ойдың кенін қазбаған.

Кісі тағылым тапқан жайсаң жандардан,
Көне деген көп нәрседен тез жаңарған.
Асыл уақытын ардақ тұтқан іске арнап,
Абырой алған азаматта жоқ арман.

САҢЫРАҚ БАТЫР – БАТЫР БАБАМ

*Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте
асқан ерлік көрсеткен Саңырақ батырдың
өшпес ерлігі...*

Атанды асып туған батыр бабам,
Өзіңді кие тұтып жатыр далаң.
Қаһарың қас дұшпанға сүрен салып,
Найзағай жарқылындай шатырлаған.

Анадан еңіреп туған ер едің сен,
Кемел ең Төле бидің кеңесімен.
Қайда да қаһарманын қасиеттеп,
Не заман шығарған жоқ ел есінен.

Тараған текті атадан арғы затың,
Қайратың тас қамалды бар бұзатын.
Жебеген өреніңді үлгі-өнегең,
Өшпейді жадымыздан сардар атың.

Қилы күн опа бермей болған ғайып,
Басынан талай ердің бағы тайып.
Халықтың мұң-мүддесін мұрат тұттың,
Кешегі кер заманда алмағайып.

Сен өмір сүрген жоқсың тектен-текке,
Еңбегің елеңді ерен еткен көпке.
Атой сап Аңырақайда қалың жауға,
Сұлаттың талай сұмды жекпе-жекте.

Өз баба, басқыншыға бас ұрмадың,
Даңқыңды ел-жұртқа аян асырғаның.
Сиынып рухыңа өшпес тәу етеді,
Бүгінгі марқабатты жас ұрпағың.

АЛАТАУ

Аспанды тіреп төбеңмен,
Жотаңа бұлтты көшіріп
Жоғары өрлеп төменнен,
Жатырсың жалпақ көсіліп.

Ақ шашты алып асқарың,
Арқасын жазды бүгілген.
Көтерді шыңдар бастарын,
Жүздесіп балғын бүгінмен.

Күмбірлеп аққан кеудеңнен,
Күлкісін бұлақ тыймаған.
Жыр болып жорытты желменен,
Көкейге ойлар сыймаған.

Тарихқа жүк боп тастаған,
Ауыр күн артқа жөнеліп.
Аяңда туған астанам,
Қызыққа батты кенеліп.

Сәулеттің самал лебі есті,
Өр үйге бақыт туыстап.
Келешек түгел кеңесті,
Шашулар шашып уыстап.

Бас көтеріп, жалт қарап,
Тәжім ғып алдың бөркінді.
Есіңді басқан бұлт орап,
Көрдім ғой ғажап көркінді.

Жас өмір оты самсаған
Алматым – күмбез ақ отау.
Ақ шашты атам ұқсаған,
Айналдым сенен, Алатау.

ҰСТА ДҮКЕНІНДЕ

Қайраты жас ұстаның,
Көрікті лезде қыздырды.
Болаттын жалын құшқаның,
Тамашалап қыз тұрды.

Екпінімен зор күштің,
Көрікте жалын қаулады.
Жас махаббат отты ұшқын,
Қыз жанында лаулады.

Сапталты да кетті алып,
Қыз үйіне күрегін.
Лапылдатты, от жағып,
Жұдырықтай жүрегін.

АДАМДАР

Адамдар көп қардай аппақ ар-жаны,
Көкірегінде көлкіген сыр маржаны.
Адамдар көп аттай өткен ақ жолды,
Түтінденіп — бықсып жанған ар жағы.

Сыйлай алмай жүрсең берер сыйыңды,
Танымасаң алысыңды, жақыңды.
Кейбіреулер кетеді оңай майып ғып,
Қапияда тауып сенің қапыңды.

Жақсы адамның мәрттігіне сүйінсең,
Қарау жанның қылығына күйін сен.
Дұшпаныңа аянбастан атақты,
Адамдығын көріп қатты түйілсең.

Басқа қонған мастанба кей бақ-құтқа,
Ақыл шешер жұмыста еш аптықпа.
Дос пен қастың жігін жіті тануға,
Керек әр кез сергектік те, сақтық та.

ТОЛҒАУ

Толқытты да көңіл күйін көп сезім,
Көрсем дедім Сұлу Көкше күмбезін.
Жүрсем дедім туған елде сайрандап,
Күлсем дедім тең құрбыммен жайраңдап.
Білсем дедім сырын жаңа адамның,
Ерлік ісі, еңбегіне қайран қап.
Осы ой менің қиялымды тербеген,
Қуаныш боп жүрегімді кернеген.
Осы ой мені самолетпен самғатып,
Көкке ұшырды бұрын еш бір көрмеген.

... Ұшып келем, арайлы таңертеңмен,
Мен биікте қалды алыста жер төмен.
Көрді көзім өмір көркін ғажайып,
Көрді көзім бәрін байтақ өлкемнен.

Неткен әсем, неткен көркем айналам,
Жатыр дала, жатыр қала жайнаған.
Зауыдтардың гудогынан күй шалқып,
Аулымда еңбек қызып қайнаған.

Дала, дала менің туған мекенім,
Өз ұлыңмын, емеспін бір бөтенің.
Сенде өссем де бүгінгі бар бейнеңді,
Онша жетік мен білмейді екенмін.

Жарқырайды мөлдір айна көлдерің,
Көз тартады бетегелі белдерің.

Еркелейді жұпар желің аймалап,
Қазыналы Қазақстан кең жерін.

Кім сүймесін өз Отанын, өз елін,
Жасыл жайлау, асқар тауын, өзенін.
Жатыр соғып байтақ дала жүрегі,
Сонда ұлы махаббат бар сеземін.

... Ұшып келем асып ой-қыр, таулардан,
Қарсы алады мені алыстан ну орман.
Жайқалады бақтар гүлдеп бір кезгі —
Жапан жүзде, құба белде қуарған.

Қалды артымда Қаратаудың аймағы,
Асыл кеннің алынбаған қаймағы.
Қандай ыстық туған жердің құшағы,
Тартты өзіне, мені еркіме қоймады.

Алды тосып Алатаудың асқары,
Алматының жасыл бағы, жас талы.
Қала берді қарай-қарай қол бұлғай,
Ізгі жанды, жарқын жүзді жастары.

Алтын атқан өр Алтайдың алабы,
Кереметін көрген қайран қалады.
Тау қопарып, кен қазған ер ісіне,
Көзің тойып, шалқып көңілің толады.

Көкшетаудың асу бермес өркеші,
«Жұмбақтастың» жалтырайды өр төсі.
Гүл жайқалып, хош иісі аңқыған,
Жері курорт Бурабайдың өлкесі.

Сарыарқаның жанға сая самалы,
Сайрап сансыз сандуғашы ән салады.

Қыр төсіне төсеп дихан кілемін,
Тың астығын жылда жинап алады.

Кенге толы Арқа жері, өңірі,
Қабат-қабат Қарағанды көмірі.
Домналарда бұрқ-бұрқ қайнап, от шашып,
Өзенше аққан Теміртаудың темірі.

Күн-түн қатып еңбек еткен ел үшін,
Бүкіл халық құрметтеді ер ісін.
Жеті жылдың қарқынымен өлшеді,
Алдан шолып озаттардың өрісін.

Арқыраған асау өзен Ақжайық,
Асыға ағып, тасқын суын мол жайып.
Толқын атып, тоғысты кеп Еділмен,
Өріс тауып, айдыны кең ғажайып.

Салтанатын күнде жасап жыр тойы,
Сән-сәулетпен даңқы шыққан Сыр бойы.
Дария суын бұрды жаңа арнаға ел,
Құлпырсын деп Қызылқұмның қыр-ойы.

Ұштым зырлап алған беттен танбадым,
Көк жүзінде зымырадым, самғадым.
Кең даланың келбетіне, көркіне,
Қараудан бір жалықпадым, танбадым.

Көрдім дала, өзен, тауын, орманын,
Көрдім қырда гүл бәйшешек жарғанын.
Асан қайғы аңсап өткен арманын.

Желмаямен жортып жапан түзбенен,
Ол Жиделі-Байсын жерін іздеген.
Құр аңыз боп қалды да оның қиялы,
Жылжып баяу өтті жылдар жүздеген.
Өтті жылдар қуып артқа күндерді,
Жарқыратты бақыт шамы түндерді.

Таң боп атып, күн боп шығып Октябрь,
Ұлы дәуір бізге асқақ үн берді.

Осы үн алып «Аврорадан» оқ атқан,
Осы үн халық жүрегіне от жаққан.
Осы үн мүлгіп мәңгі жатқан даланы,
Шырт ұйқыдан шырай беріп оятқан.

Дала оянып жаңа өмірін бастады,
Түн түнегін серпіп кейін тастады.
Жанды бақыт жұлдыздары жерімде,
Күлімдеді алтын күмбез аспаны.

Ұштым шарлап, ұлан байтақ жер екен,
Менің туған өлкем-құтым, берекем.
Өрлеп алға шыққан бақыт шыңына,
Қайта туған Қазақстан елі екен.

Дала күлді, аспан күлді тамаша,
Сән кірді өмір сәулетіне жараса.
Қуанады адам көңілі көкке өрлеп,
Бүгініне, ертеңіне қараса...

ҚАЗАҚСТАН

Кең жайлау асу бермес асқары бар,
Көгілдір көл бетіндей аспаны бар.
Қайратқа қариясы қайта мініп,
Жүрегін жалау еткен жастары бар,

Қайырмасы: Туған ел, туып өскен,
 Құлпырған гүл бағыңнан
 Жұпар ескен.

Оянып байтақ өлке ұйықтап жатқан,
Өмірдің шұғылалы шамын жаққан.
Ерлері еңбегімен құрыш қайнап,
Маржар дән дариясы толқып аққан.

Қайырмасы:

Көз тартқан күмбез тауы, көк орманы,
Көктемнің қызық кеші, көркем таңы.
Көңілдің космосында қанат қаққан,
Кешегі көрі әженің көп арманы.

Қайырмасы:

Өмірдегі өз орнымды таппасам,
Не шопанша ерлеп қойды бақпасам.
Не диханша терлеп кетпен шаппасам,
Азамат боп қайсы менің жүргенім?!

Оза шауып көпке бөйге салмасам,
Қас батырдай қамал бұзып алмасам.
Туған елге Толағайдай болмасам,
Азамат боп қайсы менің жүргенім?!

Шаттанғанда шабыттанып кетпесем,
Жүрегіне жұрттың сөзбен жетпесем.
Ердің асыл арманын жыр етпесем,
Ақын болып қайсы менің жүргенім?!..

ҚЫЗ – БАЯН

Ақ жүзіне жарасқан,
Қолаң қара шашы бар.
Жанарынан нұр шашқан,
Он сегізде жасы бар,
Қарындасым қыз Баян.

Жарқын жүзі, көңілі шат,
Жалын атқан жас жаны.
Жүрегінде махаббат,
Жаңа өмірін бастады,
Қарындасым қыз Баян.

Білім жинап жадына,
Ойына ғажап сыр тоқып,
Сәнді сұлу Москва –
Астанада жүр оқып,
Қарындасым қыз Баян.

Өзі қалап таңдаған,
Өнері ғой тым жақсы.

Сүйіне жұрт таңданған,
Композитор болмақшы,
Қарындасым қыз Баян.

«Бір өсем ән арнадым,
Бейнелеуге арманын.
Баяғы ару Баянның,
Шерлі өмірін, мұң-зарын –
Ел аңызын бізге аян.
Ажалға бас имеген,
Кіршіксіз махаббатын да,
Музыкамен, күйменен,
Көрсетем” депті хатында,
Қарындасым қыз Баян.

Өксікпен өткен жас жанның,
Есімін еске ап, қастерлеп.
Жыр етіп асыл арманын,
Шаттық күйін жүр тербеп,
Қарындасым қыз Баян.

МӘНШҮК ОҚЫҒАН МЕКТЕПТЕ

Баурап бала жүрегін ғашық еткен,
Жірдім мектеп есігін ашып еппен.
Шулы залдан көргендей болдым сол сәт,
Мәншүк ізін ілкіде басып өткен.

Көңілдегі сейілтп күдікті үстем,
Жан-жүйемді бір сезім жылытты іштен.
Портреттен қарайды төрге ілінген,
Сүйкімді қыз суретке күліп түскен.

Сыбағасын өмірден аларында,
Жас дәуреннің сайранын саларында.
Сұрапылға ол сұранып кетті аттанып,
Оты ұшқындап өрліктің жанарында.

Үстемдігін сұм соғыс құрған өктем,
Майдан үстін-ажалдың қырмананы еткен.
Мәңгі күліп қалсын деп балалығым,
Қыршын жасын қайсар қыз құрбан еткен.

Дуылдаған арадай бал аулаған,
Думанды зал ішіне бала ойнаған.
Зіл көрмеген бүлдіршін жүрегінде,
Махаббаты Мәншүктің алаулаған.

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

I

Мезгіл-құдірет өміріне бағынып,
Көктем шықты гүл-алқасын тағынып.
Адам жаны масайраған жадырап,
Наурыз-аймен бек қауышқан сағынып.

Шалқып тасқан шат мерейің шарадан,
Аспан жерге күлімсіреп қараған.
Ақ қайыңдар сұлулардай сыланып,
Сәмбі талдар сүмбі шашын тараған.

Тыңдап үнін төңірек құс- жыршының,
Тамашалап талай ұққан сыр-шынын.
Қыр төсінде қызғалдақтар құлпырған,
Жауқазындар жарып нәзік бүршігін.

Қиял-ойдың қиянға алыс шырқаған,
Сезім-толқын кеудеңде ерек бұрқаған.
Алуан қызық алдыңнан қол бұлғаған,
Арманыңа жақындатып бір табан.

II

Қыстың тоңы жібіген,
Көктем туып, күн күлген.
Өмірші уақыт үнінен,
Табиғат дүр сілкінген.

Құрсанған бұлт ыдырап,
Мөлдіреген шыны аспан.
Көз ұшында бұлдырап,
Сағым көкке ұласқан.

Ару дала бусанып,
Ажарланып ашты өңін.
Жер-жарықтық босанып,
Жамыратты жас төлін.

Айдын көлге базарлы,
Қиқу салып құс қонған.
Кей пенденің тазарды,
Көкірегі ыстанған.

Нөсерлеткен күн кейде,
Аспан асты күңгірлеп.
Сезім толқып кеудеде,
Күй шалқыған күмбірлеп.

Жай түсіре жаздаған,
Көктемгі ұшқын жасынан.
Жүрек оты маздаған,
Жалын атып жас ұлан.

Жайсаң туған даланың,
Жоғын тауып тылсымнан
Ақ сүтін ел-ананың,
Ақтаймын деп құлшынған.

III

Апта, айларды артқа қарай жылжытып,
Арман күнін бақандай бір жыл күтіп.
Наурыз аймен күліп келген көктемнің
Шуағымен жан дүниенді жылытып.

Жер-жаһанға жарлап мезгіл сауынын,
Себелеген мезгіл жұпар жауынын.
Құттықтаулар, алғыс сөздер ағылып,
Қастерлеген ана-әйелдер қаумымын.

Өршіл жанның мәрттігіне сүйініп,
Өрен өскен өмір сырын жиі ұғып.
Қашанғы өдет қымбаттыңа ізетпен
Гүл ұсынған іңкөр жүрек сыйы ғып.

Уақыт рақым тілемеген ешкімнен,
Жаңа сипат тапқан бейнең ескірген.
Аяулыңа арнап айтқан наз-әнің,
Асқақ арман-лебізіндей естілген.

ІҮ

Жайраң қағып жарқын көктем,
Жасыл бағы жүз түрленген.
Ақшам кезде жарқ-жүрқ еткен,
Алматы-ару нұрлы реңмен.

Қала үстінде мың сан жұлдыз,
Түннің түрген тас түнегін.
Көлкігендей шұғыла-теңіз,
Кемерлетіп тасқын легін.

Жан дүниеңе сәуле сепкен,
Жарқырап ай шырқау көктен.
Сенімінді серік еткен,
Үшқыр ойың шырқап өктем.

Көше стрек жұлдызды шам,
Шұғыласы жағылмаған.
Мызғып қала күндізгі ұшан
Шу-дабырдан дамылдаған.

Сан құбылған сән-сипаты,
От қанатын жарқылдатқан.
Таңғажайып түнгі Алматы,
Жас кеудесі жалын атқан.

Шат боп қарап ойым шалқып,
Кенелем де күш-ағынға,
Байыз табам бойым балқып,
Алматы ару құшағында.

V

Табиғаттың мінезі күрт жұмсарып,
Таңырқатқан кейпі өзгеріп мұншалық?!
Мейірімді күн көзінен нұр шашырап,
Маужыраған дала төсі бусанып.

Адам көңілін елжіретіп күншуақ,
Байтақ өңір байыздаған, тыншып бақ.
Жас ағаштар жасыл желек жамылып,
Бүрін жарған, жайып көркем гүл құшақ.

Көктем кезде қамсыз жатпай бел шешіп,
Қарекет қып терген ырғын ел несіп.
Қызғалдақтың хош иісі аңқыған,
Жұпар желдің жанға жайлы лебі есіп.

Бап түлеткен басқа қонған бақ құсың,
Мерейленіп көңіл дітін тапты шын.
Туған жерге наурыз тұтып зер кілем,
Әшекейлеп салды өрнегін нақышын.

ТҮЛЕГІМІЗ ДӘУІРДІҢ

Қызық дәурен, қимас күндер артта қалды,
Сағымдай боп бұлдырап.
Тәтті арманға ұсындырған албырт жанды,
Кетті алысқа тым жырақ.

Қилы кездің ауыр сәтін болдырмастан
Басымыздан өткердік.
Тіршіліктің нәзік гүлін солдырмастан
Тақсіретін көп көрдік.

Қанша жылдар, қанша айлар заулап аққан,
Керуен көштей шұбалып
Қиял құсты қияға асқар қанат қаққан
Өстік біздер шыңдалып.

Ержеткенбіз сырын сезіп, мәнін ұғып,
Жеңілдің де ауырдың.
Туған елдің асқақ үнді өнін ұғып,
Түлегі боп дәуірдің.

ҚОС ТАҒДЫР

Асыл айым аспандағы нұрын шашқан,
Секілдісің сен менің.
Шын жүректен, ақ тілекпен, сырын ашқан,
Бір өзіңсің сенгенім.

Сын кезеңде жебей тұғын сындарлығың,
Жан жарыңды қоштасаң.
Саған деген құштарлығым, іңкәрлігім,
Суымайды ешқашан.

Жүремін мен қастерлеген серт сөзіңді,
Бойтұмар ғып тағынып.
Шарапатты, шапағатты мәрт кезіңді,
Қай кезде де сағынып.

Қорған тапқан қанатымыз қайырылмайтын
Шат көңілдің хошынан.
Тағдырымыз айнымайтын, айрылмайтын
мәңгі-бақи қосылған.

Жарқын жаздың таңы арайлап,
Жан бітірген төңірекке.
Сағым құшып барлық аймақ,
Ақ нұр жүзген зеңгір көкте.

Денең сергіп, тыныс кеңіп,
Көңілің тасып жадыраған.
Тұла бойға бір күш беріп,
Бұла сезім жамыраған.

Табиғаттың таңырқатып,
Тамсандырған сыры жұмбақ.
Шадыман күй шамырқантып,
Шаттандырған өмір жұмбақ.

Арманына жеткен адам,
Ел құрметін мақсат тұтқан.
Ер көңілін еткен алаң,
Балы зәр боп аңсап жұтқан.

Шипа лебін көптен күткен,
Шұғылалы шағың туған.
Іңкәр қылып тәтті үмітпен,
Құштар сәтің сағындырған.

Сергіткенде себездеп нұр,
Балбыраған балқып бойың.
Шабыттанған кезінде бір,
Шарықтаған шалқып ойың.

АЛАТАУ АСҚАРЫ

Алатауым, асу бермес асқарың,
Ақша бұлттар қонақтаған төсінде.
Қандай ғажап мөлдіреген аспаның,
Жаздың жұпар исі аңқыған кешінде.

Шыңың түгіл шықсам да бір төбеңе,
Еңсем биік көтеріліп қалады.
Құдірет күш қуанышқа бөленген,
Адамды іңкәр етіп баурап алады.

Төңірекке көз жіберіп сәт тұрсам,
Көңіл- қыран қиянға алыс самғаған.
Шабыт-сырдың шалқар көлін сапырсам,
Шағала-ойым шарқ ұрудан танбаған.

Туған жердің ұлылығын, кеңдігін,
Қызық көрем тамашалап биіктен.
Қилы мезгіл тауқыметін, ен жүгін,
Қадым заман тік көтерген иықпен.

Зеңгір көктең шексіздігін, заңғарын,
Ұшқыр қиял дүрбісінен шоламын.
Табиғаттың тылсым сырын, заңдарын
Ой көзімен оқығандай боламын.

Алатауым, айбынданып тұр маңғаз,
Асқар шыңың аласармай, пәс тартпай.
Жылда жайнап салтанатын құрған жаз,
Жас дәуреннің қызық ғұмырын қысқартпай.

КӨП ТҮЙТКІЛ

Жебей гөр, төңірім, дәйім пендем десең,
Кер тартқан кежірліктен кенде емес ем.
Баршаға шапағатың мейірім төккен,
Тілеймін бір марқабат мен де сенен.

Кісімісіп жөнсіз неге тасырлайын,
Күй кешкен кейде текке масылдаймын,
Пайдасыз көп іспенен әуреленіп,
Пайымым аз болғанын жасырмаймын.

Даң-дұннан запы болған адам көптен,
Көңілді дауалатпай алаң еткен.
Жақсы ғой дамыл таппай жүрген шағың,
Жанығып шаруаға шамаң жеткен.

Ғайыптан кереметті алдан шолып,
Қалады мерейленіп арнаң толып.
Көп түйткіл көкейінде көлегейлеп,
Көмескі тартқан ойың арман болып.

Көз тігіп көк аспанның күмбезіне,
Қараймын күлім қаққан күн көзіне.
Дұға ғып демей гөр деп сиынамын,
Мінәжат етіп, төңірім, мен өзіңе.

АРУАҚТАРҒА ТАБЫНУ

Кешір, мені, көп қателік жіберген,
Кейде аяқты босата алмай шідерден.
Көңілімде қапырық-мұң қалдырып,
Қилы күндер керуені үдерген.

Кешір, мені, көп әбестік жасаған,
Тақыс дұшпан таспен атқан тасадан.
Ауыздығын жұлқи тартқан кей шақта,
Астымдағы мінген атым қашаған.

Қысқа өмірде тірлік кешкен күйініп,
Бағы жанбай өткен жанның күйін, ұқ!
Қиын кезде жебеп мені демеген,
Мерейленем аруақтарға сиынып.

Көп сыр ұқтым көңілімнің бабынан,
Жастық шақтың жазиралы бағынан.
Айбыныңды мәңгі-бақи ардақтай,
Аруақтар құдіретіңе табынам.

Сәттерім көп ойға шомып толғанар,
Кейде адасып жүрсем оқыс, жолды оңғар.
Ардың-құрдың алмағайып, хал кешсем,
Аруақтар, демей дәйім қолдаңдар!

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Құлшындырған жұмыстың қиынына,
Қызықтырған алқалы жиынына.
Жазушылар одағы — үлкен отау,
Таланттарды мүше еткен ұйымына.

Салдарлы ойдың маздатып шам-шырағын,
Санаткердің сараптап сан құрамын,
Сәкен, Мұхтар, Сәбиттер алғаш оның
Шаншып уығын, көтерген шаңырағын.

Сыр туындап, көкейде жыр көктеген,
Өмір көші үдерген дүрмекпенен.
Поэзия жауһарын, сөз асылын,
Қашанда жұрт қастерлеп құрметтеген.

Еңбек болмас елге есте еленбеген,
Көңіл хошын келтірген өлең деген.
Жазушы-ақын атанған ағайынның
Қарызы көп халыққа төленбеген.

Шарласа ойың жұмақ жоқ Отанындай,
Жыр толғатып кей түні жатам тынбай.
Жазушылар одағы жиһазы мол,
Көркем сөздің көз тартқан отауындай.

ҚАЙЫН ЖҰРТ

Бұл ауылдың ырыс-құты тасыған,
Өр кез мұнда келуге мен асығам.
Кішілері ізет тұтып сыйлайды,
Үлкендері орын беріп қасынан.

Азаматы азды көпке теңгеріп,
Ағайынға жүретұғын дем беріп.
Алпыстағы адамы осы ауылдың,
Көкпарыңды алады атқа өңгеріп.

Азаматы жұрттың қамын ойлаған,
Ардагерлер қуанышын тойлаған.
Алтыдағы баласы осы ауылдың,
Асау тайдың құлағында ойнаған.

Тағылым сөзді ілтипатпен құп алам,
Тазартатын пендешілік күнөдан.
Қызылқұрттың бір қызына таңсық боп,
Қызық ғұмыр кешкеніме қуанам.

Қашанда мен қайын жұрттан бап табам,
Басыма кеп қонатұғын бақ табам.
Ойық деген орнықты елге күйеу боп,
Оңды жігіт атанғанға мақтанам.

ДОСЫМ ЕҢ

Әуез Исаевты еске алу

Мектепке бірге оқыған досым едің,
Көп ақыл албырт шақта қосып едің.
Жаныңның от-жалынын алаулатып,
Жақсылық жарқын күннен тосып едің.

Жұп жазбай қатар өскен құрбым едің,
Сүйенген серігім деп тұрғым едің.
Білдің бе, білмедің бе сағынышпен
Еске алып тұрарымды бір күн менің.

Бұлаңдап жастық шақтың белесінде,
Бірге өткен күндер, жылдар әлі есімде.
Таңсықтап, тамашалап міндік талай,
Тірліктің толқымалы кемесіне.

Бақыттың лебі беттен өпкенінде,
Көз тіктік күлім қағып көкте күнге.
Жарқылдап жалын атып жүрдік талай,
Өмірдің гүлжазира көктемінде.

Сол кезгі достыққа кір жуытқам жоқ,
Бейлімді саған ыстық суытқам жоқ.
Бір жүріп барымызбен базарлаған,
Жас дәурен жәрмеңкесін ұмытқам жоқ.

КҮМІС ТОЙ

Уақыт қандай ұшқыр заулап зулаған,
Нұрлы дүние көлінде құс шулаған.
Тіршіліктің күнде қызып базары,
Жас дәуреннің думан-тойы дулаған.

Жылдар қандай жүйрік жүйткіп тынбаған,
Адамы алыс жолда сынап шыңдаған.
Шадыман жұрт қуаныш күйін қоздатып,
Шаттық әнін мерейленіп тыңдаған.

Мезгіл сыры таусылмайтын жыр-дастан,
Мейрімменен күлімдеген нұрлы аспан.
Кеше үйленген жұбайлардың қызығы
Бүгін күміс тойына кеп ұласқан.

Тұла бойы кернеген күш-қуаттан,
Кісі әлденіп жүк көтерген мың батпан.
Қосағымен қоса ағарған қос тағдыр
Құтты болған қадамымен қуантқан.

Жан садаға жақсы көрген жолдастан,
Аршындаған адымымен алға асқан.
Шын жастықтың қызық ғұмырын ұзартып,
Мұратқа асыл игі тілек жалғасқан.

Кім табынбас сүйікті адал жарына,
Қиын күнде жалау болған жанына.
Сансыз рет сағынышпен көз тіккен,
Махаббаттың арайлы аппақ таңына.

Серт сөзіне әр кез назар аударып,
Сақтай білген жүрек сырын жауһар ғып.
Күміс тойын өткізгендер дүрілдетіп,
Алтын тойға жетсін аман-сау барып!

МАЗМҰНЫ

Бір өлең туралы бірнеше сөз	3
Туған өңірде.....	9
Жамбылым	10
Ардагерлер аллеясы	12
Үшарал	13
Үшқан ұям	14
Күнде өзіңмен сырласамын	15
Жар сөзі	16
Алтын жұлдызды адам	17
Алтын жұлдызды азамат	18
Әке	19
Мөлдір қайнар	20
Мәрт адамдар	21
Күміс той	22
Ана	23
Өскен өлке	25
Алматым – астанам	26
Жамбыл музейіндегі ой	27
Алатау	28
Қапшағай теңізі жағасында	29
Талдықорған	30
Шаңдоз шопан	31
Шоқан ескерткіші жанында	32
Алтынемел ауылы	33
Ақын музейінде	34
Ешкімнен балам	35
Қияға алыс	—
Келдім мен де елуге	36
Жайнап дала	37
Аз емес аңсағаным	—
Шалқып бір көңілің тасатын	38
Ойлар	39
Көктөбеде	40
Арайлы шақ	41

Сөз	42
Туыстарым	43
“Дөңгелексаз”	44
Сендердің мейірімдерің	46
Жақсы да бәрінен де	47
Ақ жол	48
Қасиет қанға сіңген	49
Сағыныш	50
Кездерде бір.....	51
Келешекпен тілдесем	52
Жеткіншекке	53
Көркей, елім	54
Өзіңсің – өнегем	56
Зулаған уақыт өктем	57
Кей оты жүрегімнің	58
Дала таңы	59
Өмір шексіз, ғұмыры қысқа адамның	61
Арман әсте таусылмаған	62
Өлең болып... ..	63
Толайым тағылым алғам	64
Наурыз нақыштары	65
Ұлыма өсиет	69
Асыл мұра	70
Торғайлар	71
Кісілік келбеті	72
Бір жолдасқа	73
Менің әжем	74
Ұлпа қар	75
Күз әуендері	76
Әйелдер	78
Асыл арман	79
Он алтыдасың	80
Соғыс ардагері	82
Асқар таулар	83
Медеуде	85
Әке сөзі	87

Сарыарқа сазы	88
Қалқам-ау, кілт налып	89
Таңым бар	90
Өмір көктемі	91
Кішілік	92
Жол	—
Жайлау таңы	93
Арман	94
Күз суреті	—
Канал	95
Талас-өзен	96
Дала қосында	—
Үшарал.....	97
Нөсер.....	98
Қыр басында.....	99
Сый – гүл	100
Тұңғыш түрен	101
Дала туралы жыр	102
Шопан қыз сыры	103
Ертіс жағасында	104
Еділ – дон	105
Шағала.....	106
Көкейде күй күмбірлеп	107
Түсте көлдің басында	108
Сағыныш құстары	109
Р.. ға	110
Балалық шақ қол бұлғап	111
Тұмарым	112
Аяулым	113
Жыр - ғұмыр	114
Сарғайып сары белден	115
Арал айдынында	116
Алғашқы махаббат	117
Университет	118
Сонау кезде сәтті ойлап болашақ	119
Шарықтап құсша ұшады-ау	120

Жазғы түн астында	121
Бозбала назы	122
Ақын досқа	123
Ұмытылмас кеш	124
Ауыл оты	125
Көзіме ыстық	126
Таң сәріде	127
Алғашқы қар	128
Май самалы	129
Шана үстінде	130
Әміршісі даланың	131
Сәйгүлік	132
Керуен	133
Күзгі жел	134
Қыс пейзажы	135
Тас мүсін	136
Қаздар	137
Самолет үстінде	138
Қос жанар	139
Қыстауда	145
Күзгі бақ	146
Екеу.....	147
Балалықтың думаны	148
Сұрықсыз күзгі дала атырабы	149
Апрель.....	150
Дала сыры.....	151
Сарыағаш санаторийінде	152
Мойынқұмда	153
Дос перзенті	154
Өмір сабағы	160
Көңіл	161
Әсте тыным таппайды-ау	—
Жас дәурен	162
Муза	163
Көңілсіз күзгі аспан.....	—
Нақыл.....	164

Сенің бейнең	—
Көктем сыйы.....	165
Жұмысқа жеккен бір аптаң	166
Біздің үй	167
Алдымда менің әлі де	168
Асау толқын	—
Кейіппен ғашық көптен	169
Еңісте жүріп мен кейде	170
Әке туралы	171
Күрес	172
Жұлдыздар	173
Маңдай тер	174
Жар назы	175
Жолаушы	176
Сақтағай	177
Бақыт үшін өмір дарқан	178
Тілек	179
Ініге	180
Айлы түнде	181
Сен күлсең	182
Шумақтар	183
Судағы сурет	184
Өткен күн	185
Ауруханадағы ой	186
Сапарда	187
Боран	188
Жылдар	189
Жылқышы жігіт жыры	190
Тәуелсіздік тұғыры	191
Әзіз бала Төле би	193
Атажұртты аңсаған	194
Елбасы	196
Астанам – ақордам	198
Мейірім шуағы	200
Уақыт ызғары	201
Мәрт жігіт	202

Тағылым	203
«Абай жолын» қайта оқығанда	204
Ғұмыр шіркін жетер дейсің қаншаға... ..	205
Туған ауыл туралы толғаныс	206
Денсаулық туралы жыр	208
Ғашық көзбен	209
Ат үстінде	210
Шарапат	211
Жүйткіген жылдар	212
Назеркем	214
Аса қымбатты әкім Жәке, Ғадила жеңге!	215
Мерей	217
Тағзым	219
Соғыс кезіндегі құрбы қыздар	220
Ақкөл	221
Әріптеске	222
Түркістан толғауы	224
Әке туралы сөз.....	228
«Жолашар» тараз тағылымы	232
Туған жерге тағзым	244
Қыран ерлер	245
Сарғайған жапырақтар	246
Ай дидары	247
Жылдарым	248
Екеуара	249
Сол бір сәт	250
Мәрт адамдар	251
Нұрлы арман	252
Сол бір күндер	253
Күз әуені	254
Тәу етем	255
Күн батар кез	256
Саф келісім	257
Қилы кезең	258
Атамекен	259
«Жете тұғын мұратқа кім бар демде”	—

Бақытым менің	260
Ер-азамат	261
Мен үшін	262
Әкемнің құрбысы	263
«Көктемгі қандай гүл әсем»	264
«Көрген сәтте күй кешемін мен ерек»	265
Іңкәрлік	266
Мезгіл сыйы	267
Тарих – сыр	268
Жақсы інілер	269
Ілтипат	270
«Қайда көп жақсылық нышаны»	—
Кейбіреу	271
Көкпар	272
«Қызықты күндер, шат күндер»	273
Біз үшін	274
«Шабыттанған шағымда дүр үдеріп»	276
Анадан жан садаға	277
Бір әкімге	278
Мінажат	279
Сиқыр күш	280
Қалам сергіп	281
Үлкен жұмыс	282
Ізетті ініге	283
«Келемін тынбай жол жүріп»	284
Жарқыраған жұлдызың	285
Серпін	286
Жасап қалам	287
Таң-сұлу	288
«Тәтті ұйқыңнан оян дағы жан еркем»	—
Толғаныс	289
Аққу құс	291
Тәубе етем	292
«Қызығы көп мынау фәни дүниемен»	293
Ақын аға	294
Нар тұлға	295

Бекзат болмыс	296
Жандар қызына	297
Шабытты шақ	298
Азаматтар	299
Жоқтау жыр	300
Ана тілім	302
Бурыл тау	—
Бір ақынға	303
Шырық бұзар	304
Жамбыл шөрі	305
Досыма	306
Ақынға	307
Саңырақ батыр — батыр бабам	308
Алатау	309
Ұста дүкенінде	310
Адамдар	311
Толғау	312
Қазақстан	316
“Өмірдегі өз орнымды тапсам”	—
Қыз-Баян	317
Мәншүк оқыған мектепте	319
Наурыз нақыштары	320
Түлегіміз дәуірдің	350
Қос тағдыр	325
“Жарқын жаздың таңы арайлап”	326
Алатау асқары	327
Көп түйткіл	328
Аруақтарға табыну	329
Қазақстан Жазушылар одағы	330
Қайын жұрт	331
Досым ең	332
Күміс той	333

Өкім ЖАЙЛАУОВ

ӨЛЕҢМЕН ӨТКЕН ӨМІРІМ

Редакторы *Өлсейіт Оспанов*
Қате түзеуші *Гүлраушан Көшкінова*
Көркемдеуші редакторы *Айгүл Сатыбалдинова*
Техникалық сарапшы *Нұркен Сүйеубекұлы*

Басуға 23. 02. 2017 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84×102 ¹/₃₂. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі “ММ Peterburg”. Көлемі 18,0 баспа табақ.
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 2267.

«Қазақпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

